

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО  
ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER  
TRAINING UNIVERSITY**

**№6 (60) 2015**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАБАРШЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ВЕСТНИК  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY  
BULLETIN  
SCIENTIFIC JOURNAL

№6 (60)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

**Бас редактор**

Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

**Бас редактордың орынбасары**

Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

**Редакциялық алқа**

Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)

Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)

Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)

Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор

Сәтімбеков Р.С. - профессор

Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.

Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).

Лазерев В.А. – п.ғ.д, профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).

Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).

Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор

Құлбек М.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор

Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор

Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)

Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)

Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)

Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор

Қансейітова Ұ.Р. – п.ғ.к.

Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)

Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)

Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)

Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)

Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)

Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)  
Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)  
Аймағамбетова Қ.А.–п.ғ.д., профессор  
Бапаева М.К. – п.ғ.к., доцент  
Сұлтанова Р. – Азияттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)  
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)  
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор  
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).

#### **Редакциялық кеңес**

Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.  
Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.  
Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент  
Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент  
Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент  
Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор  
Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д, профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).  
Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор  
Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).  
Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).  
Файзуллаев А.А. – п .ғ.д, қауым.профессор  
Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор  
Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор  
Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор  
Ержанова С.Б. – ф.ғ.д., профессор м.а.  
Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент  
Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент  
Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент  
Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.  
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент  
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор  
Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент  
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент  
Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент  
Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.  
Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор  
Шаталина В.В.-п.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)  
Шеръязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор  
Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент  
Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент  
Бейсенова Ж.Ж.– п.ғ.к., аға оқытушы  
Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент  
Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор  
Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)  
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент

**Жауапты редактор**-Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.

**Редакторлар** Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева,  
А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.

**Корректор** Сүйіндікова С.Ж., Түбітбаева Ж.Х.

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – TABLE OF CONTENTS

### ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

<i>Байташева Г.Ө., Мусина А.С., Иманова Э.М., Шәрәпи М.</i> ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ДӘРІСТІ ӨТКІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	5
<i>Жексембиев Р.К., Дигарбаева А.М., Секерова Т.М., Копжасар М.М.</i> БИОЛОГИЧЕСКАЯ ОСОБЕННОСТЬ И ПРОДУКТИВНОСТЬ ЛЮЦЕРНЫ В УСЛОВИЯХ КАЗАХСТАНА.....	12
<i>Матаев М.М., Абдраймова М.Р., Батырбекова Ж.Д.</i> ХИМИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ӨҢДЕЛГЕН РАДИАЦИЯҒА ТӨЗІМДІ САЗ.....	17
<i>Шалғынбаева И.Б., Тулегенов Е.А.</i> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТӨЛЕМДЕР ЖҮЙЕСІ.....	21

### ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА

### PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTERSCIENCE

<i>Бекболғанова А.Қ., Бекболғанов Е.Ж.</i> ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОЙЛАУДЫҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ МЕН «ИНЖЕНЕРЛІК ОЙЛАУ» ҰҒЫМЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....	25
<i>Исаева Г.Б., Акимбекова Б.М.</i> МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ СЕТЕВЫМ ТЕХНОЛОГИЯМ.....	29
<i>Шақарбекқызы А., Маханбетова С.Е., Айдарбекова А.</i> АУА МОЛЕКУЛАЛАРЫНЫҢ ОРТА ЕРКІН ЖОЛ ҰЗЫНДЫҒЫН ЖӘНЕ ЭФФЕКТИВТІ ДИАМЕТРІН АНЫҚТАУ.....	34

### ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

<i>Манапова Г.К.</i> РОЛЬ ИНТЕНСИВНОЙ МЕТОДИКИ В СИСТЕМЕ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ.....	37
<i>Нұрланбекова Е.Қ., Науанова Г.Н.</i> ЖАҢА ҚОҒАМДАҒЫ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУ ФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	40
<i>Фарук Чолак, Ертаева П.К.</i> ЕМДЕУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ ТЫБЫКА ҰСТАУ ӘДІСІНІҢ МӘДЕНИ НЕГІЗІ (ШЫҒУ ТЕГІ).....	44

### ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО

### HISTORY, ECONOMY AND LAW

<i>Игиснинова А.С.</i> ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҢ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МЕДИАБІЛІМНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	49
<i>Кожакеева Л.Т.</i> СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ГОРОДСКОГО НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА.....	52
<i>Таңжаров М., Ақсериков Ғ.</i> СПОРТТАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ КӨРІНІСІ.....	56
<i>Шаймарданова Р.</i> АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСТАНСКОЙ ФОНДОВОЙ БИРЖИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ.....	61

### ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY - PSYCHOLOGY

<i>Икрамова А.Ш.</i> ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	68
<i>Исхакова Э.В., Ахмедова А.М.</i> ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ОБЩЕНИЯ И ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ НА ЭТАПЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ.....	73
<i>Исхакова Э.В., Бегасилова А.</i> ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕССА «КОУЧИНГ» В РАБОТЕ С ПЕРСОНАЛОМ СФЕРЫ ОБРАЗОВАНИЯ.....	78
<i>Қарсыбаева Н.Б.</i> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ.....	83

### ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА - ART AND CULTURE

<i>Қырқынбекова Б.Т., Қырқынбекова С.Т.</i> ҚАЗАҚ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІНДЕГІ ҚЫЗ БАЛА ӨШЕКЕЙІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	87
<i>Мұқанова А.Б.</i> ҚАЙТА ОРАЛҒАН ХАЛЫҚ МҰРАСЫ.....	90
<i>Намазова К.Б.</i> НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИЗВЕСТНОГО ИССЛЕДОВАТЕЛЯ АХМЕТА КУАНОВИЧА ЖУБАНОВА.....	94

ӘОЖ 376.72: 373.5

## ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ДӘРІСТІ ӨТКІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

*Г.Ө. Байташева, а.ш.ғ.к., доцент,  
А.С. Мусина, т.ғ.д.профессор  
Э.М. Иманова, а.ш.ғ.к.,  
М. Шәрәпи, 3 курс студенті  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада интербелсенді әдістерді пайдаланып, дәріс өткізу қарастырылған. Ізденуші студенттерге дәстүрлі дәрістердің орнына инновациялық технологияларды пайдаланып, интербелсенді әдістерді өткізу тиімді екендігіне «Қазақстанның өсімдіктер әлемі» тақырыбындағы дәріс арқылы мысал келтіреміз.

**Түйін сөздер:** Ізденуші, шөл, өсімдік, флора, үстірт, субтропик, тау, шөлейт, жасыл ел, интербелсенді, ойын, инновация, технология.

Қазіргі таңда мәңгілік елге бастама алған нұрлы жол бағытында келе жатқан еліміздің болашағы – жастар. Әдетте бәсекеге қабілетті, дамыған елдерде жастардың алғыр бөлігі – студенттер. Студент деген сөздің этимологиясына үңілсек, ана тілімізде «ізденуші», «ынталы» деген мағына береді. Ал енді осы «ізденуші», «ынталы» ұғымдарын шығармашылықтан бөліп қарауға бола ма? 70 жылдық тарихы бар университетімізде студенттердің шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында көптеген іс-шаралар атқарылуда. Жыл сайын университет көлемінде ғылыми шығармашылық жұмыстарының нәтижесін талқылау мақсатында дәстүрлі студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы, салауатты өмір салтын ұстануға арналған спартакиада өткізіледі. Студенттердің білім алуға деген қызығушылығын арттыру мәселелерінің бір жағы қазіргі таңда олардың бір сырынды дәстүрлі дәрістерден гөрі жаңа заманғы инновациялық технологияларды пайдаланып, пәнге деген ынтасын арттыру өзекті мәселе болып отыр, себебі қазіргі таңда, студенттер үшін дәрістер «UNIVER» жүйесіне тіркелген, олар оны алдын ала оқып алып, қызығушылығы тысқары қалып отыр. Сондықтан «UNIVER» жүйесінде берілген материалға қосымша мәліметтерді дәріс барысында әртүрлі ойындар арқылы беру өмір талабы. Өйткені студенттер қазіргі таңда пәнді де, тьюторды да таңдап отырады. Ал тьютор өз пәнін заман талабына сай өткізуі қажет. Сабақ барысын игеруде, дәрісте сондай-ақ СӨЖ, ОБСӨЖ және практикалық сабақтарда тапсырма беру барысында әдебиеттерге жасалған сілтеме нақты бетіне дейін көрсетілуі қажет. Студенттердің ізденуіне жан-жақты жол сілтеуші тьютор тапсырманы бергенде көшіре алмайтындай етіп беруі қажет. Сонда ғана студенттердің шығармашылық қабілеті арта түседі. Біз өткізген дәріске көз жүгіртсек:

*Дәріс тақырыбы:* Қазақстанның өсімдіктер әлемі.

*SMART мақсаты:* Бүгінгі дәріс барысында студенттерге интербелсенді әдісті пайдалана отырып, Қазақстандағы өсімдіктер туралы кең көлемде мағлұмат беру.

*Қажетті құрал-жабдықтар:* интерактивті такта, флипчарт, видео-ролик, жаңа оқулықтар.

Дәрістің жүру барысы

- I. Жаңа сабақты игеру кезеңі
- II. Сергіту сәті «Ойын-жұмбақтар»
- III. «Ой қозғау»
- IV. «Ойлан, тап!»
- V. «Адасқан әріптер»
- VI. Бекіту


## VII. Қорытындылау

## VIII. Үй тапсырмасы

I. Жаңа білімді игеру кезеңі. Бүгінгі біздің жаңа дәрісіміздің тақырыбы: «Қазақстанның өсімдіктер әлемі».

Дәріс жоспары:

1. Өсімдіктер дүниесі
2. Дала, шөл және таулы аймақ өсімдіктері
3. Өсімдіктер экологиясы



Қазақстан микрофлорасының (саңырауқұлақтар) құрамындағы түрлердің 4,8% эндемик болып табылады. Жоғары сатыдағы өсімдіктердің түр байлығы, интродукцияланған, мәдени дақылдар мен кездейсоқ әкелінген 500-ден аса түрлерді қоспағанда, 161 тұқымдасқа, 1120 туысқа жататын 6100-ге жуық түрден тұрады. Оның ішіндегі 730 түр тек Қазақстанда өсетін – эндемиктер. Бұлардың ішіндегі ең ерекше 12 монотипті туыс бар: физандра, рафидофитон, жалған шөлмасақ, жалған шандра, боченцевия, канкриниелла, тобылғыгүл, птеригостемон, пастернаковник, тоғайя, недзвецкия, шолақтауия. Қазақстан флорасындағы түрлердің басым бөлігі 15 тұқымдасқа топтасқан. Алғашқы құрлықтық өсімдіктердің қалдықтары Оңтүстік Балқаш өңірі мен Бұрынтауда жоғарғы ордовиктік қатпарлардан табылған. Олар плаун тәрізділерге жататын *Akdalophyton sagadoski* пен қырықбуынға жататын – *Sarituma tatjanae*. Бұлар шамамен 450 млн. жыл бұрын тіршілік еткен.

Өсімдіктердің Қазақстан жерінде таралуы, түрлер мен эндемиктердің топтасуы, табиғи аймақтар мен таулық белдеулерде әртүрлі. Республиканың осыншама бай өсімдіктер дүниесі түрлердің биологиялық, экологиялық, эволюциялық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі бірлестіктер мен қауымдастықтарда жүйеленген.

Қазақстан өсімдіктері жамылғысының қалыптаса бастауы аумағының негізгі бөлігін су басып жатқан кезден, бор дәуірінің аяғы мен палеоген дәуірінің бас кезінен басталады. Палеогенде бүкіл *Тұран ойпатын* теңіз басып жатқан. Ол Торғай бұғазы арқылы Батыс Сібір теңізімен жалғасқан. Теңіз *Қазақстанға* қараған құрлықты екіге бөлген. Торғай бұғазынан шығыста *Алтай*, *Сарыарқа* аймақтарында, негізінен жалпақ жапырақтылары мен мәңгі жасыл қылқан жапырақты өсімдік түрлері (ангара флорасы) тараған.

Ал Торғай бұғазынан батысқа қарай (*Мұғалжар*, *Жалпы Сырт*, *Жем үстірті*) мәңгі жасыл субтропиктік түрлер (полтава флорасы) дамыған. Неогенде Торғай бұғазының суы тартылып, құрғағаннан кейін екі жағы қосылған. Осы кезде полтава флорасы шығысқа қарай тарап, Жайсан көліне дейін жеткен. Керісінше, шығыста өскен өсімдіктер батысқа ауысқан. Соның нәтижесінде Қазақстанда торғай флорасы деп аталатын өсімдік түрлері қалыптасқан. Оған платан, грек жаңғағы, емен, шамшат, терек, т.б. жатады. Теңіздің шегініп, құрлық көлемінің ұлғаюы арта бастаған кезден (палеоген дәуірінен) бастап, *Иран* арқылы *Африка*

флорасы кірген. Олардың ішінде эфемерлі өсімдіктер, жоңышқа, қараған бұталары мен ағаштардың кейбір түрлері болған.

Рафидофитон




Канкриниелла



Жалған шандра



Недзвецкия



Палеоген дәуірінің алғашқы жартысында жазық ойпаңдарды теңіз басып жатқан тұста, оның жағалауындағы қыраттар мен тауларға субтропиктік жалпақ жапырақты ормандар тараған. Палеоген дәуірінің екінші жартысында, теңіз суы тартылып, құрғап, орнына осы күнгі ірілі-ұсақты көлдер пайда болған. Неоген дәуірінде климат суып, таулы аудандарды мұз басқан кезде жылу сүйгіш өсімдіктер жойылып кетіп, қазіргі орман типтері қалыптасқан, грек жаңғағы, өрік, алма сияқты өсімдіктер сақталып қалған. Сібір жақтан ауысып, арктикалық, альпілік өсімдіктер тараған. Қазақстанның осы күнгі өсімдіктер жамылғысы осылай біртіндеп ұзақ кезеңді басынан өткізіп қалыптасқан. Қазіргі өсімдіктердің қалыптасуына жергілікті өсімдіктермен қоса сырттан келген түрлер де едәуір әсер еткен.

Солтүстіктен оңтүстікке дейін 1600 км-ге созылып жатқан Қазақстанның кең жазиралы жазығында дала мен шөл өсімдіктері басым. Шөлді аймақтарда (*Сарыесік Атырау, Мойынқұм, Бетпақдала, т.б.*) *сексеуіл*, өзендер бойында *жыңғыл, жиде, тораңғы тоғайлары* кездеседі.

Өсімдігі жағынан бай өлке Қазақстанның таулы аймақтары болып саналады. Әсіресе, Батыс *Тянь-Шаньда* Орта Азия мен *Жерорта теңізінің* бай флорасы сақталған. Онда палеоген дәуірінен қалған *грек жаңғағы, платан, бадам, түркістан үйеңкісі, алмұрт* және т.б. түрлері кездеседі. *Сырдария-Қаратау* флорасы бұдан да бай. Онда 1000-нан асатын өсімдік түрі, оның 150 түрі тек осы ауданға ғана тән, басқа жерде ұшыраспайтын өсімдіктер. Тянь-Шаньның, Алтайдың, Жетісу Алатауының тау беткейлерінде қылқан жапырақты ормандар таралған. Оларда *шыршалардан, май қарағай, бал қарағай, самырсын түрлері* өседі. Биік таулы белдеу шымды-шалғынды, бұталы шалғынды болып келеді. Тау алды мен аласа таулы белдеулерде дала зонасына тән өсімдіктер өседі. Алтайдың таулы даласында *итмұрын, долана, бөріжидек* бұталары мол. Жетісу Алатауы мен Тянь-Шань тау жүйесінің тау алды жазықтары шөлге ұқсайды. Оларда эфемерлер мен эфемер тәріздес өсімдіктер (*қияқөлең, қоңырбас, көкнәр, қызғалдақ* және т.б.) кең тараған. Аласа таулы белдеулер теректі, қайыңды, жабайы ағашты, алма, өрікті, доланалы ормандардан тұрады [1, 2].

*Дала, шөл және таулы аймақ өсімдіктері.* Қазақстанның жазық бөлігі орманды далалық, дала, шөлейт және шөл белдемдеріне (аймақтарға) ажыратылады. Орманды далалық аймақ – республика жер аумағының 2,04% алып жатыр, Көкшетау мен Петропавл қаларының маңында орналасқан. Орман түзуші түрлер: жылауық қайың, талдың бірнеше түрлері, бұталардан: итмұрын, тобылғы, далалық шиіе т.б. бар. Бұл белдемнің шалғындық және далалық телімдерінде алуан түрлі шөптесін өсімдіктер мен астық тұқымдас шөптер басымдылық ететін қауымдастықтар таралған. Бұл аймақ 2 белдемге бөлінеді: 1) оңтүстік ылғалы аз қоңыржай жылы орманды дала белдемі – сұр ормандық топырақта қайыңды-теректі, теректі ормандар, ал қара топырақта шалғынды-далалық экожүйелер орналасқан; 2)

қоңыржай құрғақ шоқталған орманды дала белдемі – қайыңды-теректі шоқ ормандар мен қара топырақтағы алуан-түрлі және астық тұқымдасты шөптесін өсімдікті далалық экожүйелер таралған. Далалық аймақ еліміздің жер аумағының 28%-ын алып жатыр, аумағы 110,2 млн. га, батыстан (Еділ-Жайық өзендері аралығынан) шығысқа қарай (Алтай-Тарбағатай тау бөктері) 2500 км-ге созылып жатыр. Далалық флораның құрамында 2000-нан астам түр бар деп шамаланады. Оның 175 – эндемиктер. Негізгі басым түрлер: қау (боз), сонымен қатар бетеге, тобылғы, қарағай, аласа бадам. Далалық аймақ 3 белдемге бөлінеді: 1) қоңыржай-құрғақ және құрғақ дала; кәдімгі және онт. қара топырақтағы алуан түрлі шөптесін – бозды белдем; 2) қоңыржай-құрғақ және жылы-құрғақ белдем-күңгірт қара-қоңыр және қара-қоңыр топырақтардағы бетегелі-бозды дала; 3) шөлейт құрғақ, қоңыржай ыстық белдем – ашық қара қоңыр топырақтағы жусанды-бозды дала. Шөлді аймақ – жалпы аумағы 124,6 млн. га. Өзіне тән өсімдік жамылғысы алуан түрлі, 2500 – 2800 түр бар, олардың ішінде 200 – 215 түрі – эндемиктер. Шөлді аймақ 5 белдемге ажыратылады: 1) солтүстік далалы жердегі құрғақ, қоңыржай-ыстық шөлдер – аумағы 40 млн. га., немесе еліміздің жер аумағының 14,7%-ы. Өсімдік жамылғысы астық-тұқымдасты – жартылай бұталы (боз, еркекшөпті-жусанды) шөлдер мен құмдақ-бұталы (жүзгін-раң-шағыржусан-еркекшөпті) шөлдер тарайды; 2) орталық (солтүстік тұрандық) өте құрғақ, ыстық шөлдер – аумағы 51,2 млн. га, немесе республика жерінің 18,9%-ын алып жатыр. Бұл жерлерде жартылай бұталы (жусанды, бұйырғынды, изенді), сексеуілді, бұталы (қоянжын-жүзгінді) өсімдік жамылғысы дамыған; 3) оңтүстіктегі өте құрғақ, ыстық шөлдер – аум. 30,3 млн. га, немесе Қазақстанның 11,1%-ын алып жатыр. Бұл жерлерге эфемероидты – жартылай бұталы (сұр-жусанды, эфемерлі), ал дөң және тізбектелген аллювийлі – эолды құмдарда бұталы-сексеуілді-эфемероидты (сексеуіл-қоянжын-жүзгінді) өсімдік жамылғылары тән; 4) тау етегіндегі құрғақ, өте ыстық шөлдер – аумағы 3,2 млн. га немесе Қазақстанның 1,2%-ы. Негізінен эфемероидты ірі шөптесін-жартылай бұталы өсімдіктер өседі; 5) тау етегіндегі өте құрғақ шөлдер – аумағы 11,6 млн. га, немесе республиканың 4,3%-ын алып жатыр. Эфемероидты-псаммофиттік бұталы өсімдік жамылғысы тән. Қазақстанның таулы экожүйелерінің аумағы 18,6 млн. га, яғни республика жерінің 7%-ы. Бұл ретте есепке алынып отырғаны 4 – 5 биіктік белдеулі биік таулар ғана. Таулы экожүйелердің флорасын 3400 – 3600 түр құрайды деп шамаланады. Оның ішінде 540 – 570 түр эндемик болып табылады. Тек Қаратаудың флорасында 165 – 170 эндемик түрлер бар. Олардың ішінде, шыршалы (шренктік шырша, сібірлік шырша); май қарағайлы, самырсынды (сібірлік самырсын, сібірлік майқарағай); қылқан жапырақты ормандарды; алмалы (Сиверс алмасы, қырғыз алмасы), өрікті (кәдімгі өрік), қайыңды-теректі (түкті қайың, көк терек) – жапырақты ағаш ормандарды атап өтуге болады. Таулы экожүйелерде итмұрын мен бөріқарақаттың (зеректін), аршаның, қылшаның, бетегенің, сарыкүйік қауымдастықтары да кең тараған. Қазақстанның табиғи флорасы – пайдалы өсімдіктердің қайнар көзі. Мұнда жем-шөптік өсімдіктердің 700-ден астам түрі, дәрілік өсімдіктердің 400-ге жуық, әсемдік-безендірушілік 700 – 800, ширнелік (300-ден астам), эфир-майлық (450-ге жуық), улы-зиянды (250-ден астам) өсімдіктер түрлері бар.

*II. Сергіту сәті «Ойын-жұмбақтар». Жұмбақтың шешімін тауып, оны орыс, ағылшын тілінде айту.*

Жаздай інге тығылып,  
Жатқан қызыл түлкіні,  
Құйрығынан суырып,  
Әкелді әжем бір күні.

(сәбіз, морковь, carrots)

Бұл не деген көп киім,  
Жетпіс қабат көк киім?  
Үй ішінен табасың.  
Тамаққа да саласың.

(қырыққабат, капуста, cabbage)

*1-тапсырма\*видео*

Сусыз піскен ас көрдім,  
 Домаланған бас көрдім.  
 (қауын, дыня, melon)  
 Аласа ғана бойы бар,  
 Тоғыз қабат тоны бар.

(сарымсақ, чеснок, girlic)

*Өсімдіктер экологиясы.* Жер шарында өсімдіктердің 500 млн. астам түрі бар. Жыл сайын ғылыми-лабораторияларда олардың бірнеше жаңа түрлерін өсіріп шығарады. Өсімдік – жер шарының «өкпесі» деп бекер айтылмаған. Тіршілік атаулыны өсімдіксіз елестетуге болмайды. Жер шарында өсімдіктер жамылғысы біркелкі тарамған. Қазақстанда орман қоры 21,8 млн. га жерді алып жатыр. Яғни, республикамыздың барлық жерінің 3,35 %-ын құрайды. Біздің еліміздегі ормандар жүйесі негізінен Солтүстік және Шығыс аймақтарда шоғырланған. Ормандардың бірнеше типтері бар. Қазақстанда орманға қарағанда табиғи жайылымдар басым. Өсімдіктің біздің жерімізде 57000 түрі өседі. Оның 506 түрі қорғауды қажет етіп отыр. Жойылып бара жатқан өсімдіктерді сақтап қалу мақсатымен 1981 жылы Қызыл кітап шығарылды. Оның мақсаты – құрып бара жатқан өсімдіктерді есепке алып, оларды сақтап қалу. Ол үшін көптеген мемлекеттік шаралар жүргізіледі. Солардың бірі – сиреп бара жатқан өсімдіктер мен жерлерді адам қамқорлығына алып, қорықтар ұйымдастыру. Қорық ұйымдастыру ісіне біздің республикамызда соңғы жылдары көп көңіл бөліне бастады. Қазірдің өзінде 10 мемлекеттік қорық, 5 ұлттық парк, 17 ботаникалық, 40 зоологиялық, 2 ботаникалық- геологиялық қорыққорлар құрылған. Көптеген аймақтарда жастардың белсенділігін арттыру мақсатымен «Жас орманшылар», «Жасыл патрульшілер», «Жас экологтар», «Жас натуралистер» атты үйірмелер ұйымдастырылған. Олар – еліміздің орман шаруашылығының белді көмекшілері. Сирек және дәрілік өсімдіктерді де қорғау баршаның ісі. Біздің жеріміз дәрілік өсімдіктерге өте бай. Орманды қорғаудың ең маңызды бағыты – жасанды жолмен орман қорын көбейту. Жыл сайын орман шаруашылығы мыңдаған түп ағаштар отырғызады. Осылайша ормандарды қалпына келтіру жүзеге асады. Орманды қорғау мен қалпына келтіру шараларына жастардың араласуы керек [3]. Орманды жерге саяхат жасағандағы ең қауіпті нәрсе – өрт. Жыл сайын адамдардың ағаттығынан мыңдаған гектар ормандар, тоғайлар өрт құшағына оранды. Сондықтан орман ережелерін сақтау – баршаның міндеті. Орманның өрттен басқа да жаулары бар. Олар – орман зиянкестері – кемірушілер, ұсақ жәндіктер, өсімдік аурулары, паразиттер, саңырауқұлақтар мен вирустар. Зиянкестердің кесірінен құрылыс материалдары үшін дайындалатын ағаштардың 45% сапасыз болып шығады. Кейбір жылдары жүздеген гектар ормандардағы зиянкестермен үзбей күресуге тура келеді. Олар химиялық биологиялық күрес жолдарымен жүзеге асады. Химиялық күресте химиялық заттарды қолдану тәртібін қатаң сақтау қоршаған орта мен барлық тірі организмдер үшін ұқыптылықты қажет ететіндігін қарастырған. Өсімдіктер экологиясы атты видео-ролик көрсетіледі.

*III. «Ой қозғау».* Студенттерді 2 топқа бөліп аламыз.

1-ші топқа «Өсімдіктің адам өміріндегі пайдасы»

2-ші топқа «Өсімдіктің жануар өміріндегі пайдасы» туралы өз ойларын қағаз бетіне түсіру.

*2 тапсырма\**

*IV. «Ойлан, тап!»* Бұл тапсырмада студенттерге әртүрлі, яғни біржылдық, екіжылдық және көпжылдық өсімдіктер суреттері беріледі. Қай өсімдік қандай топқа жататынын анықтап, дұрыс жауабын табу міндеттелінеді.

*Өсімдік түрлері:* сәбіз, жоңышқа, бидай, орамжапырақ, бақ-бақ, күнбағыс (суреттері беріледі).



1. Біржылдық;
2. Екіжылдық;
3. Көпжылдық;

(біржылдық: бидай, күнбағыс, екі жылдық: орамжапырақ, сәбіз, көпжылдық: жоңышқа, бақ-бақ)

*3-тапсырма\**

V. «Адасқан әріптер»

*«Жасыл желек – жердің сәні саялы,*

*Қамқор болсаң жапырағын жаяды.*

*Мейіріммен жылуын арна жүректің ,*

*Соған қоса, алақан керек аялы»* деген өлең жолдарынан кейін сіздерді тапсырмамен таныстырып өтейін;

Ретсіз орналасқан әріптерден Қазақстанда өсетін эндемик өсімдік атауын құрау.

Якездинв – Недзвецкия,

Лоташиқяау – Шолақтауия,

Анкрилиланке – Канкриниелла,

Сәмшақал – Шөлмасак

*4-тапсырма\**

VI. *Бекіту.* Екі топқа екі тақырыпты бөліп беру арқылы осы тапсырма орындалынады.



**“Жасыл ел”**

*Сурет салу*



**“Табиғатты аялайық”**

*Эссе жазу*


*5-тапсырма\**

VII. *Қорытындылау.*

VIII. Ойын. Табиғаттан нені үйрендім? Тақтада бейнелеу.

- Мен күннен мейірімділікті үйрендім (күнді салу);
- Мен судан тазалықты үйрендім (суды салу);
- Мен әдемі гүлдерден нәзік болуды үйрендім (гүлді салу);
- Мен ағаштан мықты, төзімді болуды үйрендім (ағаштың суреті);
- Мен табиғаттан қайырымдылықты үйрендім (құсты бейнелеу);

- Мен табиғатты қорғауды үйрендім (шөпті бейнелеу және әр студент «Табиғатты өзім қорғауға қандай үлесімді қоса аламын» деген оймен сурет салу);
- Міне студенттер, білімдеріңмен еліміздің бірнеше жерлерін гүлдендірдіңдер.



IX. Үй тапсырмасы (СӨЖ)



## “Егер табиғатқа тіл бітсе ...”

Эссе жазу

Мен бүгінгі дәрісімізді мынадай өлең шумағымен аяқтағым келіп отыр:  
«Жайқалса жасыл желек жапырағың,  
Ажарланып кетеді-ау атырабым.  
Табиғаттың осындай сұлулығын,  
Сақтауға барша жанды шақырамын».

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гартунг Т.А. Развитие креативности подростков средствами дисциплин гуманитарного цикла. Автореф... дис.к.пед.н. – Тюмень, 2008. – С. 23.
2. Қазақстанның физикалық географиясы. – Алматы: Атамұра, 2008.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ.Құсайынов. – Алматы: Мектеп ЖАҚ, 2002. – 456 б.
4. Байташева Г.Ө. Экологиялық білім беру мен дүниетаным. 2013. – Б.119.

### РЕЗЮМЕ

*Байташева Г.О., к.с/х.н., доцент, Мусина А.С., д.т.н., профессор,  
Иманова Э.М., к.с/х.н., Шарани М., студент 3 курса  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ИНТЕНСИВНЫЕ МЕТОДЫ ПРОВЕДЕНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ ЛЕКЦИИ

Умение студента использовать интерактивные методы в образовании в соответствии с компетенцией специальности это самое важное качество будущего учителя. В данной работе

рассмотрены системное внедрение технологий критического мышления в дисциплину, а также пути внедрения интерактивных методов лекции в соответствии предметного уровня.

**Ключевые слова:** Соискатель, пустыня, растения, флора, субтропик, горы, интерактивный, игра, инновация, технология.

## SUMMARY

*G.U. Baytasheva, candidate of agricultural sciences, associate professor,  
A.S. Musina, doctor of technical sciences, professor,  
E.M. Imanova, candidate of agricultural sciences,  
M. Sharapi, student of 3<sup>rd</sup> course (Ecology)  
(Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## BARGAIN LINE INTERACTIVE LESSONS

The ability of creativity to Educate students to sharpen detail they constantly invite activity is. Very subject technology thinking on the degree of systemic vnesenie. Rassmatrival line method of using interactive methods during the lesson.

**Keywords:** Soyskatel, desert, plants, flora, subtropic, mountains, interactive, game, innovation, technology.

УДК 633: 631.527

## БИОЛОГИЧЕСКАЯ ОСОБЕННОСТЬ И ПРОДУКТИВНОСТЬ ЛЮЦЕРНЫ В УСЛОВИЯХ КАЗАХСТАНА

*Р.К. Жексембиев, к.б.н., профессор  
А.М. Дигарбаева, магистр биологии  
Т.М. Секерова, магистр биологии  
М.М. Копжасар, магистр биологии  
(г. Алматы, Казахский государственный  
женский педагогический университет)*

**Аннотация:** В статье излагается решение проблемы кормового белка посредством приемов активизации летней деятельности пчел-опылителей в опытах с люцерной, а также приведена адаптивная технология возделывания способствующие повышению кормовой и семенной продуктивности данной культуры.

**Ключевые слова:** люцерна, орошаемое земледелие, плодородия почвы, посев, биологический азот, технология, азотфиксирующая деятельность люцерны, калий, кальций, фтор, углеводы, белки, жирные кислоты, эфирные масла, пектины, сапонины, растительные стероиды, ферменты, хлорофилл, алкалоиды и каротин, протеин, симбиотический эффект, биологизация земледелия, урожай семян, укос, энтоморфность, самофертильность, бобообразование.

Люцерне присущи уникальные биологические свойства, а именно многолетность, многоукосность, способность фиксировать биологический азот, отзывчивость на орошение, высокая продуктивность биологической массы и белковость сбалансированным аминокислотным составом. Листья и плоды люцерны содержат минеральные элементы (калий, кальций, фтор и др.), различные углеводы, белки, жирные кислоты, эфирные масла, пектины, сапонины, растительные стероиды, ферменты, хлорофилл, алкалоиды и каротин. Люцерна наиболее популярное и универсальное растение, она способна продуцировать

протеин до 3 т/га и является источником самых разнообразных кормов: зеленая масса, сухое сено, сенаж, витаминно-травяная мука.

Решение проблемы кормового белка в условиях кризисного состояния агропромышленной сферы остается важнейшим приоритетом прикладной науки и практики. До тех пор, пока не решена проблема белка в животноводстве, ежегодно будет теряться большое количество продукции только из-за необеспеченности кормов протеином. Решение этого вопроса возможно при возделывании бобовых культур. Одна из них – люцерна. Наряду с универсальным достоинством, люцерна имеет огромное экологическое значение с фитомелиоративными и симбиотическими эффектами, что оказывает положительное влияние на структурообразование в почве [3].

Реализация поручений главы государства Н.А.Назарбаева о доведении объема экспорта мяса до 60 тыс. тонн и дальнейшая интенсификация животноводства определяет приоритетность развития животноводства на основе увеличения производства всех видов кормов и улучшения их качества. В первую очередь, актуально развитие полевого кормопроизводства.

Одним из факторов стабилизации кормопроизводства и биологизации земледелия является расширение посевов люцерны. Она по сравнению с другими кормовыми культурами низко затратная, более полно использует влагу и питательные элементы в течение всего года на формирование урожая. Здесь важно увеличение посевных площадей кормовых культур в севооборотах до 30% с преимущественным размещением люцерны на орошаемых землях для обеспечения гарантированности производства.

Увеличение площади растений люцерны дает возможность повышения плодородия почвы и урожайности других культур за счет ее экологических эффектов как предшественник. Включение в севооборот люцерны способствует окультуриванию пахотного слоя, улучшает азотный режим почвы за счет растительных остатков и накопленного в них из воздуха фиксированного азота, защищает почву от действия водной и ветровой эрозии.

Адаптивный потенциал люцерны к биотическим и абиотическим факторам, по сравнению с другими культурами, достаточно высок. Поэтому технология возделывания ее на кормовые цели не сложная, при соблюдении технологии можно получать на юге 4-6 укосов, юго-востоке 3-4, а на севере Казахстана 1-2 укоса, с урожайностью и режимом соответственно до 180-200 ц 100-140 ц и 35-50 ц с 1 га. [4].

В последние годы семеноводство люцерны в республике было практически разрушено. В настоящее время производится недостаточное количество семян люцерны. В связи с этим возникает необходимость поиска научно-обоснованных путей производства высококлассных семян специализации хозяйства. В связи со сложившейся ситуацией встает вопрос о необходимости увеличения семенной продуктивности страховой культуры-люцерны, а также применения адаптивной технологии ее возделывания с учетом биоклиматических ресурсов зоны. Для обеспечения устойчивых урожаев семян люцерны нужно, помимо выполнения технологических приемов, обеспечивать семенные травостой с достаточным количеством насекомых-опылителей. В естественных условиях цветки люцерны опыляют дикие пчелы и шмели. Потенциальные возможности семенной продуктивности люцерны довольно значительны. В изученной нами литературе имеются данные о потенциальных возможностях формирования урожайности семян у люцерны (1,2, Можаяев, Н.М. Терещенко). В условиях Северного Казахстана при орошении была достигнута урожайность до 3,0-4,8 ц/га (2).

Во Франции получают до 8 ц/га (Eduardo-Daniel Bolanos-Aguiar. 2002). В США, урожай семян по стране в среднем составляет 2-3 ц/га, в отдельных случаях до 6-8 ц/га. В свое время (1944 г.) был зарегистрирован факт рекордного получения урожая семян люцерны в условиях Средней Азии – 11 ц/га [3].

В Казахстане имело место получения урожая семян – 7,3 ц/га в широкорядных посевах с орошением в предгорной зоне Заилийского Алатау. Однако во многих современных хозяйствах получают урожай значительно меньше. Большинство ученых полагают, что

уровень семенной продуктивности люцерны зависит главным образом от степени опыления цветков. Фактическая урожайность семян люцерны остается низкой, средняя урожайность во многих странах, в том числе и у Казахстана, не превышает 1-2 ц/га.

Такой большой разрыв между фактическим и теоретическим возможным урожаем складывается из-за того, что величина семенной продуктивности подвержена влиянию большого количества факторов. Основным из них является недостаток или наоборот, избыток влаги в почве, отсутствие достаточного количества опылителей, неблагоприятные погодные условия во время цветения люцерны, поражение болезнями и вредителями, нарушение обмена веществ от недостаточного или неполноценного корневого питания и другие. Как показывают экспериментальные данные КАЗНИИЗиР между опылением и урожаем семян существует положительная связь (коэффициент корреляции 0,85). При этом установлено, что цветки люцерны в основном опыляют не медоносные, а дикие пчелы. Экспериментальные исследования и практика показывают, что в силу ряда причин и, особенно неупорядоченного применения химических средств защиты растений, вызывающих ежегодно гибель десятков тысяч пчелиных семей и почти полное уничтожение диких насекомых-опылителей, опыление цветков не происходит. Однако наиболее часто нарушается или даже полностью исключается такое обязательное и важное условие, как перекрестное опыление цветков пчелами, которое невозможно заменить другими приемами технологии. Доказано, что энтомофильной (гр. Entomon насекомые + philia дружба, любовь т.е. приспособленность цветков растений к перекрестному опылению при посредстве насекомых) культуры люцерны без перекрестного опыления цветков насекомыми семена не завязываются или образуются в малом количестве, отличаясь низкой жизнеспособностью. В опытах многих авторов определено, что на 1 га нормально развитого травостоя образуется 500-800 млн., цветков, процент же завязывания семян незначителен. Потенциальную продуктивность рассчитывали с учетом количества бобов на растении, исходя из 100% бобообразования опыленных цветков и учитывая, что в каждом бобе формируется в среднем 7 (семь) полноценных семян [5].

Установлено, что при широкорядном посеве фактический, биологический и потенциальный урожай выше, чем при сплошном и составлял соответственно 2,8; 4,7 и 6,9 ц против 1,5; 2,4 и 3,6 ц/га. В обоих случаях фактически собранный урожай составлял 4,05-41,6% от потенциального и 59,2-63% от биологического. Основные причины недобора урожая – неудовлетворительное опыление и образование малого количества полноценных семян. Поэтому одна из главных задач в семеноводстве люцерны – увеличение численности насекомых – опылителей. Для активизации летней деятельности пчел в опытах, семенной травостой опрыскивали смесью борной кислоты с сахаром (1+10 кг/га), в фазе полного цветения люцерны до 83%, обсемененность соцветий в этом варианте на 8-10% выше, чем в варианте, где применялся только бор.

Большое практическое значение имеет усиление опылительной работы пчел и посредством внутриульевого подкормки пчел сахарным сиропом насыщенным ароматом цветков люцерны. В исследованиях также установлено, что скашивание отросшей после зимовки люцерны в фазе 5-6 междоузлий, усиливает рост новых цветочных стеблей, с более высокой продуктивностью. Активизация летней деятельности насекомых-опылителей с помощью подкормки цветущего травостоя люцерны борными удобрениями с сахаром, повышают биологический урожай на 21,2 г/см<sup>2</sup>, а ранний подкос растений в фазе 5-6 междоузлий увеличивает количество опылителей на единицу площади, а значит семенную продуктивность растений.

Изучение особенностей развития люцерны показало, что яровизация у нее проходит не в семенах, а в проростках, а при вегетативном возобновлении – в молодых побегах, образующихся из почек зоны кушения. Для прохождения яровизации не требуется пониженных температур, побеги люцерны развиваются по типу ярового растения, поэтому люцерна в первый же год жизни образует генеративные побеги, зацветает и может образовать семена. Семена можно получать с первого, также и со второго укосов. Для

прохождения генеративной фазы, нормального развития семян большое значение имеет режим влажности почвы. Наиболее благоприятные условия для семяобразования складываются, когда от отрастания до бутонизации влажность почвы держится около 60%, а затем последовательно снижается до 50-45%.

Большое значение для плодообразования люцерны имеет свойство израстания – отрастание новых побегов из почек коронки, когда на предыдущих стеблях еще не закончилось формирование и развитие генеративных органов. При появлении новых побегов наблюдается угнетение генеративных органов, опадение цветков, бобов и плохая выполненность семян. Это обусловлено, как правило, повышением влажности почвы до 70-80% при поливе или выпадении осадков в период цветения люцерны. В этот период в коронке и корнях имеется достаточный запас пластических веществ, сформированы почки. Повышение влажности и питания ведет к пробуждению и отрастанию новых побегов. В условиях орошения предупредить израстание семенной люцерны можно регулированием режима полива с учетом фазы развития. В условиях, где на семена можно использовать второй укос, своевременной уборкой первого укоса также можно предупредить израстание [1].

Важным показателем для анализа уровня семенной продуктивности при свободном цветении и опылении является наблюдаемое число опавших триппингованных цветков, которое может быть показателем визуально наблюдаемого уровня автогамного и гейтеногамного типов опыления с учетом того, что люцерна относится к видам с генетической системой самонесовместимости гаметофитного типа. У люцерны критическим этапом для семенной продуктивности является IX этап онтогенеза (цветение). По уровню опадения бутонов и цветков можно судить о степени соответствия внешних условий биологическим требованиям вида и сорта. Процесс опадения генеративных органов служит естественным регуляторным механизмом для нормального развития растений. В этот период происходят сложные процессы в генеративных органах растений, и поэтому люцерна наиболее восприимчива к воздействию внешней среды. Дождливая и пасмурная погода, сопровождающаяся пониженными температурами и высокой относительной влажностью воздуха, вызывает интенсивное израстание травостоя и массовое опадение цветков. Избыток воды в период массового цветения приводит к снижению содержания сахара и ароматических веществ в нектаре, в результате резко уменьшается посещаемость люцерны насекомыми. Чрезмерно высокая температура (выше 38°C) и низкая относительная влажность воздуха (20% и ниже) вызывают увядание цветков, деформацию пыльцевых зерен, осыпание генеративных органов.

Отрицательное значение для прохождения генеративной фазы и семяобразования люцерны имеет свойство отрастания новых побегов из почек коронки, когда еще не закончилось формирование и развитие семян. Это обычно связано с повышенной влажностью почвы до 70-80% при поливе или с выпадением осадков в период цветения, когда растение имеет большой запас питательных веществ. В условиях орошения, регулируя режим полива, можно предупредить израстание. Снижение влажности почвы в период от бутонизации до созревания семян, сдерживает вегетативный рост и отрастание новых побегов. При нормальном и обильном образовании бобов новые побеги обычно не образуются. В условиях, где на семена можно использовать второй укос своевременным первым укосом можно ограничить излишний для семенного растения вегетативный рост травостоя. Изучая возможности селекционно-генетического использования признаков самофертильности и автотриппинга в селекции люцерны на повышенную семенную продуктивность, установил, что отбор высокосамофертильных растений и популяциях будет способствовать значительному увеличению фертильности при свободном опылении. Установлено, что связь само и перекрестной фертильности с семенной продуктивностью у люцерны зависит от погодных условий. При хороших условиях для работы насекомых-опылителей на самофертильных растениях с семенной продуктивностью позитивно взаимосвязан показатель перекрестной фертильности, а при плохих условиях с

урожайностью семян более тесно связан показатель самофертильности. Семенная продуктивность у люцерны значительно варьирует как по сортам так и между растениями в сорте. Общеизвестно, что большинство растений люцерны снижает свою семенную продуктивность с ухудшением условий окружающей среды, но в тоже время встречаются растения, проявляющие относительную стабильность по семенной продуктивности. Поэтому создания наилучших условий для люцерны путем подбора генетически сильных сортов, применения передовой технологий и средств оптимальной химизации даст возможность поднять уровень семенной продуктивности.

Таким образом, уровень семенной продуктивности люцерны зависит главным образом от степени опыления цветков. Изучая возможности селекционно-генетического использования признаков самофертильности в селекции люцерны на повышенную семенную продуктивность, установлен, что отбор высокосамофертильных растений и популяций будет способствовать значительному увеличению фертильности при свободном опылении. Фактическая урожайность семян люцерны остается низкой, средняя урожайность во многих странах, в том числе и у Казахстана не превышает 1-2 ц/га, но при внедрении адаптивной технологии, сильных сортов и ряда научных разработок есть реальная возможность поднять уровень семенной продуктивности люцерны до 4-6 ц с 1 га.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Алманиязов А.А., Мейрманов Г.Т. Завязываемость бобов и семян при межсортных скрещиваниях люцерны. Вестник с.-х.н. – Алма-Ата. 1972. №11. – С. 27-30.
2. Алманиязов А.А. Биология цветения, опыления и оплодотворения люцерны в условиях Средней Азии: автореф. ... докт. биол. наук. – Ташкент, 1949. – С. 40.
3. Мейрманов Г.Т. Перспективы люцерны при скашивании на ранних фазах вегетации. Вестник с.-х. науки Казахстана. 1980. № 10. – С. 87-88.
4. Мейрманов Г.Т. Изменчивость популяций люцерны и использование ее в селекции синтетических сортов. Семеноводство, биологическая оценка селекционируемых кормовых растений, их использование в Казахстане: сб. науч. тр. КАЗНИИЛПХ. – Алма-Ата: ВО ВАСХНИЛ, 1983. – С.14-30.
5. Можаяев Н.И. Люцерна на корм и семена. –Алма-Ата: Кайнар, 1981. –127 с.

### ТҮЙІНДЕМЕ

*Жексембиев Р.К., б.г.к., профессор, Дигарбаева Ә.М., биология магистрі  
Секерова Т.М., биология магистрі, Көпжасар М.М., биология магистрі  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

### ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖОҢЫШҚАНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕШЕЛІГІ ЖӘНЕ ӨНІМДІЛІГІ

Мақалада жоңышқаның малазықтық және тұқым өнімділіктерін арттыру тәсілдеріне бейімделген технологияны қолдану арқылы қол жеткізілгендігі баяндалған.

**Түйін сөздер:** жоңышқа, суармалы жер шаруашылығы, топырақ құнарлығы, биологиялық азот, технология, жоңышқаның азот сіңіру әрекеті, ферменттер, хлорофилл, каротин, протеин, симбиотикалық тиімділік, жер шаруашылығын биологизациялау, тұқым өнімділігі, шөп шабу, энтоморфилдық, өздігінен фертильденген, бұршақ түзілу.

## SUMMARY

*R.K. Zheksembiyev, cand.biol.sci., professor, A.M. Digarbaeva, master of biology  
T.M. Sekerova, master of biology, M.M. Kopzhasar, master of biology  
(c. Almaty, Kazakh state Women's Teacher Training University)*

**BIOLOGICAL FEATURES AND EFFICIENCY OF A LUCERNE IN KAZAKHSTAN**

This paper presents the problem of feed protein by receiving the activation of summer activities bees pollinating alfalfa in the experiments, and provides adaptive technology of cultivation of fodder and contribute to increase seed production of this crop.

**Keywords:** alfalfa, irrigated agriculture, soil fertility, crop, organic nitrogen, technology, nitrogen-fixing activity of alfalfa, potassium, calcium, fluoride, carbohydrates, proteins, fatty acids, essential oils, pectins, saponins, plant steroids, enzymes, chlorophyll, alkaloids and carotene, protein, symbiotic effect biologization agriculture, seed yield, mowing, entomofil, self-fertile, boboeducation.

ӘОЖ 546.01

**ХИМИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ӨНДЕЛГЕН РАДИАЦИЯҒА ТӨЗІМДІ САЗ**

*М.М. Матаев, х.ғ.д., профессор,  
М.Р. Абдраймова, PhD докторант,  
Ж.Д. Батырбекова, 2 курс магистранты  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Халық шаруашылығының, ғылымның, техниканың және медицинаның әртүрлі салаларында радионуклидтердің қарқынды қолданылуы әруақытта радиациялық және экологиялық қауіпсіздік мәселелерімен және радиациялық, электромагниттік өрістердің адам және қоршаған ортаға әсерлерімен тығыз байланыста. Сол мәселелерді шешуде радиацияға, иондану сәулелеріне, электромагниттік өрістердің әсерін төмендетуге бағытталған жаңа бейорганикалық полимерлік композициялық материалдарды іздестіру және олардың негізінде конструкциялық бұйымдар жасау қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі болып саналады.

**Түйін сөздер:** алюмосиликаттар ( $x\text{Al}_2\text{O}_3 \cdot y\text{SiO}_2 \cdot z\text{H}_2\text{O}$ ), каолинит-  $\text{Al}_2\text{O}_3 \cdot 2\text{SiO}_2 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ , композитті кешендер, полимерлі материалдар.

Белгілі радиацияға төзімді полимерлі материалдар және композиттердің кешенді технологиялық, физика-техникалық және өндірістік пайдалануда кемшіліктері бар екендігі белгілі. Жергілікті бейорганикалық полимерлі материалдар алюмосиликаттар ( $x\text{Al}_2\text{O}_3 \cdot y\text{SiO}_2 \cdot z\text{H}_2\text{O}$ ), каолинит-  $\text{Al}_2\text{O}_3 \cdot 2\text{SiO}_2 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ , монтмориллонит -  $(\text{Ca}, \text{Mg})\text{O} \cdot \text{Al}_2\text{O}_3 \cdot 4 - 5\text{SiO}_2 \cdot x\text{H}_2\text{O}$ , гидрослюда (иллит) -  $\text{K}_2\text{O} \cdot \text{MgO} \cdot 4\text{Al}_2\text{O}_3 \cdot 7\text{SiO}_2 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$  негізінде арзан бағалы жана түрдегі композитті материалдарды синтездеу және физика-химиялық зерттеу біздің жұмысымыздың ғылыми практикалық мақсаты.

Құрылыстары берік және химиялық тұрақты силикаттардағы элементтерді висмут, бор, қорғасын атомдарымен ауыстыру арқылы көпкомпонентті жүйелерді зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

а) Зерттеуге алынған үлгі Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол аймағының Көксай ауылының сазынан алынған 15г. сазға 38% 10мл болатын HCl (тұз қышқылын) құйып, әбден араластырып, алынған қоспаны екі күнге кептіруге қалдырдық.

Кептіріп алғаннан кейін ұнтақтағыш ыдыста ұнтақтап, ұнтақталған өнімнің 5 граммын элементтік анализге талдауға жібердік. 38% қышқыл ерітіндісіндегі сазға жалпы мөлшері 1г болатын, құрамы  $\text{H}_3\text{BO}_3$ ,  $\text{V}_2\text{O}_5$ ,  $\text{PbO}$  (0,3:0,3:0,4) болып келетін қоспаны қосамыз.

Араластырғыш арқылы соңғы қоспаны араластырып, кептіріп, ұнтақтап, 5г элементтік анализге талдауға жібердік. Қалған 5 граммын сусыздандырып және күйдіру үшін муфель пешіне  $300^\circ\text{C}$  5 сағатқа бір күнге қойылды. 5 сағат  $300^\circ\text{C}$ -де муфель пешінде қалдырылған қоспа жылтыр қоңыр түсті затқа айналды.

Екінші күні  $300^\circ\text{C}$  5 сағат бойы қалдырылған қоспа муфель пешіне  $500^\circ\text{C}$ -де тағы 5 сағатқа қойылды. Екінші рет күйдірілген кезде зерттелініп жатқан қоспадан ашық қызыл түсті зат алынды. Алынған өнімді ұнтақтағыш ыдыста ұнтақтап, элементтік анализге талдауға жібердік.


ә) Зерттеуге алынған үлгі Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол аймағының Көксай ауылының сазынан алынған 15 грамм сазға 20% 10 мл  $\text{HCl}$  (тұз қышқылы) құйып абден араластырып, алынған қоспаны екі күнге кептіріп қойдық.

Алынған қоспаны кептіріп, ұнтақтап 5 граммын элементтік талдау анализіне зерттеуге жібердік. Алынған 20 пайыздық қышқыл ерітіндісіндегі сазды қоспаға жалпы мөлшері 1 г болатын, құрамы  $\text{H}_3\text{BO}_3$ ,  $\text{V}_2\text{O}_5$ ,  $\text{PbO}$  (0,3:0,3:0,4) болып келетін қоспа қосамыз. Араластырғыш арқылы қоспаны араластырып, кептіріп, ұнтақтап, 5 граммын элементтік анализге талдауға жібердік. Алынған қоспаның қалған 5 граммын бірінші күні  $300^\circ\text{C}$ -де муфель пешіне 5 сағатқа абден сусыздандыру үшін және күйдіру үшін қалдырдық.


5 сағат бойына  $300^\circ\text{C}$ -де муфель пешінде күйдірілген қоспамыз кәдімгі табиғи сазды топырақтың түсінен (ақшыл сары түстен) қара түсті затқа айналды. Осы қосылысты екінші күні  $500^\circ\text{C}$ -ге муфель пешіне 5 сағатқа қайтадан күйдіруге қалдырдық. Алғашқы күйдіргеннен кейін қара түске айналған қоспамызды екінші рет күйдірген кезде күйдірілген кірпіштің түсіне ұқсас қызғылт түсті қоспаға айналды.


Алынған өнімді ұнтақтағыш ыдыста ұнтақтап, элементтік анализге талдауға жібердік. Электрлік дифракцияның суретін жарықтаушы Philips CM300 (жылдамдатушы қысым 300 кВ) электрондық микроскопында алды. Жоғары сыйымдылықты микроскопия мәліметтері JEOL 6510EX электрондық микроскопында алынды.

Үлкейту мөлшері: 300 000 x есеге дейін болды олиокристалдар толығымен түзілуін пластинка формалы түзілімдер кубты сингониялы құрылымдардың пайда болуының дәлелдемесі




Сурет 1– Саздың 100 есе үлкейтілген көрінісі








Сурет 2 – Саздың 1000 есе үлкейтілген көрінісі



Сурет 3– 1000 есе үлкейтілген 38% қышқыл ерітіндісіндегі саз



Сурет 4 – 5000 есе үлкейтілген 38% қышқыл ерітіндісіндегі саз



Сурет 5– Құрамы  $H_3BO_3$ ,  $Bi_2O_3$ ,  $PbO$  бар саздың 1000 есе үлкейтілген көрінісі

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тазабеков Т.Т., Қалдыбаев С., Тазабекова Е.Т. Топырақтану. – А., 2004.
2. Тазабеков Т. жетекшілігімен. Топырақтар географиясы. – А., 2000.
3. Тазабеков Т. Топырақтану түсіндірме сөздігі. – А., 1993.
4. Сулименко Л.М. Технология минеральных вяжущих материалов и изделий на их основе. – М.: Высшая школа, 2000.
5. Лугинина И.Г. Химия и химическая технология неорганических вяжущих материалов. В 2 ч. – Белгород: БГТУ им. В.Г. Шухова, Ч. 1,2. 2004. – 240 с.
6. Таймасова Б.Т. Технология производства портландцемента. – Шымкент, ЮКГУ. 2004.

### ТҮЙІНДЕМЕ

*Матаев М.М., х.ғ.д., профессор, Абдраймова М.Р., PhD докторант,  
Батырбекова Ж.Д., 2 курс магистранты  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

### ХИМИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ӨНДЕЛГЕН РАДИАЦИЯҒА ТӨЗІМДІ САЗ

Химиялық өңдеу нәтижесінде борпылдақ бейорганикалық полимерлі матрицаның түзілгендігі дәлелденді. Борпылдақ бейорганикалық полимерлі матрицаға қатты фазалы реакцияның нәтижесінде висмут, бор және қорғасын атомдарының орналасуы электронографиялық дәлелденді.

**Түйін сөздер:** алюмосиликаттар ( $xAl_2O_3 \cdot ySiO_2 \cdot zH_2O$ ), каолинит-  $Al_2O_3 \cdot 2SiO_2 \cdot 2H_2O$ , композитті кешендер, полимерлі материалдар.

## SUMMARY

*M.M. Matayev, dr.of chem..sci., professor*

*M.R. Abdraimova, PhD,*

*Zh.D. Batyrbekova, master*

*(c.Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### CHEMICAL TRAVELLING MADE DURABLE LOAM TO RADIATION

In result of what chemical process, loose autophyte polimerli matrix from appearing reason. Loose autophyte polimerli to the matrix hard Fazal in result of reaction Bi, chalk and atoms of leaden to be situated from electron diffraction reason.

**Keywords:** Aluminium silicates ( $xAl_2O_3 \cdot ySiO_2 \cdot zH_2O$ ), kaolinite -  $Al_2O_3 \cdot 2SiO_2 \cdot 2H_2O$ , composite complexes, polimer materials

ӘОЖ 330.15

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТӨЛЕМДЕР ЖҮЙЕСІ

*И.Б. Шалгынбаева, ж.ғ.м.,*

*Е.А. Тулегенов, п.ғ.м.*

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*

*қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылатын нарық жағдайындағы Қазақстан Республикасы экономикасының жаңа бағыты – табиғат қорын пайдаланудың тегін түрінен төлемді жүйеге өтуі, төлем түрлері және Қазақстан Республикасының салық кодексінде белгіленген табиғат ресурстарын (су ресурсы мысалында) пайдаланудың базалық көрсеткіштері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** нарық, төлем, табиғат ресурсы, салық кодексі, базалық ставка, дифференциалдық төлем.

Егемен ел болғалы Қазақстан Республикасы саяси, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық өзгерістерді жалғастыруда. Қоғамның өркениетті дамуына орай еліміздің дүниежүзілік қауымдастықта өз салмағының арта түсіп, әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына жан-жақты жағдайлар туғызуда. Нарық жағдайында Қазақстан Республикасы экономикасының жаңа бағыты табиғат қорын пайдаланудың тегін түрінен төлемді жүйеге өтуі болып табылады.

Нарықтық қатынастарға көшкенге дейін қалыптасқан табиғатты тегін пайдалану теориясы табиғат қорын тиімді пайдалануды және қоршаған ортаны ластанудан сақтандыра алмады. Планетамыздың табиғат ресурстарын экономикалық-географиялық тұрғыдан дұрыс бағалау және оларды пайдаланғаны үшін төлемдік жүйені қалыптастыру бүгінгі ең өзекті мәселе болып отыр.

Аталған салада, яғни табиғат ресурстарын тиімді пайдалану саласында, теориялық және әдістемелік мәселелерді шешуде көп еңбек сіңірген, теориялық негізін қалаған Л.В.Канторович, Н.С.Федоренко, Н.Н.Баранский, Э.Б.Алаев, Н.Н.Колосовский, Ю.Г.Саушкин, А.А.Минц т.б. еңбектерін ерекше атауға болады. Бірақ, сол кездегі (экономикалық басқарудың әкімшілік-әміршілік жүйесінің үстемділігі кезінде), социалистік шаруашылық жағдайында, табиғи ресурстарды тегін пайдалану туралы пікірдің басым негізінде, олар ашық түрде табиғатты төлемді пайдаланудың теориясын қалыптастыра алмады [1].

Сонымен қатар жоспарлы экономика кезінде табиғат пайдалануда төлемдік жүйені қолданудың мүмкіндігі мен тиімділігі жайында КСРО ғалымдарының біраз еңбектерінде айтылды. Олардың арасында әкімшілік-әміршілдік жүйенің билік алып тұрған кезінде біршама ашық айтқан В.К. Шкатовтың, З.Қ. Қарғажановтың бұл мәселені тереңнен жан-жақты қозғағанын айрықша атап өткен жөн. Халық шаруашылығын түбегейлі экономикалық реформалау кезеңінде осы бағытта К.Г. Гофман, С.Н.Бобылев, М.К.Клубничкин, Н.Н.Лукьянчиков т.б., Қазақстаннан С.Б.Байзақов, З.Қ.Қарғажанов, Е.М.Үпішев, Қ.М.Баймырзаев, Э.А.Түркебаев, Р.Қ.Ниязбекова, Р.С.Коренов, М.С.Тонкопий, Е.Ә.Келемсейіт, Б.А. Исабеков, Н.А.Коваль, В.А.Манзюк, В.Р.Колесников, М.Б.Кенжегузин, Ж.Х.Давильбекова, С.Р.Ердаулетов, К.К.Қажымұрат, Т.С.Сатқадиева және т.б., ал шет елдік ғалымдардан Д.Хоскольд, Д.Пирс, Т.Титенберг, К.Тернер, Г.Хоттелинг біршама үлкен зерттеулер жүргізді [2]. Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану және орналастыру, экономикалық тұрғыдан бағалау, оларды пайдаланғаны үшін төлемдік жүйені қалыптастыру табиғатты тиімді пайдаланудың басты, негізгі элементтері ретінде экономикалық географияның жаңа бағыты болмақ. Бұл жаңа бағыттың пайда болуы экономикалық және әлеуметтік географияны бұрынғыдан да гөрі экономикалық ғылымдармен әлдеқайда етене, жақынырақ байланыстырады.

Төлем – сатып алынған тауарлар, көрсетілген қызметтер, пайдаланылатын ресурстар, берілген несие үшін төленуге тиіс ақшалай қаражат, сондай-ақ міндеттемелер бойынша есептесу нысанындағы заңмен белгіленген жарналар болып табылады. Ал нарықтық экономикада табиғат ресурстары, жер, су үшін, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем, көрсетілетін коммуналдық қызметтер үшін төлем, кедендік, лицензиялық төлемдер кеңінен пайдаланылады. Табиғат ресурстарын пайдалану үшін төлем төлеу арқылы табиғат ресурстарының табиғи өнімділігіндегі айырмашылықтардан туындайтын сараланба рента алынады [3].

Табиғат ресурстарының түріне байланысты әмбебап пайдаланатын, арнайы пайдаланатын ресурстарға төлемдер ерекшеленеді. Әмбебап пайдаланатын ресурстарға жер, су, ауа және т.б. ресурстар жатады. Арнайы пайдаланатындар – орман, биоресурстар, минералдық шикізаттар.

Қазақстан Республикасының салық жүйесінде табиғат ресурстарын, пайдалы қазбаларды, жер қойнауын пайдалануға байланысты бірқатар төлемдер бар, оларды шартты түрде салықтық сипаты бар табиғат ресурстары үшін төленетін төлемдер ретінде бір топқа біріктіруге болады. Оларға үстеме пайдаға салынатын салық, жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері, пайдалы қазындыларды өндіру салығы, су үшін төленетін төлем, орманды пайдаланғаны үшін төлем (орман табысы) және басқалары жатады. Осы аталған табиғат ресурстарының ішінде ҚР бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін базалық ставкаларын мысалға келтіруге болады (кесте 1).

Аталған төлемдер негізінен ренталық сипатта болады, өйткені олардың пайда болуы мен мөлшерлемелерінің шамасы шығарылатын және шаруашылық қызметте айдаланатын материалды, шикізатты, минералдық ресурстарды алу, тұтыну, олардың сапасы табиғат факторларымен байланысты болады [4].

Табиғат ресурстарын пайдаланудағы төлемдердің қызметін:

1. Табиғатты пайдаланудағы арендалық (жалақы), дифференциалдық төлем;
2. Табиғат ресурстарының орнын толтыру шығындары;
3. Айып төлемдер;
4. Табиғат ресурстарын қалпына келтіру шығындары және дифференциалдық рента;
5. Кендерді іріктеп өндіргенде, бос жыныстар араластырғанда төленетін айып;
6. Пайдалы компоненттерді толық өндірілмегені, жоғалтқаны үшін айып төлеу;
7. Кендерді өндіру, ұқсату технологиясын орындамағанда төленетін айып;
8. Табиғат қорғау шығындарын қайтару;
9. Табиғи ортаны ластағаны үшін төлем;
10. Табиғи ортаға келтірілген зиянның орнын толтыру;

## 11. Табиғат ресурстарын пайдалану салығы деп қарастыруымызға болады.

Кесте 1 – Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін базалық ставкалар

Арнаулы су пайдаланудың түрі				
Өзендер, көлдер, теңіздер бассейні		Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер (теңге/1000 тек.м)	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде (теңге/1000 тек.м)	Ауыл шаруашылығы. (теңге/1000 тек.м)
1.	Сырдария өзені және Арал теңізі бассейні	65	184	51
2.	Балқаш және Алакөл көлдері бассейні	58	160	46
3.	Ертіс өзені бассейні	63	181	51
4.	Есіл өзені бассейні	61	169	48
5.	Нұра, Сарысу және Кенгір бассейніне жататын өзендер	68	194	56
6.	Торғай, Тобыл, Ырғыз бассейніне жататын өзендер	61	174	48
7.	Жайық, Сағыз, Ембі, Еділ, Ойыл, Үлкен және Кіші Өзен өзендері және Каспий теңізі бассейні	72	206	58
8.	Шу, Талас және Аса өзендері бассейні	68	191	56

Кесте 1 жалғасы

	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары (теңге/1000 тек.м)	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар (теңге/тонна)	Су энергетика (теңге/1000 кВт.сағ)	Су көлігі (теңге/1000 тек.м)
1	2	3	4	5
1.	51	130	19	7
2.	44	114	17	5
3.	51	128	19	7
1	2	3	4	5
4.	48	122	17	5
5.	53	137	-	-
6.	48	124	-	-
7.	56	146	-	7
8.	53	137	19	-

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салудың екі моделі белгіленген: бірінші модель жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін қоспағанда Салықтық кодексте көзделген салықтар мен басқа міндетті төлемдердің барлық түрлерін төлеуін көздейді; екінші модель жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеуін (беруін), сондай-ақ салық

заңнамасында көзделген салықтар мен басқа міндетті төлемдердің барлық түрлерін төлеуін көздейді.

Экономикалық мағынасына, атқаратын қызметіне қарап төлемдерді:

1. Табиғат ресурстарын пайдалану құқығы;
2. Табиғат ресурстарын пайдалану;
3. Табиғат ресурстарын қорғау, қалпына келтіру, жаңғырту, өсіру;
4. Табиғат ресурстарын пайдалануды шектегені үшін;
5. Табиғи ортаны қорғау;
6. Табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін төлемдер деп бөлуге болады.

Табиғат ресурстарын тиімді пайдаланудың ең басты шарты – олардың ақылы болып келетіндігі. Өйткені, табиғат ресурстарын пайдалану тегін болса, оларды үнемдеп, ұтымды пайдалануға, табиғатты қорғауға, қорын молайтуға жұмылдыратын экономикалық механизм тудырмайды, мүдде арқылы ынталандырмайды. Табиғат ресурстары жалпыхалықтық (мемлекеттік) меншікте болып, пайдаланушыларға тегін берілген жағдайда үнемдеу нормалары болуына, олардың мемлекет тарапынан үнемі қадағалауына қарамастан, ысырапшылыққа жол берілді. Мысалы, жалпыхалықтық меншікті қолдайтын бұрынғы Кеңес Одағында жалпы өнімнің бір өлшеміне әлемде ең көп мөлшерде табиғат ресурстары жұмсалды.

Сондықтан төлемдерді табиғат ресурстарын ұтымды, үнемдеп пайдалануға, табиғатты қорғауға, оның байлықтарын сақтауға, молайтуға жұмылдыратын ең басты экономикалық басқару тетігі деп қарастыру қажет.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Минц А.А. Экономическая оценка естественных ресурсов. – М.: Мысль, 1972. – С. 64-76.
2. Баймырзаев Қ.М., Ғабдолла О.Ж. Баға және табиғат ресурстарын экономикалық тұрғыдан бағалаудың өзара байланысы мен айырмашылығы // ҚазҰУ хабаршысы. География сериясы. – Алматы, 2002. № 2, – Б. 118-124.
3. Қаржы-экономика сөздігі. – Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007.
4. «Салық кодексі», (487-бабының 1-тармағы), 2008.

#### РЕЗЮМЕ

*Шалгынбаева И.Б., м.е.н., Тулегенов Е.А., м.п.н.*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

#### ПЛАТЕЖНАЯ СИСТЕМА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В данной статье рассматривается платежная система природных ресурсов в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** рынок, оплата, природные ресурсы, налоговый кодекс, базовая ставка, дифференциальная оплата.

#### SUMMARY

*I.B. Shalgybayeva, master of natural sciences,*

*E.A. Tulegenov, master of ped.sci.*

*(c.Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

#### PAYMENT SYSTEM OF NATURAL RE SOURCES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

In this article the payment system of natural resources in the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** market, payment, natural resources, tax code, base rate, differential payment.

**ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА  
PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTERSCIENCE**

**ӘОЖ 74.5**

**ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОЙЛАУДЫҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ МЕН «ИНЖЕНЕРЛІК ОЙЛАУ» ҰҒЫМЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

***А.Қ. Бекболғанова, п.ғ.к., аға оқытушы***

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Е.Ж. Бекболғанов, п.ғ.к., аға оқытушы***

*(Алматы қаласы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы «Алматы қаласы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»)*

**Аңдатпа:** Мақалада өскелең ұрпақтың, инженерлік (техникалық) мамандық түлектерінің жаңа конструкторлы-технологиялық тапсырмаларды орындауда және сапалы өнім алуға қажетті жаңалықтарды ашуда кездесетін қиыншылықтары қарастырылған. Инженерлік ойлаудың негізгі кезеңдері анықталған.

**Түйін сөздер:** инженерлік ойлау, теория, өндіріс, психология, техника, инженер.

Өскелең ұрпақтың ойлауын қалыптастыру мәселесінің өтпелі әлеуметтік мәні бар және бұл мәселе алдымен мектеп қабырғасында шешіледі. Философияда ойлау мидың ерекше түрде ұйымдастырған жоғары өнімі, объективті өмірді түсінуде, пайымдауда, теорияда және т.б. бейнелеудің белсенді үрдісі ретінде анықталады. Ойлау – адамның қоғамдық-өндірістік қызметі үрдісінде туындайды және шындықтың жанамалы бейнеленуін қамтамасыз етеді, оның заңды байланыстарын ашады. Ойлаудың логикалық анықтамасы философиялық анықтамаларға жақын болады:

«Жаңа білімді меңгеру мақсатына байланысты бейнеленетін объектінің өзгешелігін және әр жақтарын ұғыну мен бөлу, оларды лайықты қатынасқа қою, объективті өмірдің адам миында пайымдау, түсіну, ақылға салу түрінде белсенді бейнелену үрдісі, ерекше түрде ұйымдастырылған материяның жоғары өнімі». Бұл анықтамалардағы ортақ қағида мынадай болады: ойлау – мидың қызметі, объективті шындықтың жинақталған, қорытындыланған бейнесі, тәжірибе – ойлау үрдісінің шынайы нәтижелерінің өлшемі.

Психологияда ойлаудың философиялық анықтамасы негізге алынған. «Ойлау – психикалық үрдіс, сол арқылы адам шынайы құбылыстың және заттың нақты белгілерін бейнелейді, сонымен қатар, олардың арасындағы түрлі байланыстарды ашады». «Психологиялық сөздіктің» авторлар ұжымы ойлаудың мазмұнын оқыту үрдісімен байланыстырады, яғни «Оқытудың мақсаты – оқушыларға білім беру ғана емес, сонымен бірге олардың ойлау қабілетін дамыту, өз бетінше ойлай білуге үйрету. Ойлауды бірдей уақытта дамыту және белсенділендіру оқушылардың білімді, дағдыны нәтижелі меңгеруі үшін, болашақ танымдық және тәжірибелік іс-әрекетке оқушыларды дайындау үшін қажетті шарт болып табылады». Оқыту мақсатын сипаттауда үрдіс ретінде ойлаудың ерекшелігі бейнеленген, оқушының білімі мен ойлау қабілетінің өзара байланысы көрсетілген. Педагогикалық психологияда соңғы он жылда ойлауды есептеп шешу үрдісі ретінде анықтау кең тарады. Осы бағыттағы ойлау қабілетінің маңызын қысқаша С.М.Рубинштейннің мынадай сөзімен келтіруге болады: ойлау қабілеті мәселеден басталады.

Психологияда ойлау жаңа мәселені шешу ретінде жиі түсіндіріледі. Бірақ, ойлау қызметі жаңаны ашумен шектелмейді, онда меңгерілген білімді іріктеу, бағалау сәті де бар, яғни тек шығармашылықты ғана емес, сонымен бірге репродуктивті және конструктивті элементтерден де тұрады.

Ойлаудың жаңаша анықтамаларының авторлары оның түсінігін кең де, тар да мағынада айырып көрсетеді. «Ойлау кең мағынада белсенді, таным, іс-әрекет түрінде түсіндіріледі, сонымен бірге сыртқы іс-әрекет реттеудің және жоспарлаудың ішкі үрдісі түсінігінде қарастырылады, ал ойлау тар мағынада шығармашылық мәселені шешу үрдісі түсінігінде беріледі. Бұл анықтамаға түсінік бере отырып, психологтар екінші анықтаманы жоғары бағалайды және субъектіге мәселенің шешу амалы әдісі берілмеген жағдайда ғана ойлау туындайды деген дәлел келтіреді. Психологиялық зерттеу мақсатында қарастырғанда ойлаудың осындай тар мағынадағы анықтамасы өз-өзін ақтаса, ал педагогикалық көзқараста ол жеткіліксіз болып табылады.

Ойлау үрдісі субъектінің қажеттілігіне, сарыны себеп-дәлеліне байланысты пайда болады, яғни ойлауды зерттеу адамның іс-әрекеті сарыны мен есебін қарастырады. «Ойлаудың өзінің ішкі заңдылықтарының болуы ойлау үрдісінде оның одан әрі дамуын, ішкі жағдайларды қалыптастырады, ол дегеніміз ойлаудың нәтижелері, оның одан әрі дамуының құралы болатындығы үшін анықтайды», – деп көрсетті С.Л.Рубинштейн, ол таным жолдарын одан әрі дамытудағы игерілген және жалпыланған іс-әрекет тәсілдері мен жетістіктері арасындағы қажетті диалектикалық байланысты нақтылады.

Сонымен, С.Л.Рубинштейн зерттеулерінде ойлау үрдісінің маңызды үш жағы көрсетілді: мазмұнды, операциялық және сарынды, олар келесі психологиялық және педагогикалық зерттеулерінде толық және нақты берілді. Бұл бағыт одан әрі дамытылып оқытуды зерттеуде тереңнен іске асты (Д.Н.Богоявленский, Е.Н.Кабанов-Меллер, З.И.Калмыков, Н.А.Менчинская, И.С.Якиманская және т.б.). Оқушы ақыл-ойының дамуы оның мәселені, есепті шешудегі қарама-қайшылықтарды жеңу үрдісінде шеберлік дағдысын қалыптастырудағы, білімді игеруіндегі белсенді іс-әрекетімен байланыстырылады. Сонымен бірге мұғалім талдау, жинақтау, абстракциялау және жалпылау үрдістерін жетілдіре отырып, оқушылардың білімді меңгеруінде үлкен нәтижелерге жетеді.

Ойлау қабілетінің педагогикалық анықтамасы үшін ойлау түрлері туралы бұрынғы мәселенің әдіснамалық маңызы бар. Ойлау шындықтың жалпы бейнесі ретінде әрқашанда мазмұнды. Ойлаудың мазмұны адамның танымдық белсенділігінің бағытталуына, тандалуына, әлеуметтік шарттарға байланысты жүргізілетін іс-әрекеттің қажеттіліктері мен сарынына байланысты болады. Дегенмен де, бірыңғай ойлау үрдісін нақты мазмұнға байланысты әрбір жаңа мазмұнды ойлаудың «ерекше» түрі деп бөлуге болмайды. «Ойлау әрбір жеке пәнге байланысты болады. Арифметика, техника, тарих және т.б. әрқайсысының өзінің жеке қорытуы, яғни, осы пәндердің әрқайсысына тән өзіндік ойлап қорытуы болады.

Арифметиканы да, техниканы да, тарихты да және басқа да арнайы тарауларды қамтитын ойлау қабілеті адамда ғана болады» – деген С.Л.Рубинштейн. Бөлшектеуге қарама-қарсы адамның ойлау қабілетінің «автоматтандырылуы» ретінде С.Л.Рубинштейн ортақ ойлау идеясын ұстанады. Ойлау қызметінің әдістері және нәтижесі бойынша ойлау репродуктивті, өнімді және өнімді емес болып бөлінеді. Жас және педагогикалық психологияда ойлауды жас бойынша кезеңдеу қабылданған: дайындық бөліміндегі оқушының, бастауыш сынып оқушысының, жеткіншек және жоғарғы сынып оқушыларының ойлау қабілеті. Логиканың негізгі түрлері бойынша ойлау формалды-логикалық және диалектикалық болып бөлінеді. Психологияда ойлау қабілетінің түрлі қасиеттері ажыратылған, олар: терең, икемді, логикалы, дәлелді, сынды, өзіндік және т.б.

Психология ғылымының мақсаты – қазіргі ойлау қабілетіне сыни талдау жасау және ойлау қабілетінің жаңа типологиясын құру. Енді оқушылардың жалпы ойлау қабілетінің негізгі сипаттамасын белгілейміз. Гуманитарлық пәндерге ойлау қабілеті образ (бейне) элементтерімен дамиды. Бастауыш сынып пен орта сынып оқушыларының игеретін түсінігі мен іс-қимылдарының басым бөлігі нақты сипаттамада болады, сондықтан «осы жастағы балалардың ойлау қабілеті нақты-түсінікті».

Орта және жоғарғы сыныптағы оқушыларда нақты-түсінікті ойлаудан абстрактілі-түсінікті ойлау қабілетіне ауысу болады. Оқушылар күрделі танымдық мәселелерді шешеді, ойлау іс-қимылы жинақталады, оқушылар іс-әрекеттің күрделі тәсілдерін меңгереді. Ойлау

қабілеті теориялық сипат алады. Оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекеті үрдісінде ойлаудың репродуктивті және продуктивті компоненттері жетіледі, біртіндеп шығармашылықты ойлау қабілеті дамиды. Оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыру - білімді, дағдыны және шеберлікті белсенді меңгеру үрдісін мақсатпен бағытталған түрде басқару, оқушыларды танымның қажетті әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз ету, танымдық қажеттіліктерді тәрбиелеу және осының негізінде – гуманистік көзқарас, пайдалы еңбекке әдеттенуді үйрету. Сонымен, оқыту үрдісіндегі оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыру өзіндік мақсат емес, ол белсенді тұлғаны тәрбиелеу құралдарының бірі.

Қызметтің белгілі бір саласы ойлау қабілетінің сәйкес түрін қалыптастыратыны дәлелденген. Сондықтан инженерлік ойлау қабілеті және сызбалық ойлау қабілеті түсініктерінің болуы заңдылық. «Инженерлік ойлау қабілеті» түсінігі – ол өнім сапасын көтеруді, өндірісті автоматтандыруды және механикаландыруды, жетілдірілген және сенімді техниканы құру және пайдалануды зерттеуге бағытталған танымдық қызмет түрі.

Инженерлік ойлау қабілетін қалыптастыруға арналған еңбектерде, ол техника саласында бар кең біліммен сипатталады, оның даму бағыты мүмкіндігін көре білуімен, жаңа шығармашылық есептерді өздігінен шеше алу және жүйелі ойлау, яғни осы мәселені шешуге тікелей және қосымша қатысы бар жағдайлардың бәріне көңіл бөлінетіндігі атап өтіледі және т.б. Инженерлік ойлау қабілетінің тек техникамен ғана емес оның жаратылыстану, қоғамтану ғылымдарымен де тығыз байланысты екенін В.С.Смирнов, В.Г.Семибратов, О.Т.Лебедев орынды атап өткен және оның мынадай түрлерін бөліп көрсеткен:

1. Таза техникалық ғылымдармен, техника дамуының ішкі логикасымен, жаңартумен – үнемдеуді ұлғайту, жылдам әрекет ету, техникалық құралдардың сенімділігі мен байланысты инженерлік ойлау қабілеті.

2. Табиғатты зерттеуде байқалатын инженерлік ойлау қабілеті. Бұл жерде техника табиғатты зерттеу үшін және оның заңдылықтарын ашу үшін пайдаланылады.

3. Техникалық және қоғамдық ғылымдардың тоғысындағы, қоғамдық өмірдегі техниканың рөлін зерттеуге бағытталған инженерлік ойлау қабілеті.

4. Болашақ және қазіргі техникалық құрылғыларды орнатумен байланысты қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жаратылыстану – ғылыми қағидаларын және техникалық құрылғыларды іске асыратын инженерлік ойлау қабілеті.

5. Ұжымдардың бағыттаушы және реттеуші іс-әрекетінде көрінетін, сонымен бірге техникалық зерттеу жұмыстарының әлеуметтік бағасын анықтайтын инженерлерде байқалатын инженерлік ойлау қабілеті.

6. Инженер-экономист-географ сияқты өндірістік қалдықтарды пайдалану бойынша және токсиндермен биологиялық күрес сияқты күрделі синтетикалық мамандықтарға сәйкес болатын инженерлік ойлау қабілеті.

Сонымен, инженерлік ойлау қабілеті қоғам мен табиғат заңдылықтарын тануға, олардың даму заңдылықтарын терең ұғынуға мүмкіндік жасайды. Инженерлік ойлау қабілеті ойлаудың басқа түрлерімен де тығыз байланысты және оған экономикалық, экологиялық, көркемдік элементтер және техникалық ойлау да тән. Жоғарыда айтылған ережелерге сүйене отырып, білімгерлердің сызу сабағында инженерлік ойлау қабілетінің негізін меңгеруі үшін қандай білім мен дағды қажет екенін, бұл білімді алу үшін қандай әдіс және құралдың нәтижелі болатынын анықтау керек деген қорытынды шығады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рубинштейн С.Л. О мышлении и путях его исследования. – М., 1998.
2. Калмыкова З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости. – М., 1981.
3. Менчинская Н.А. Проблемы обучения, воспитания и психического развития ребенка: Избранные психологические труды / Н.А. Менчинская, Рос. акад. образования (РАО), Моск. психолого-соц. ин-т (МПСИ). – М.: Изд-во МПСИ, 2004. – 512 с. – (Психологи России) . - ISBN 5-89502-514-5 .

4. Кабанова-Меллер Е.Н. Формирование приемов умственной деятельности и умственное развитие учащихся. The means of mental activity and the mental development of schoolchildren / Е.Н. Кабанова-Меллер. – Москва: Просвещение, 1968. – 288 с.

5. Смирнов В.С., Семибратов В.Г., Лебедев О.Г. Научно-техническая революция и философские проблемы формирования инженерного мышления. – М.: Высшая школа, 1993–304 с.

6. Кудрявцев Т.В., Якимсинская И.С. Развитие технического мышления учащихся. – М.: Высшая школа, 1994. – 96 с.

## РЕЗЮМЕ

*Бекболганова А.К., к.п.н., старший преподаватель*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

*Бекболганов Е.Ж. к.п.н., старший преподаватель*

*(Филиал института повышения квалификации педагогических работников системы образования РК по городу Алматы)*

## ПСИХО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКА ПОНЯТИЯ «ИНЖЕНЕРНОГО МЫШЛЕНИЯ» И ЗНАЧЕНИЕ МЫШЛЕНИЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

В статье рассматривается один из главных недостатков в подготовке большинства выпускников инженерных (технических) специальностей – неумение самостоятельно ставить новые задачи, неумение решать задачи поиска новых конструкторско-технологических решений на уровне изобретений, обеспечивающих в итоге повышение качества продукции, достижение мирового уровня, всестороннюю интенсификацию и экономию ресурсов. Определены основные этапы инженерного мышления.

**Ключевые слова:** инженерное мышление, теория, производства, психология, техника, инженер.

## SUMMARY

*A.K. Bekbolganova*

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University,)*

*E.ZH. Bekbolganov*

*(Branch of Institute of teacher training education system Republic of Kazakhstan in Almaty)*

## PSYCHO-PEDAGOGICAL CHARACTERISTICS OF THE CONCEPT OF «ENGINEERING THINKING» AND THE VALUE THINKING IN THE LEARNING PROCESS

The article describes one of the main shortcomings in the preparation of most engineering graduates (engineering) specialties - the inability to independently set new objectives, inability to solve the problem of finding new design and technological solutions at the level of the invention provide as a result of improving product quality, achieving world-class all-round intensification and saving resources. The main stages of engineering thinking.

**Keywords:** engineering thinking, theory, production, psychology, engineering, engineer.

УДК 377.1:002.6

## МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ СЕТЕВЫМ ТЕХНОЛОГИЯМ

*Г.Б. Исаева, к.п.н.,*

*Б.М. Акимбекова, магистрант*

*(г. Алматы, Казахский государственный  
женский педагогический университет)*

**Аннотация:** В данной статье рассматривается «Методика обучения будущих учителей информатики сетевым технологиям». Методика обучения сетевым технологиям будущих учителей информатики в рамках предметной и специализированной подготовок позволяет сформировать у них специальную компетентность в данной предметной области и будет способствовать развитию информационно-образовательных сред учебных заведений, базирующихся на учебных компьютерных сетях.

**Ключевые слова:** сетевые технологии, учитель информатики, модули, методика обучения, компетентность.

Сегодня важнейшая роль в развитии общества принадлежит информации как глобальному ресурсу человечества и информатизации, как процессу совершенствования использования достижений информационной цивилизации во всех сферах человеческой деятельности. Одними из основных направлений информатизации общества являются: формирование и развитие информационной инфраструктуры Республики Казахстан с учетом современного мирового уровня развития инновационных технологий; информационное обеспечение социального и экономического развития страны.

Основной целью информатизации системы образования Республики Казахстан является создание единой образовательной информационной среды в Республике Казахстан, позволяющей на основе использования новых информационных технологий повысить качество казахстанского образования, обеспечить равные возможности гражданам на получение образования всех уровней и ступеней, а также интегрировать информационное пространство Республики Казахстан в мировое образовательное пространство. Достижение высокого уровня качества высшего образования, удовлетворяющего потребности рынка труда, задача индустриально-инновационного развития страны, личности и соответствующего лучшим мировым практикам в области образования [1].

Для достижения поставленных целей и эффективного использования единой образовательной информационной среды необходимо комплексное решение следующих наиболее значимых задач:

– создание, распространение и внедрение в учебный процесс современных электронных учебных материалов, разработанных на государственном языке, их интеграция с традиционными учебными пособиями, а также разработка средств поддержки и сопровождения. Обеспечение качества, стандартизация и сертификация средств информационных технологий учебного назначения;

– подготовка педагогических, административных и инженерно-технических кадров государственных учреждений образования, способных использовать в учебном процессе новейшие информационные технологии;

– обеспечение государственных учреждений образования средствами вычислительной техники, современными электронными учебными материалами, а также средствами доступа к глобальным информационным сетям;

– создание информационной инфраструктуры системы образования Республики Казахстан, объединяющей информационные системы и ресурсы всех уровней образования и повышения квалификации, а также научно-исследовательские, учебно-методические и технологические центры сферы образования;

–научное обеспечение процесса информатизации, разработка методологии современного образования на основе информационных технологий;

–реализация комплекса мер, направленных на предотвращение и устранение угроз информационной безопасности Казахстана при взаимодействии с мировыми информационными ресурсами.

В основе концепции обучения и отбора содержания обучения сетевым технологиям будущих учителей информатики лежит понимание *сетевого администрирования* как деятельности, в процессе которой: (а) *в широком смысле* осуществляется управление информационно-образовательной средой учебного заведения, направленное на развитие образовательного учреждения в целом; (б) *в узком смысле* происходит управление учебной компьютерной сетью (в контексте ее использования, проектирования, настройки, обслуживания и администрирования), в целом направленное на развитие информационно-образовательной системы учебного заведения (например, использование цифровых образовательных ресурсов, информационного обеспечения и взаимодействия субъектов образовательного процесса) [2].

Мы выделили *два направления* практического приложения теории информационных (сетевых) технологий в области образования, на которых базируется концепция обучения будущих учителей информатики в области сетевых технологий: *первое* – сетевые технологии организации информационно-образовательной среды учебного заведения (учебная компьютерная сеть); *второе* – сетевые технологии организации дистанционного обучения распределенной образовательной среды.

*Базовыми составляющими концепции обучения специалиста* (будущего учителя информатики) в области сетевых технологий и их использования в администрировании УКС образовательных систем разного уровня являются: (а) знания в области учебных компьютерных сетей; (б) умения в области администрирования УКС, включающие их проектирование, настройку и обслуживание; (в) приложения виртуальных машин как средство обучения сетевым технологиям; (г) управление развитием информационно-образовательной среды учебного заведения. Основными подходами в обучении выбраны: (1) *компетентностный подход* как система педагогических принципов, установок и методов деятельности, создающих условия для развития универсальных способностей студентов; (2) *модульный подход* (традиционный – зачетно-модульный), позволяющий студенту с большей степенью самостоятельности подойти к освоению содержания обучения, а преподавателю предоставляющий вариативность к организации учебного процесса.

В «Методике обучения *будущих учителей информатики* сетевым технологиям» реализована концепция подготовки специалиста (будущих учителей информатики) на уровне построения и конкретной реализации методической системы обучения. На основе выполненного анализа подходов к обучению сетевым технологиям в педагогических вузах и обзор существующих учебно-методических ресурсов, в том числе и электронных, сделан вывод о необходимости доминирования деятельностной составляющей в подготовке специалистов (будущих учителей информатики) в области сетевых технологий в педагогических вузах, поскольку в действующих программах не предполагается, в достаточной степени, изучение технологических аспектов использования, проектирования, создания, настройки, обслуживания и администрирования компьютерных сетей.

Все это относится и к подготовке учителя информатики к различным видам его профессиональной деятельности в условиях информатизации и виртуализации современного образования, в частности в области использования педагогических технологий информационно-образовательных систем обучения (ИОСО) в образовательном процессе в школе. Вместе с тем проблема формирования готовности учителя информатики к использованию педагогических технологий в ИОСО для реализации педагогических задач профессиональной деятельности остается не решенной до конца.

Основной целью обучения сетевым технологиям будущих учителей информатики (внешней целью МСО) является обучение решению профессиональных задач в области

сетевых технологий, связанных с проектированием, настройкой, обслуживанием и администрированием учебных компьютерных сетей, составляющих *специализированную компетентность будущего учителя информатики в области сетевых технологий*. Так, например, о сформированности специализированной компетентности учителя информатики можно судить, основываясь на его готовности решать профессиональные задачи в области сетевых технологий, применяя следующие предметные знания и умения:

-на *ключевом уровне* – установка и настройка различных сетевых ОС (модуль 1); осуществление взаимодействия между различными ОС (модуль 1); работа со службой DNS (модуль 4); работа с таблицей маршрутизации (модуль 4); работа со стеком коммуникационных протоколов TCP/IP (модуль 4);

-на *базовом уровне* – использование сетевых адаптеров (модуль 2); соединение компьютеров в сеть посредством телефонной линии (модуль 2); соединение компьютеров в сеть напрямую (модуль 2); настройка компьютеров для работы в беспроводных сетях (Wi-Fi) (модуль 3); применение устройств Bluetooth для передачи информации (модуль 3); использование возможностей ЛВС (модуль 5); организация общения в локальной сети (модуль 5); получение доступа к удаленному компьютеру (модуль 5); установка серверной ОС (модуль 6); установка сетевой антивирусной защиты (модуль 8); работа с резервными копиями файлов ОС (модуль 9);

-на *специальном уровне* – проектирование ЛВС (локальная вычислительная сеть) организации (модуль 6); создание домена (модуль 6); настройка сервера DNS (модуль 6); настройка основных серверов (модуль 7); настройка параметров безопасности домена (модуль 7); мониторинг состояния элементов сети (модуль 8); исследование удаленной системы (модуль 8); установка защиты на локальном компьютере (модуль 9); организация потокового вещания (модуль 10); использование технологий IP-телефонии (модуль 10); организация видеоконференции (модуль 10).

Согласно сформулированной концепции структура содержания обучения будет базироваться на *двух составляющих*:

(1) *теоретических знаний*, которые определяются совокупностью базовых понятий, правил, законов, принципов, суждений из теории, технологии и практики сетевых технологий и отражаются в *теоретическом блоке* содержания обучения;

(2) *технологических умений*, которые определяются совокупностью практических умений и навыков на основе приобретенных теоретических знаний из области сетевых технологий, соответствующих этапам деятельности системного администратора компьютерных сетей, и составляют практико-технологический блок содержания обучения, включая упражнения по технологиям – *задачный материал*.

Нами выделены учебные практические задачи, которые целесообразно решать с помощью средств сетевых технологий для повышения эффективности образовательного процесса:

-практические задачи, связанные с визуализацией учебного материала и результатов самостоятельной работы школьников: совместное создание, редактирование и использование в сети текстовых документов, электронных таблиц, презентаций, графических изображений, фото и видеосервисов и т.д.;

-практические задачи на поиск и передачу информации среди ресурсов Интернета, сохранение для коллективного и индивидуального использования информационных объектов из глобальных компьютерных сетей и ссылок на них: совместный поиск информации, совместное хранение закладок и т.д.

-практические задачи, для организации коллективного взаимодействия: форум, телеконференция, блог и т.д.

-практические задачи, связанные с созданием и обработкой комплексного информационного объекта в виде веб-страницы с использованием шаблонов: создание гипертекстовых объектов (статьи, доклады, рефераты, wiki-газеты, буклеты, эссе) с помощью средств, использующих wiki-технологии.

В современной практике обучения сетевым технологиям используются: системы управления обучением; универсальные и специальные пакеты анализа и моделирования телекоммуникационных систем и сетей; автоматизированные обучающие системы; электронные научно-образовательные комплексы, электронные справочно-информационные системы (on-line); образовательные сайты; электронные журналы; компьютерные тренажеры; программные средства для контроля и измерения уровня знаний, умений и навыков обучения; различные системы управления корпоративными локальными сетями для мониторинга, разграничения доступа, администрирования [3].

В локальных сетях, как правило, используется разделяемая среда передачи данных (моноканал) и основная роль отводится протоколами физического и канального уровней, так как эти уровни в наибольшей степени отражают специфику локальных сетей.

Сетевая технология – это согласованный набор стандартных протоколов и реализующих их программно-аппаратных средств, достаточный для построения локальной вычислительной сети. Сетевые технологии называют базовыми технологиями или сетевыми архитектурами локальных сетей. Сетевая технология или архитектура определяет топологию и метод доступа к среде передачи данных, кабельную систему или среду передачи данных, формат сетевых кадров тип кодирования сигналов, скорость передачи в локальной сети. В современных локальных вычислительных сетях широкое распространение получили такие технологии или сетевые архитектуры, как: Ethernet, Token-Ring, ArcNet, FDDI.

Стоимость систем хранения информации стремительно снижается: NAS-решения, преимущественно на базе дисков с интерфейсом ATA, относят уже к системам начального уровня. Впрочем, NAS не единственная широкодоступная технология на рынке. Именно в разнообразии решений и технологий хранения информации, а также их рыночных перспективах мы и попробуем разобраться.

Вопрос о необходимости построения системы хранения на предприятии возникает по самым разным причинам. Этого диктуется возросшими требованиями к уровню безопасности данных, причем, и сам рост объемов хранимой информации заставляет задуматься об этом. В результате, компаниям-интеграторам приходится сталкиваться с довольно сложными и трудоемкими задачами, решение которых можно свести к следующему: либо модернизировать существующую в компании систему хранения, либо создать принципиально новую. Среди наиболее типичных проблем – недостаточный объем дискового пространства на имеющемся файл-сервере при отсутствии возможности его расширения. Например, в корпусе сервера попросту нет места для установки новых дисков, а установленная операционная система (системы SGI, Alpha Server, Mac) не позволяет производить модернизацию стандартными доступными средствами. К слову, именно последняя проблема нередко и обуславливает высокий интерес к внешним системам хранения, применение которых становится единственным способом решения целого сектора проблем. Также следует понимать, что на базе файл-сервера не всегда возможна организация надежной и отказоустойчивой системы хранения. Иногда, чтобы добиться необходимого уровня безопасности и надежности, приходится обращаться к кластеризации, а в этом случае без создания выделенной системы хранения информации просто не обойтись. Исключение составляет массив независимых серверов с избыточностью (Redundant Array of Independent Server), подразумевающей чередующееся использование серверов, который, как и любая резервная система с избыточностью, не всегда может быть принят на вооружение из-за крайней неэкономичности по отношению к аппаратным ресурсам

Методика обучения сетевым технологиям будущих учителей информатики в рамках предметной и специализированной подготовок позволяет сформировать у них специальную компетентность в данной предметной области и будет способствовать развитию информационно-образовательных сред учебных заведений, базирующихся на учебных компьютерных сетях.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Баймулдина Н.С., Джаманкулова Н.О. Внедрение системы электронного обучения в вузах Республики Казахстан//Бюллетень лаборатории математического, естественнонаучного образования и информатизации. Рецензируемый сборник научных трудов. Том 2. – Москва, 2012, – С.364-368.
2. Рыжова Н.И., Королева Н.Ю., Ляш О.И. Виртуальные машины как средство обучения будущих учителей информатики сетевым технологиям // Информатика и образование, 10, 2007. – С. 97-100.
3. Ляш О.И., Королева Н.Ю. Использование виртуальных машин при обучении учителей информатики сетевым технологиям // Ученые записки. Вып.24. Сб. научн. тр. ИИО РАО, 2007. – С. 217-222.

## ТҮЙІНДЕМЕ

*Исаева Г.Б., п.э.к., Акимбекова Б.М., магистрант  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

## БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН ЖЕЛІЛІК ТЕХНОЛОГИЯ ӘДІСІМЕН ОҚЫТУ

Бұл мақалада болашақ информатика пәні мұғалімдерін желілік технология әдісімен оқыту мәселесі қарастырылған.

**Түйін сөздер:** желілік технология, информатика мұғалімі, модуль, оқыту әдістері, құзыреттілік.

## SUMMARY

*G.B. Isayeva, candidate of pedagogical sciences, B.M. Akimbekova, master  
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## TECHNIQUE OF TRAINING FUTURE TEACHERS OF COMPUTER NETWORK TECHNOLOGY

This article discusses the «Methods of teaching future teachers of computer network technologies». Technique teaching network technologies of the future teachers of computer science within the subject and allows you to create a specialized preparations have special expertise in this domain, and will promote the development of information and education among the educational institutions based on educational computer networks.

**Keywords:** network technology, science teacher, modules, teaching methodology, competence.

## ӘОЖ 11.24

АУА МОЛЕКУЛАЛАРЫНЫҢ ОРТА ЕРКІН ЖОЛ ҰЗЫНДЫҒЫН ЖӘНЕ  
ЭФФЕКТИВТІ ДИАМЕТРІН АНЫҚТАУ

*А. Шақарбекқызы, физика магистрі, оқытушы*  
*С.Е. Маханбетова, физика магистрі, оқытушы*  
*А. Айдарбекова, физика магистрі, оқытушы*  
 (Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
 қыздар педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Бұл мақалада, күнделікті есептеулерде қолданылып келген әртүрлі физикалық тұрақтылар мен қалыптасқан заңдылықтарды студенттерге эксперимент арқылы көз жеткізуге үйрету қарастырылған.

**Түйін сөздер:** Мензурка, молекула, қондырғы, штатив, термометр, барометр, кран.

Молекулалық кинетикалық теория газдың макроскопиялық параметрлерін (қысым, көлем, температура) оның микроскопиялық параметрлерімен (молекуланың массасы мен размерлері, оның жылдамдығы, еркін жол ұзындығы) байланыстыратын формулалар алуға мүмкіндік береді. Бұл формулалар газдың макропараметрлерін өлшеу арқылы оның микропараметрлерін табуға мүмкіндік береді. Яғни, біз молекулалардың орта еркін жол ұзындығын ( $\bar{\lambda}$ ) таба аламыз, ал оны пайдаланып эффективті диаметрін анықтауға болады. Молекуланың екі көрші соқтығысу аралығында жүрген жолы орта еркін жол ұзындығы деп аталады. Оны табу үшін ішкі үйкеліс коэффициенті мен орта еркін жол ұзындығы  $\bar{\lambda}$  мен орта арифметикалық жылдамдығын  $\bar{g}_a$  байланыстыратын формуланы пайдаланып

$$\eta = 0.5 \rho \bar{\lambda} \bar{g}_a \quad (1)$$

мұндағы  $\rho$  – газдың тығыздығы. Ол Клапейрон-Менделеев теңдеуінен табылады.

$$PV = \frac{m}{\mu} RT, \text{ ал бұдан } \rho = \frac{m}{V} = \frac{P\mu}{RT}.$$

$$\bar{g}_a = \sqrt{\frac{8RT}{\pi\mu}} \text{ – газ молекулаларының орта арифметикалық жылдамдығы.}$$

Осыларды (1) формуладағы өрнекке қою арқылы тұтқырлық коэффициентін табамыз:

$$\eta = 0.5 \frac{P\mu}{RT} \cdot \bar{\lambda} \sqrt{\frac{8RT}{\pi\mu}}. \quad (2)$$

Бұл жұмыста тұтқырлық коэффициентінің  $l$  капилляр түтіктің параметрлеріне (сурет 1) тәуелділігі пайдаланылады. Капилляр түтіктен газ ағып өткен кезде оның жоғарғы және төменгі ұштарында қысым айырымы  $\Delta P$  пайда болады. Бұл қысым мына формуламен анықталады:

$$\Delta P = \rho g \frac{h_1 - h_2}{2} \quad (3)$$

Мұндағы  $\rho$  – тәжірибе кезіндегі судың тығыздығы.  $h_1$  және  $h_2$  – баллондағы  $A$  судың бастапқы және соңғы деңгейлері.

Жоғарыдағы  $l$  мен  $\eta$  арасындағы байланыс Пуазейль формуласымен өрнектеледі:

$$\eta = \frac{\pi r^4}{8Ve} \cdot \Delta P \tau. \quad (4)$$

мұндағы  $V$  – капилляр трубка  $C$  арқылы  $\tau$  уақыты ішінде ағып өткен газ көлемі.  $l$  – трубаның ұзындығы,  $r$  – оның радиусы,  $\Delta P$  – трубаның ұштарындағы қысым айырмасы.

(2) және (4) формуладан ауаның орта еркін ұзындығы анықталады:

$$\bar{\lambda} = \frac{\pi r^4 \sqrt{\pi RT}}{8IP\sqrt{2\mu}} \cdot \frac{\Delta P \tau}{V} . \quad (5)$$

Бұл формуланы былай жазған ыңғайлы

$$\bar{\lambda} = const \cdot \frac{\Delta P \tau}{V} \quad (6)$$

Берілген тәжірибе үшін  $const = \frac{\pi r^4 \sqrt{\pi RT}}{8IP\sqrt{2\mu}}$  орта еркін жол ұзындығының формуласынан

$$\bar{\lambda} = \frac{1}{\sqrt{2\pi} d^2 n} \quad (7)$$

ауа молекуласының эффективті диаметрін  $d$  табуға болады.

Бұл жерде ауа концентрациясы  $n$  кинетикалық теорияның негізгі теңдеуінен табылады.  $P=nkT$  және  $P=n_0kT$ .  $k$  – Больцман тұрақтысы. Сонда

$$\frac{P}{nT} = \frac{P_0}{n_0T_0} \quad \text{бұдан} \quad n = n_0 \frac{PT_0}{P_0T} \quad (8)$$

(8) формуланы (7) формулаға қою арқылы ауа молекуласының эффективті диаметрі табылады.

$$d = \sqrt{\frac{TP_0}{\sqrt{2\pi} n_0 PT_0 \lambda}} \quad (9)$$

Бұл формулада  $n_0$ - Лошмидт саны,

$p_0T_0$  – қалыпты жағдайдағы ауаның қысымы мен температурасы, (3) формула арқылы табылады.

$\bar{\lambda}$  – орта еркін жол ұзындығы,

$P, T$  – тәжірибе кезіндегі газдың қысымы мен температурасы. Олар термометр мен барометр арқылы табылады.

*Жұмыстың орындалу тәртібі:*

Керекті құрал-жабдықтар:


- штативке бекітілген шыны ыдыс,
- секундомер, барометр,
- термометр, мензурка

(сурет 1 көрсетілген).

1. Баллонға  $A$   $3/4$  бөлігі толғанша су құяды, судың бастапқы деңгейін өлшеп алады.
2. Кранды ашып, су жайлап аға бастаған кезде секундомерді іске қосады.
3. Стаканға  $50-80 \text{ см}^3$  су жиылғанда секундомерді тоқтатады, кранды жабады. Сөйтіп судың соңғы деңгейін  $h_2$  - белгілеп алады.
4. Мензурка арқылы су көлемі  $V$  анықталады. Ол баллонға кірген ауа көлеміне тең болып табылады.
5.  $h_1$  және  $h_2$  мәндерін пайдаланып, (3) формула арқылы қысым табылады.
6. (5) формула арқылы ауа молекуласының орта еркін жол ұзындығы табылады.
7. (9) формуламен ауа молекуласының эффективті  $d$  диаметрі табылады.
8. Өлшеу нәтижелері кесте 1-ге жазылады.

Кесте 1

№	$r$	$T, K$	$h_1, \text{ м}$	$h_2, \text{ м}$	$\Delta p, \text{ Па}$	$V, \text{ м}^3$	$\bar{\lambda}, \text{ м}$	$S_n$	$\Delta \lambda$	$\omega \%$	$d, \text{ м}$
1	0,16·10 <sup>-3</sup> м	273+20=293	5.10 <sup>-2</sup>	2,6.10 <sup>-2</sup>							
2			6.10 <sup>-2</sup>	5.10							
3			7.10 <sup>-2</sup>	5.10							
4			8.10 <sup>-2</sup>	5,8. 10 <sup>-2</sup>	107,8	62.10 <sup>-9</sup>	6,5.10 <sup>-8</sup>				3.12.10 <sup>-10</sup>
5			8.10 <sup>-2</sup>	5.10							



$$\mu_{\text{ауа}} = 29 \cdot 10^{-3} \frac{\text{кг}}{\text{моль}},$$

$$k = 1.38 \cdot 10^{-23} \frac{\text{Дж}}{\text{К}},$$

$$T_0 = 273 \text{ К},$$

$$R = 8.31 \frac{\text{Дж}}{\text{моль} \cdot \text{К}},$$

$$g = 9.8 \frac{\text{м}}{\text{с}},$$

$$P_0 = 10^5 \text{ Па},$$

$$\rho_{\text{су}} = 1000 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3},$$

$$n_0 = 2.69 \cdot 10^{25} \frac{1}{\text{м}^3},$$

$$T = 273 + t, P = 695 \cdot 133.33 \text{ Па}.$$

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кикоин И.К., Кикоин А.К. Молекулярная физика. – М.: Наука, 1967.
2. Сивухин Д.В. Общий курс физики. – М.: Наука, 1975.
3. Физикалық практикум. Иверонованың редакциясымен. – М.: Наука, 1967.
4. Сарсенбаев.Ж, Ильясов Н. Молекулалық физика. – Алматы: Бастау, 2000.
5. Млодзеевский А.Б., Краткий учебник молекулярной физики. –М. – Л.: Гостехиздат, 1941.
6. Кедролыванский В.Н., Метеорологические приборы, – М. – Л.: Гидрометиздат, 1947.
7. Курс физики под редакцией Н.Д. Папалекси, т.1, – М. – Л.: Гостехиздат, 1948.
8. Хвольсон О.Д., Курс физики, т. III, гл.VI, §§ 1-3 и гл. VII, §§ 1-6, Государственное издательство. – Берлин, 1923.

### РЕЗЮМЕ

**Шакарбеккызы А.,** магистр физики, преподаватель, **Маханбетова С. Е.,** магистр физики, преподаватель, **Айдарбекова А.,** магистр физики, преподаватель  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

### ОПРЕДЕЛЕНИЕ СРЕДНЕЙ ДЛИНЫ СВОБОДНОГО ПРОБЕГА И ЭФФЕКТИВНОГО ДИАМЕТРА МОЛЕКУЛ ВОЗДУХА

В настоящей работе показана экспериментальные значения физических постоянных и доказательств их закономерности.

**Ключевые слова:** Мензурка, молекула, штатив, термометр, барометр, кран.

### SUMMARY

**A. Shakarbekkyzy,** Master of physics, lecturer, **S.E. Mahanbetova,** Master of physics, lecturer, **A. Aidarbekova,** Master of physics, lecturer  
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

### DETERMINATION OF THE AVERAGE FREE PATH LENGTH AND EFFECTIVE DIAMETER OF THE AIR MOLECULES

In the real work is shown to the students how to get on experiment physical permanent and proof of conformity.

**Keywords:** Beaker, molecule, tripod, thermometer, barometer, crane.

УДК 378.016:811.111

**РОЛЬ ИНТЕНСИВНОЙ МЕТОДИКИ В СИСТЕМЕ  
ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ**

*Г.К. Манапова, ст. преподаватель  
(г. Алматы, Казахский государственный  
женский педагогический университет)*

**Аннотация:** В статье говорится о роли интенсивной методики в системе обучения иностранному языку. Главной задачей интенсивного метода обучения является создание навыков говорения, расширение коммуникативных навыков обучающихся.

**Ключевые слова:** интенсивная методика, навыки, аудирование, учебный процесс, полилог.

Методика интенсивного обучения позволяет достичь впечатляющих результатов в обучении иностранному языку как по объему усвоенного, так и по срокам обучения. Главной задачей интенсивного метода обучения иностранному языку является овладеть в условиях жесткого лимита времени, иностранным языком как средством общения и средством познания, выработать умения и навыки понимания устной речи на иностранном языке в нормальном (естественном) или близком к нормальному темпе при практически неограниченной бытовой, общественно-политической и общенаучной тематике.

Умение понимать устную речь, вырабатываемое на самом начальном этапе интенсивного обучения, совершенствуется, превращается в навык уже в самом курсе обучения, и обеспечивает понимание от 50% до 100% объема получаемой на слух информации. В реальных условиях общения объем понимания устной речи на иностранном языке может быть увеличен за счет развития навыка антиципированного понимания, за счет «иноязычной активности» слушающего, который может задать вопрос по поводу непонятого им или попросить разъяснить отдельные моменты речи. Участие в общении предполагает овладение устной речью на иностранном языке, т.е. создание навыка говорения. В отличие от аудирования, собственно говорение не предъявляет столь высоких требований к объему словаря, объему языкового материала как условию, обеспечивающему реализацию этого навыка. Однако, говорение довольно жестко устанавливает объем необходимого минимума словарного и вообще языкового материала, которым должен овладеть обучаемый для полноценного участия его как личности в процессе общения. Этот минимум, кроме словарного и грамматического материала языка, предполагает овладение целым рядом основных экстралингвистических средств данного языка, как например, абсолютный темп речи, характер пауз (их длительность и размещение), а так же жесто-мимические особенности данного языка.

Группа для занятий по интенсивной методике должна состоять из 10-12 человек, с возможным увеличением до 20 человек. Такое количество обучаемых позволяет, с одной стороны, контролировать преподавателю каждого обучаемого индивидуально, а с другой, использовать педагогические возможности коллектива, роль которого в этом методе чрезвычайно велика и будет в дальнейшем подробно проанализирована. Расположение обучаемых также отличается от традиционного – обучающиеся сидят полукругом в мягких глубоких креслах. Это необходимо для создания естественных условий общения, облегчения визуальных контактов и использования приемов суггестии при обучении. Аудитория должна быть оборудована слайд-проектором, двумя магнитофонами, экраном и доской. Это – минимально необходимые технические средства для нормального обеспечения учебного процесса. Для управления техникой желательно иметь специально подготовленного ассистента, обеспечивающего аудио-визуальную поддержку.

До начала занятий рекомендуется провести с обучающимися беседу, во время которой преподаватель знакомится с ними и объясняет, как будет протекать учебный процесс, какие задачи стоят перед ними, как они должны заниматься в аудитории и дома, и на какие результаты они могут рассчитывать. Все занятия объединены одним сюжетом – группа иностранных гостей посещает нашу страну. Это позволяет обеспечить логичный переход от урока к уроку. Обучающиеся становятся участниками туристической группы и, тем самым, участниками всех событий, которые с ней происходят. Очень важно, что на первом занятии все обучающиеся получают имена иностранных гостей, которые становятся их именами (масками, ролями) на все время курса. Это помогает решению целого ряда серьезных задач: психологических, психотерапевтических, методических, языковых и т.д. В частности это дает возможность обеспечить «погружение» обучаемых в языковую среду и на время как бы «отключить» родной язык, заменив его изучаемым языком.

Роли, в которых выступает обучающийся, помогают ему активизировать свои творческие возможности, способствуют раскрытию и проявлению его личности. Ролевые игры, игровая деятельность повышают эмоциональный статус учебного процесса. В результате занятия превращаются в живую, интересную, захватывающую деятельность. Весь языковой материал курса разбит на микроциклы, каждый из которых содержит: основной текст-полилог, тексты монологического характера, лексико-грамматический комментарий, домашние устные и письменные задания. Все полилоги, как было сказано выше, объединены сквозным сюжетом – посещением нашей страны группой иностранных туристов. Каждый полилог один из этапов визита. Таким образом моделируется речевое поведение обучающихся в разнообразных ситуациях речевого общения.

Основной текст-полилог каждого микроцикла содержит не менее 150 новых лексических единиц (первые три - не менее 300 ед. каждый) и отобранные грамматические явления. Кроме того, в каждом полилоге есть грамматический материал на опережение. Лексико-грамматический материал включен в ситуации, развивающие тему данного урока. Диалоги динамичны и естественны, что способствует их легкому запоминанию. Они представлены с пофразовым переводом на родной язык для того, чтобы передать более точный смысл высказывания и исключить потребность обучаемого в словаре. Перевод на родной язык является не литературным переводом, а имеет характер подстрочника.

Дополнительные тексты носят, в основном, монологический характер. Они связаны с основным текстом тематически и построены на его лексико-грамматическом материале. Тексты составлены таким образом, чтобы студенты могли сопоставлять, сравнивать реалии нашей страны и страны изучаемого языка и, тем самым, приобщаться к культуре этого народа. Тексты позволяют решать одновременно несколько задач в ходе обучения. Прежде всего они являются дополнительным средством для обучения монологической речи. Аудирование и обучение всем видам чтения, а также техники чтения осуществляется именно на этих текстах. Кроме того, они постепенно подготавливают обучающихся к чтению адаптированной, а затем и оригинальной литературы.

Домашние задания представляют собой форму самоконтроля усвоения изучаемого языка. Устные задания предлагают обучающимся продумать и найти языковые средства для решения конкретной задачи. Это заставляет студентов целенаправленно просмотреть полилог, выбрать и скомбинировать нужные ему коммуникативные блоки, обратиться к комментариям за разъяснением, т.е. провести осмысленную работу. Итог такого поиска фиксируется в письменной или устной форме. Письменные задания тренируют употребление форм языкового материала, определенных грамматических явлений и т.п. Лексико-грамматический комментарий является опорой для самостоятельной систематизации языкового материала обучающихся. Им предлагается ознакомиться с комментариями лишь после того, как все объясняемые в комментариях явления уже знакомы, так как многократно употреблялись ими в речи. Остановимся подробнее на методике работы с основными дидактическими единицами интенсивной методики текстами-полилогами. Методика предполагает четырехкратное введение полилога.

1. Первичное предъявление или введение в ситуацию. На этом этапе введения преподаватель эмоционально, в лицах от имени ролей-масок, излагает содержание полилога с переводом на русский язык каждой фразы. Так вводятся первые три полилога, которые составляют устный вводный курс. В дальнейшем, по завершении этого курса, переводятся лишь незнакомые слова или фразы. Введение в ситуацию может занимать от 30 до 5-10 минут в дальнейшем. Первые три полилога, при проведении вводного курса, излагаются и переводятся подробно. Начиная с четвертого, излагается только общая ситуация и делается выборочный перевод.

2. Второе предъявление, или дешифрация полилога. Перед началом второго предъявления преподаватель, предварительно попросив обучающихся встать в круг, говорит: «Смотрите на меня! Слушайте меня! Повторяйте за мной! С моими жестами, с моей мимикой, с моей интонацией». Этот этап введения занимает 30-40 минут. Он проводится по схеме: преподаватель (фраза на иностранном языке) – хор (повторение) – преподаватель (перевод) – преподаватель (еще раз повторяет иностранный текст) – хор (повторяет за преподавателем). Трудные фразы и отдельные речевые модели можно повторять до 15 раз. Чтобы добиться запоминания и снять монотонность, используются такие средства как мимика, жесты, интонация, проговаривания, переспросы, пропевание отдельных фраз и т. д.

3. Третье предъявление, или активный сеанс. Обучающимся дается установка на припоминание английской фразы после произнесения преподавателем русской фразы и на проговаривание про себя английской фразы после произнесения ее преподавателем.

После устного вводного курса студенты получают распечатанные полилоги, смотрят на английский текст и про себя повторяют его за преподавателем. Преподаватель читает по форме так называемой «интонационной люльки» (тихо-средне-громко). При этом русский текст всегда произносится тихо и нейтрально. Допускается и просто эмоциональное прочтение текста по той же схеме (русская фраза – английская фраза). Цель этого этапа – произвольное запоминание нового материала путем его узнавания. На это затрачивается 10-15 минут.

4. Четвертое предъявление, или музыкальный сеанс. Это последний этап введения нового полилога – чтение преподавателем под спокойную классическую музыку (Вивальди, Моцарта, и др.) текста полилога на английском языке (без перевода). Перед началом музыкального сеанса преподаватель говорит: «Сейчас вы услышите замечательную музыку. Под музыку я буду читать вам английский текст полилога. Устройтесь поудобнее, расслабьтесь, как на концерте. Можно вытянуть ноги и закрыть глаза, чтобы получить наибольшее удовольствие от общения с музыкой. Итак, вы на концерте». На музыкальный сеанс отводится 10 минут. Кроме функции отдыха и восстановления сил обучающихся этот сеанс способствует появлению чувства уверенности в своих силах, удовлетворенности обучением, так как, прослушав полилог в четвертый раз без перевода, обучающиеся легко воспринимают и понимают текст на английском языке. Закончив читать текст, преподаватель уходит из аудитории, не вступая в контакты с обучающимися. Дальнейшее общение преподавателя с группой не рекомендуется. Домашнее задание (прослушивание магнитофонной записи полилога дома) и все разъяснения даются заранее, перед началом музыкального сеанса. Необходимо отметить важность ритуального характера введения полилога. Ритуал состоит в том, что введение любого полилога включает 4 описанных выше предъявления. Со временем обучающиеся привыкают к такой последовательности в работе и воспринимают ее как залог своего успеха в освоении иностранного языка.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Китайгородская Г.А. Интенсивный курс. Научно-методическое пособие для преподавателей. – М., 1979.
2. Китайгородская Г.А., Леонтьев А.А. Содержание и границы понятия интенсивное обучение. В сб.: Методика и психология интенсивного обучения иностранным языкам. Изд. АПН СССР. – М., 1981.

3. Леонтьев А.А. Мыслительные процессы в усвоении иностранного языка. Иностранные языки в школе, 1975, № 5. – С. 72-76.

## ТҮЙІНДЕМЕ

*Манапова Г.К., аға оқытушы*

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

### ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАРҚЫНДЫ ӘДІСТЕМЕНІҢ РӨЛІ

Мақалада шетел тілін оқыту жүйесіндегі қарқынды әдістеменің рөлі қарастырылған. Қарқынды әдістеме бойынша оқытудың негізгі міндеті – сөйлеу арқылы қатынас жасай алуды жетілдіру, білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын кеңейту.

**Түйін сөздер:** қарқынды оқыту, дағды, техникалық оқыту құралдары, тыңдау қабілеті, оқу үрдісі, полилог.

## SUMMARY

*G.K. Manapova, senior teacher*

*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### THE ROLE OF INTENSIVE METHOD IN THE SYSTEM OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING

The article deals with the role of intensive method in the system of foreign language teaching. The main task of intensive method of training is improvement of speech interaction abilities, extension of learners' communicative skills.

**Key words:** intensive training, skills, listening comprehension, educational process, polylogue.

## ӘОЖ 81-2

### ЖАҢА ҚОҒАМДАҒЫ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУ ФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

*Е.Қ. Нұрланбекова, п.ғ.к.*

*Г.Н. Науанова, магистр оқытушы*

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Педагогика саласындағы зерттеулерде «құзыреттілік» «құзыреттілікті қалыптастыру», «қатысымдық құзыреттілік» ұғымының мән-мағынасын анықтауға бағытталған мәселелер кеңінен қарастырылуда. Сондықтан мақалада қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру ұғымына деген көзқарастардың ауқымы сөз болады. Қатысымдық құзыреттілік дегеніміз – студенттің түрлі жағдайда тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі және әлеуметтік-мәдени нормаларды сақтай отырып, ұйымдастыру біліктілігі болып та табылады.

**Түйін сөздер:** құзыреттілік, лингвистика, функционалды, интеграция, интеллектуалдық, ақпараттық.

Қазақстан Республикасы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасында көрсетілгендей, білім берудің басты мақсаты: өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру делінген. Ол үшін

тұлға құндылықты-бағдарлы, мәдениеттанымдық, когнитивтік, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық, әлеуметтік өзара қарым-қатынас, тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттіліктерін бойына сіңіруі керек. Өйткені, бұл құзыреттіліктерді игеру тұлғаның жалпы орта білім беретін мектеп жағдайында нәтижелі әлеуметтендірілуіне игі ықпал етеді. Олай болса, осындай тұлға мақсаттары мен құзыреттіліктерін, оның құнды іс-әрекеттерін жолға қоятын мұғалімнің өзінің құзыреттіліктері қандай болмақ? Оны кім дамытады және қалай? Әрине, сөз жоқ, бұл мәселені бірінші кезекте көтеретін мұғалімнің біліктілік арттыру жүйесі.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекшелігі – оның әр сабаққа құштарлықпен, шығармашылық ізденіспен, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Дамып жатқан қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, өзін-өзі жетілдіруге жауапты шешім қабылдай алатын, білікті, жауапкершілікпен ынтымақтастыққа қол жеткізу біліктілігі арқылы қалыптасып, дамыған жаңа формация мұғалімі деп атауға әбден болады. Мұғалімнің жауапкершіліктің биігінен көрінуі де жас ұрпаққа берілетін білім сапасын мейлінше арттыруды қажет етеді. Ал, білім сапасын арттыру, оның деңгейін әлемдік білім кеңістігіндегі стандарттарға сай келтіру сайып келгенде, мұғалімге, оның кәсіби құзырлығына, әдістемелік біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты. Бәсекеге қабілетті, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі және әдістемелік жұмыстағы шеберлігі бұл мұғалімге қойылатын талаптардың бірі болып табылады.

Кәсіби дамуын жобалай білетін қабілетті – арнайы құзыреттілік, кәсіптік қызметімен айналысу қабілетті – әлеуметтік құзыреттілік, педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілетті – білім беру құзыреттілігі деп қарастырған болатын [1].

«Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н.Хомский болатын. Жалпы алғанда, құзыреттілік дегеніміз – жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі. Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі болып табылады. Студенттердің құзыреттілігін қалыптастыру дегеніміз – біздің ойымызша, олардың дара тұлғалық сапасын дамыту, өзін-өзі танытуы, білімі, білігі, өзін-өзі бағалауы сияқты мәселелерді қамтиды. Құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігінің болуы. Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзыреттілікті қалыптастыру – болашақ мұғалім оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығуы, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылады.

Білім беру мазмұнына тиісті құзыреттіліктердің тізімін анықтауда, әдетте оның көп функционалдығына, пәнге тиістілігіне, пәнаралық және көп өлшемділігіне көңіл бөлінеді дей келе, негізгі білім беру құзыреттіліктері туралы көптеген нұсқаулар жасалынып, олардың негізін адам әрекеттері қабілеттерінің интеграциясы, шығармашылық потенциалы, жеке көзқарасын білдіру сияқты құзыреттіліктерді қажет ететін жағдаяттар немесе шешімін таба алмай отырған өзекті мәселелерді қамтиды. Құзыреттіліктердің негізін және оны оқушылар бойында қалыптастыру мәселесімен А.М.Баскаков, Ю.В.Варданян, В.А.Сластенин, В.А.Адольф сияқты ғалымдар айналысса, қатысымдық құзыреттіліктің ерекшеліктерімен айналысып жатқан ғалымдар да бар.

«Құзыреттілік» ұғымы ХХ ғасырдың 60-70 жылдары ғылыми аппаратқа енгізу кезеңі деп көрсетіліп, ұғымның алғышарттары ерекшеленіп, осы кезде қатысымдық құзыреттілік ұғымының пайда болғандығы туралы анықталды. Сонымен қатар осы құзыреттілік ұғымының оқыту мен практикада қолданылуын ана тілін оқытуда жүзеге асқандығын, шетелдік және отандық зерттеушілер алуан түрлі құзыреттіліктерді ұсынады. Қазіргі қоғамға

қажетті құзыреттіліктердің 37-дей түрі бар екендігін шетелдік зерттеуші Д.Равен атап көрсетеді. Соңғы жылдарда құзыреттілік әдісі белгілі бір нысан ретінде қарастырылып, жан-жақты зерттеуді қажет етіп отыр. Білім беру үрдісінің бірден-бір нәтижесі ретінде құзыреттілік атаулары да анықталуда. Құзыретті білім беру әдісі құбылыстарды тану, түсіндіруде, қазіргі жаңа технологияны меңгеруде, адамдар арасындағы қарым-қатынаста өз істерін бағалауда, әлеуметтік рөлдерін атқаруын басты назарға қойып отыр.

Қатысымдық құзыреттіліктерді зерттеуде тілдік іскерлік деп қараған шетелдік ғалым Л.Бахман мына төмендегі құзыреттіліктерді – тілдік, дискурсивтік, прагматикалық, ауызекі, әлеуметтік-лингвистикалық, стратегиялық, ойлау сөйлеу сияқты құзыреттіліктерді жатқызуға болады делінген.

Қатысымдық құзыреттілік дегеніміз – студенттің түрлі жағдайда тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі және әлеуметтік-мәдени нормаларды сақтай отырып, ұйымдастыру біліктілігі болып та табылады. Студенттің қатысымдық құзыреттілігі ауызша және жазбаша коммуникацияны меңгеруі мен әлеуметтік өміріне қажетті қабілеттерді игеруінен де байқауға болады. Тілдік бірліктерді дискурс пен пікір білдіруде шығармашылықпен қолдана білуі және дара тұлға ретінде кез келген жағдаятта ойын еркін, жүйелі жеткізуінен де көрінеді [2].

Оқушылардың өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым-қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе алуына мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілік негізінен шетел тілі сабақтарын оқыту үрдісінде қалыптасады. Қазіргі оқу жүйесінде оқушы өзінің оқуын жоспарлап, өзіне қажетті пәндерді таңдап, өз жұмысын бағалап үйренуі шарт. Оқушының алған білімін өз бетінше дамытып, жетілдіріп, жаңа формада жүзеге асырып, сынап, үнемі өзінше ізденіп, кез келген жағдаятта қолдана білуін қамтамасыз ететін құзыреттілік ол – танымдық құзыреттілік.

Ғылымилық, жүйелілік, көрнекілік, теорияны практикамен байланыстыру, саналылық пен белсенділік ұстанымдары шетел тілін оқыту әдістемесінде жылдар бойы қолданылып келе жатқан, тиімділігін практикалық жақтан толық дәлелдеген ұстанымдар болып табылады. Қатысымдық құзыреттілікте оқушы ауызша және жазбаша тілдік қатынаста тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білуді үйренеді. Қатысымдық ұстаным оқушының кәсіби біліктілігі мен қатысымдағы әрекетін жетілдіруге көмектеседі.

Қазір ғалымдардың зерттеулерінде құзыреттілікті қалыптастыру білім беру мазмұны құралдары арқылы жүзеге асады. Соның нәтижесінде шәкірттің қабілеттілігі дамып, қоғамдағы шынайы проблемаларды, тұрмыстық мәселелерден бастап, өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндіктері пайда болатындығына назар аударылып отыр. Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай, уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді.

Ал тұлғаның дамуын басқару үшін құзыретті болуы керек. Құзыреттілік ұғымы белгілі бір салада шешім қабылдауға, тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретін адамның қабілеттілігі мағынасында қолданылады. Бұл қабілеттіліктің негізін білімділік, хабардарлық және іс-әрекет тәжірибесі құрайды. Адам білімді және тәжірибені меңгеру негізінде құзыретті болады. Сондықтан құзыреттілік ұғымы қазіргі таңда елімізде, шетелде де білім берудің нәтижесі ретінде қолданылады. Құзыреттілік дегеніміз қызметтегі тұлғаның жеке мүмкіндіктерін, оның белгілі бір мәселені шешуге жағдай жасайтын біліктілігін (білім, тәжірибе) атайды. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі деп педагогикалық іс-әрекетті атқару үшін оның теориялық және практикалық дайындығын және кәсібилігін атайды [3]. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі дегеніміз – кәсіби іс-әрекетті орындаудағы мүмкіндіктері. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі ұғымы мұғалімнің жеке мүмкіндіктерін білдіреді. Ол үшін мұғалім педагогикалық теорияларды және оны практикада қолдануды білуі керек.

Мұғалімнің педагогикалық құзыреттілігі дегеніміз – кәсіби іс-әрекетті орындаудағы теориялық және практикалық дайындықтарының бірлігі [4].

Оқушылардың құзыреттілігіне қойылатын талаптарды үш топқа бөліп қарастыруға болады: жалпы адамзаттық талаптар, құзыреттілік ерекшелігін анықтайтын талаптар, белгілі пән бойынша білімдер, іскерліктер және дағдылар. Жалпы адамзаттық талаптарға тұлғаның адамгершілігі, сенімділігі, қайырымдылығы, әділеттілігі, төзімділігі, инабаттылығы, әдептілігі жатады. Ал шетел тілінің ерекшелігіне байланысты талаптарға оқушының сөйлеу мәдениетінің болуы, коммуникативтілігі, ұйымдастырушылық қабілетінің болуы, үнемі өзін-өзі дамытып отыруы, жаңашылдыққа бетбұрысы, өзгерістерге икемділігі, шығармашылық іскерлігінің болуы, жауапкершілігі, үнемі үлгі-өнеге болуы. Ал үшінші топ бойынша қойылатын талаптарға оқушының терең теориялық білімінің болуы және оның практикамен ұштасуы, белгілі деңгейде білімдерінің болуы, әдістемелік білімдерді игеруі, ақпараттық және инновациялық технологияларды қолдана алуы жатады. Шәкірттердің құзыреттілігі жемісті білімдік әрекет үшін қажетті жеке сапалардан құралады. Білімдік құзыреттік деп өзінің әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қатысымға әрдайым дайын, оқыту және тәрбиелеу әрекетінде үнемі жақсы нәтижелерге жетіп отыратын оқушыны атауға болады.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістер баланың икемділігінің артуын, яғни кәсіби және әдістемелік құзыреттілігін арттыруды қажет етеді. Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты – тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің өзекті және перспективті қажеттіліктерін өтеу; өз елінің жан-жақты дамыған, әлеуметтік өзгерістерге бейім, еңбек етуге, өзін-өзі дамытып, өздігінен білім алуға қабілетті тұлғасын қалыптастыру. Ал, бұл аталған міндеттерді орындаушы өз әрекетінің нәтижесін жоспарлай алатын, бәсекеге қабілетті, еркін ойлай алатын шәкірт [5].

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы орта білім беру стандарты. 2010.
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2004.
4. Жалпы білім беретін мектептің 5, 9-сынып мұғалімдеріне арналған оқыту әдістемесі, А.Қайырбекова, Қ.Барақова. – Алматы: Атамұра, 2004.
5. Құдайбергенова Қ.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы, 2007.

### РЕЗЮМЕ

*Нурланбекова Е.К., к.п.н., Науанова Г.Н., магистр преподаватель  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ФОРМЫ И ВИДЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

В педагогических исследованиях широко рассматриваются вопросы, направленные на выявления сущности понятия «компетенции», «формирование компетенции», «коммуникативные компетенции». С связи с этим в настоящей статье речь идет о взглядах на понятие формирование коммуникативных компетенции. Под коммуникативными компетенциями понимается способность студента в различных ситуациях производить общения на соответствующем уровне, сохраняя при этом социально культурные нормы.

**Ключевые слова:** компетентность, лингвистика, функциональный, интеграция, интеллектуальный, информационный.

## SUMMARY

*E. Nurlanbekova, candidate in phil.sciences, G. Nauanova, master teacher  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**TYPES OF FORMATION OF COMMUNICATIVE  
COMPETENCES IN MODERN SOCIETY**

In pedagogical researches the questions directed on identifications of essence of the concept «competences», «competence formation», «communicative competences» are widely considered. From communication with it in the present article formation communicative competences is about views of concept. Communicative competences are understood as ability of the student in various situations to make communication on corresponding level, keeping thus socially cultural norms.

**Key words:** competence, linguistics, functional, integration, intellectual, information.

ӘОЖ 82-131

**ЕМДЕУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ ТЫБЫКА ҰСТАУ ӘДІСІНІҢ МӘДЕНИ НЕГІЗІ  
(ШЫҒУ ТЕГІ)**

*Фарук Чолак, ф.ғ.д, доцент  
П.К. Ертаева, докторант  
(Түркия, Нийде университети)*

**Аңдатпа:** Мақалада түрік ауыз әдебиетінің бір саласына жататын тақырып – халық емі жайында айтылады. Сөздіктерде рух ауруы болып түсіндірілетін тыбықа әдісі – бұл әйелдің мойнына тесік тас тағу, тағылған тастың жібін сақтау, тұмар тағу, әулиелердің басына бару, қолға түсейін деп тұрған құсты құтқарып, өлгеннен кейін ішін босатып, төс (жастықша) етіп, оны баланың жастығының астына қою секілді дәстүрлер екені белгілі. Баласы шетіней беретін әйелдер үшін жасалатын дәстүрлі емдеу тәсілінің бірі – Тыбықа Анадолының Адана, Мерсин, Нийде, Кыршехир, Кайсери және тағы басқа қалалардың кейбір ауылдарында әлі күнге дейін қолданылып келеді.

Бұл еңбекте емдеу тәсілі ретінде тыбыканың қолданылуында кездесетін емдік әдістермен материалдардың мәдени шығу төркіні жөніндегі қорытындылар жазылған.

**Тірек сөздер:** тыбықа, халық емі, төз, рух, туу (босану) дәстүрі.

Баласы тұрмаған (өліп қала беретін) әйелдер үшін жасалатын дәстүрлі емдеу тәсілінің бірі – Тыбықа. Анадолы жерінің Адана, Мерсин, Нийде, Кыршехир, Кайсери және т.б. қалаларының кейбір ауылдарында әлі күнге дейін әртүрлі атпен қолданылып келеді. Тыбықа сөзінің нақты шығу тегі жайындағы мәліметтің болмауына қарамастан, сөздікте «Tıbık» деп берілген сөзді тыбықа сөзінің түбірі деп ойлаймыз. Құс ұстау үшін қолданылған жабысқақ зат. (Yeni Tarama Sözlüğü, 207). Тыбықа сөзінің түбірі «Tıbık» болуы екі жағдайда белгілі:

Бұлардың біріншісі «Tıbık»-тың мағынасы бір нәрсені ұстауға арналған құрал, бұл мағына баласы тұрмаған әйелге жасалатын емдеу тәсілімен сәйкес келеді. Екіншіден, сөздің құс ұстау құралы мағынасында құстың түркілердің ойлау жүйесіндегі рух балама қолданылуы арасындағы байланыстан туып отыр. Осыған сәйкес (қарағанда) баланың рухы ретінде елестетілген құстың тыбықамен ұсталуы әрекетін баяндайды.

Сөздің шығу тегімен байланысты бұл анықтамадан кейін мағынасына қатысты мағлұматты айтып кету керек. Тыбықа, Түсіндірме сөздікте «нәрестесі өмір сүрмеген, сол сәтте-ақ шетінеген әйелде болады деп есептелінетін тері ауруы» (Түсіндірме сөздік, 3907) түрінде түсіндіріледі, ал Ерман Артунның Энциклопедиялық фолклорында/ауыз әдебиеті сөздігінде Терминдер-Мотивтер-Ұғымдар атты жұмысында «Тыбыкалы әйел» тақырыбы

аясында бір материя ретінде жүзеге асырылған. Ауруды емдеу тәсілі ретінде тыбыка. Түсіндірме сөздікте «нәрестесі өмір сүрмеген, сол сәтте-ақ шетінеген әйелде болады деп есептелінетін тері ауруы» (Түсіндірме сөздік, 3907) ретінде түсіндірілген тыбыка емдеу тәсілімен байланысты әртүрлі тәжірибеде қолданылғаны анықталған. Оларды мынадай түрде жүйелеуге болады. Бұлардан алғаш баласын түсіріп алған немесе баласы шетінеген әйелге қолданылатын әдіс. Бұл әдіске байланысты Ерман Артунның Энциклопедиялық фолкльорында ауыз әдебиеті сөздігінде Терминдер-Мотивтер-Ұғымдар атты жұмысында «Тыбыкалы әйел» материясы ашылып және бұл материяның баламасы тақырыбына қатысты осы мәліметтер орын алууда.

Баласы шетінеген әйелдерге жасалатын басқа бір тәжірибеде «тыбыка» деп аталатын тастың тесігіне жіп байлап, оны тоғыз ай бойы тағып жүру керек. Баласы болғаннан кейін де аманат етіп алған бұл тасты алған жеріне қайтарып, тастың жібін нәрестесінің үстіне тағуы керек. Тыбыкалы әйел шалқасынан жатуы керек. Тыбыкалы әйел, жаңадан босанған әйел немесе жануардың немесе жаңадан жемісін бере бастаған жеміс ағашының үстіне сілкінесе баласы болады. Бірақ нәресте шетінейді, жануар өледі, ағашта содан кейін жемісін бермейді. Тыбыкалы әйел, босанған әйелдің аяғына барып сілкінеді, «менің дертім саған, сенің нәрестең маған», – дейді (Артун 2014; 460).

Тыбыканың қолданылуының екіншісі Кайсеренің Яйхалы және Адананың Феке аудандарында өмір сүрген Фарсак түркілері арасында жинақталған. Оған қарағанда, «баласы болып үздіксіз шетінегендер үшін «Мынада тыбыка желі бар» деп «*Boyu Namayilesi*» атты бір тұмар жасаттырады. Оны жүкті болған әйел ішкімдеріне тігіп қояды немесе мойнына тағады. Босанғаннан соң баласы 1-2 жасқа келгенше тастамайды» (Gökbel 1998:90).

Үшінші қолданыс болса Нийденің Улуқышла ауданы Хусние ауылынан жинақталған қолданыс. Бұл тәжірибе бойынша тыбыка, аңшы жыртқыштың аузынан ауын жемей тұрып құтқару, құтқарылған ауын бағып, баптап және өлгеннен кейін ішін босатып қапшық жасатады. Бұл емдеу тәсілі осы секілді жасалуда: «Нәрестесі шетінеген адамдар үшін тыбыка ұсталады және құтқарылған ау нәрестесі шетінеген әйелге беріледі де ол әйел аңды баптайды, аң өлгеннен соң іші тазаланып, құрғатылып туылған нәрестенің жастығының ішіне қойылады. Бұл жастықта жатқан нәресте дені сау болып өседі» (Bircan 2013:47,48).

Айрықша Нийдеде «Маймыл» ауруымен байланысты мәлімет алынған бір кісі өзінің тыбыкалы әйелдің жұбайы болғанын баяндап жасаған ем тәсілін былайша баяндайды: «Мен тыбыка еркекпін. Маймыл инесін пайдаланамын. Иненің ұшын тигізер тигізбес батырамын. Қандай дуа есіме түссе соны оқимын.

Бисмиллаһиррахманирахим

Қол менен

Себеп Аллаһтан

Қүдіреті Аллаһтан» (Çolak 2015:65).

Маймыл ауруын емдеумен айналысатын ошақ иесі қызу кісі, (Санасыз түрде) ештеңенің мән-жайын білмей тұрып психикалық ауру деп анықтама беруде. Мұнда ауру емделушінің өзі «*тыбыка еркек*» ретінде жүзеге асырылған басқа бір ерекшелік болып табылады.

Ерекше Кыршеһир диуаналарында тыбыка тывыға ретінде көрінуде және ауру, әлсіз, жара-мара ішінде болған адам немесе бала (Saygılı 2015:46) мағынасында қолданылууда. Бұл түрдегі кісілер, ауру тасығандығы мен тасыған аурудың нәрестеге өтетініне сенетіндіктен жаңадан босанған әйелдің жанына отырғызылмайды. Бұл ауру түрімен ауыратындар нәресте көруге бармайды (Saygılı 2015:46,47). Тыбыканың мәдени шығу тарихы. Жоғарыда берілген анықтамаларға қарағанда, Анадолыдан шыққан тыбыка емдеу тәсілі тәжірибелерінде бірліктің болмағандығы айқын көрінуде. Анықтамалардағы ортақ нәрсе тыбыка емделу керек болатын ауру түрі ретінде қабылдануда. Аурудан емделу сатысының айырмашылықтары сол аурудың мәдени шығу тарихынан белгілі екендігі айтылууда.

Тыбыка қолданылуының мәдени шығу тегінде түркілердің ойлау жүйесіндегі рух елестетумен байланысты ой-толғау мен нанымдар жатыр. Жұмыстың бұл сатысында

тыбыканың мәдени шығу тарихын баяндау үшін баласы тұрмаған әйелге қолданылған және жоғарыда айтылған тәжірибелер сынға алынады.

Бұл тәжірибенің алғашқысы, тыбыкалы әйелдің жаңадан босанып, басқа бір өзі де баласы да дені сау әйелдің аяғының ұшына барып, бір жануардың немесе жаңадан жеміс берген жеміс ағашына барып сілкіну әдісі. Сілкіну көрінісі арқылы аурудың бір нәрседен екінші нәрсеге көшіру әдісі көшіру атымен белгілі және қырғыздар да бұл әдіс көшөт деп аталады. Ауруды немесе бір бақытсыздықты басқа бір затқа, мысалы ерекше бір салтанатпен шығарылған құрғақ басқа көшіру салтанаты деп аталады (Yuhadin 1965: 434' den; İnan 1991: 247,248 ). Көшіру әдісі арқылы ауруды емдеу тақырыбында Жен Паул Рокхтың зерттеген бір оқиғасына келер болсақ:

«Шамандықтар, әкесінің өлімінен кейін қаған болған Үгедейді емдей алмағасын, інісі Тұлуй өзіне келіп былай деді: Мына кесені ал да Көк Тәңіріне дуа оқы: Ей Көк Тәңірі, шексіздік иесі! Егер құлдарыңды жасаған күнәлары үшін жазалап жатқан болсаң, білгеніндей мен одан өткен күнәармын, өйткені соғыста көптеген адамдарды өлтірдім, көптеген әйелдер мен балаларды ұрладым, көптеген ата-аналардың көз жастарын ағыздым; жоқ керісінше, жанына әдемі де дарынды, Тәңірі жолындағы адамдарды шақыруды қаласаң, мен одан да көбірек лайықпын: Үгедейдің орнына мені ал! Оны бұл аурудан құтқар! Ол ауруды маған көшір! Дәл сол кезде өлім суын ішті: Үгедей сауықты, Тұлуй өлуден кешікпеді» (Roux 2002:85).

Ескі моңғолдардан жаратылыстың тарихи ресурстарынан білуіміз бойынша және Қорқыт Ата әңгімелері арқылы шындыққа жанасатын бұл әдіс Анадолы жағрафиясында кеңінен таралған, бау-бақша және үйлеріне ырым ретінде сүйек іліп қою, жүкті әйелдің аяғына және жеміс ағашының сілкіну әдісін кездестіреміз. Баласы тұрмаған әйелдерге байланысты басқа тәжірибеде, тесігі бар тасқа жіп өткізіп тыбыкалы әйел тоғыз ай бойы мойнына тағып жүруі тиіс болған. Баласы болғаннан кейін де аманат етіп алған бұл тасты алған жеріне қайтарып, тастың жібін нәрестесінің киіміне байлап, баламен бірге алынып жүрген. Бұл тәжірибе арқылы алдымызға екі маңызды мәдени мәлімет шығуда. Олардың біріншісі – тас және тастарға қатысты тәжірибелер болып, Түркі әлеміндегі тастарға байланысты тәжірибелерге едәуір қорытынды жасайды. Екіншісі – тас байлаған жіпті баламен бірге алып жүру тәжірибесі. Бұл тәжірибе басқа бір мәселе ретінде алдымызда тұр.

Басқа бір тыбыка тәжірибесінде баласы тұрмаған әйелде тыбыка желі деп аталатын жағдайы бар саналып, ол рухани (психикалық) жағдайы делінеді. Рухани қалыпты жағдайдың бұзылуын жою үшін діни емдеу тәсілі қолданылуда. Алтай халықтарында халықтық медицина мен емдеу тәсілдері ешбір заманда көршілес моңғолдар сияқты кең таралмаған. Алтай халықтары шипалы шөп, тұз және тағы басқа әдістермен емдеуді білмеген. Әр аурудан рухтардың күшін іздеген (Anopin 2006:28). Бұл түр ауруының емі шамандықтар тарапынан жасалғандығы анықталған. Нийдеде шыққан «*тыбыка еркек*» термині, бұл түр психикалық ауруларды емдеу жолының шығуының шамандарға дейінгі кезде шыққандығының дәлелі болып табылады.

Тыбыка тәжірибелері арасындағы маңызды деп санағанымыз тәжірибе бұл бір жыртқыштың аузынан ауды алу, алынған аудың бапталуы мен өлгеннен кейін ішін босатып бөстек халіне келтіріліп, баланың жастығының ішінде сақталуын айтады. Бұл тәжірибеде түсіндірілуі керек болған екі нүкте шығады. Олардың біріншісі – олжаның (ау) жыртқыштың аузынан алынуы, екіншісі ауланған олжаның өлгеннен кейін ішін босатып, бөстек халінде сақтау тәжірибесі. Бұл тәжірибелерде ау халіне келген жануардың құтқарылуы рухтың бір құс ретінде елестетілуімен байланысты. Түркілердің ойлау жүйесінде рух адамның егізі ретінде түсіндірілуде және бұл егіздің денеден шыққаннан кейін құс келбетінде көрінуімен байланысты мәліметтер орын алуда. Рух пен құс арасындағы қатынас туралы Жен Паул Рокс:

«Жануарлардың негізгі дене бітімі себебімен өлілер ұшқанда негізінен сұңқарға, қараторғайға және шыбын кейпіне айналады. Біраз әңгімелерде рухтың өзге денеге енуден алдын көкте құс күйінде өмір сүргендігі және мұның кең көлемде таралуы себебінен адам

рухының құс кейпінде болғандығы жоғары көрсеткіш. Тек қолымыздағы ескі мәлімет рухтың туудан алдын құс кейпінде болғандығын дәлелдей алмайды» (Roux 2002:166).

Көзқарастарын алға тартады. Рухтың құс ретінде елестетілген пікірлерден зерттегеніміз, сол жағдайда ауланудан құтқарылған жануар шетінеген нәрестенің рухын көрсетеді. Нәтижесінде бұл тәжірибе Рокстың қолымызда жеткілікті мәлімет табылмағандығын көрсетіп, рухтың құс ретінде елестетілуіне маңызды бір тірек құрылуда.

Ауланудан құтқарылған аудың (аңның) өлгеннен кейін іші босатылып, бөстек халінде сақталуы – мұндағы бөстек қуыршақ мағынасында қолданылып, шамандықтардың наным бойынша шаманның жәрдемші рухтары ретінде сендіріледі.

Жалпы Алтай шамандарында *kut*, *süna ve yula* деп аталып, адамның егізі ретінде түсіндірілуде. Кез келген шаман өлгенде оның *yulası* жер бетінде қалуда және «*körmese*» айналуда. *Körmese* айналдырылған бөстектер, яғни баба рухы кез келген өмір сүріп жатқан шаманның тұлғалық көмекшісі ретінде өмір сүруде (Potarov 2012:87,88). *Tösler*, тек ұлы адамдар мен шамандарды еске алу үшін емес, сонымен қатар адамдарды еске алу үшін де жасалады. 1253 Франция патшасы IX Людвиг атына саяхатқа шыққан Уилхелм Вон Рубрук, ұйғырлардың жалғыз Тәңіріне сенетіндіктерін, Тәңірінің бейнесін жасамағандары, соған қарамай одан алдын пұтқа табынғандығын көреді. Бұл жағдайдың себебін сұраған кезде Буддист рахып, бұл пұттармен Тәңірін бейнелемегендігін, отбасында біреуі қайтыс болған кезде әйелі немесе басқа бір туысы тарапынан өлген адамның мүсіні жасалғандығы, бұл мүсіннің шіркеуге қойылғандығы, оған құрмет көрсету, айрықша моңғолдардың бұл мүсінді киізден жасағандығы айтылады (İnan 1987:270).

Айрықша әр шаманның жалпы екі рух категориясы бар: Қорғаушы және Көмекші рухтар. Қорғаушы рухтар Ұлы Тәңірі мен рухтардан тұрады, олар Үлген және ұлдары т.б. Көмекші рухтар өз ішінде екі топқа бөлінеді де олардың біріншісі *tös* атымен белгілі шаман бабаларының рухтарын құрайды (Potarov 2012:98,99). Алтай шамандарына тән көмекші рухтар категориясы арасында ең кең таралған деп есептелетін *töster* шаманының қан қысымы ретінде саналатын өлген шамандардың рухтары болып табылады (Potarov 2012:100). Мұндағы сөзге тақырып болған *töster*, Бараба татарларында сопы адамға ұқсайтын *tef* сопы Үлгенің немесе Абуғаның (Абакан өзені жоғарысындағы бір таудың аты) қыздарының мата қуыршақ күйіндегі түрлері аталып, қолданылған. Матадан жасалған және ішіне талшықтар толтырылған тоғыз (немесе жеті) қуыршақ. Ак кыстар «пәктер» деп аталатын адамға ұқсаған, Үлгенің қыздарының символы болды. Үлгенің қыздарының кей Алтай шамандарының *tef*-терінде бейнелері жасалған. Бұл бейнелер Сагай және Качин *tef*-терінде де дәл осынша табылды, тек Кутсал тау иесінің қыздары «сары қыздар» (Сары Қыз) болып танылды (Potarov 2012:263). Шамандар, айтқан дуаларда баланың рухы Ұмай терминімен алмастырылмайды. Перзенті болмаған немесе ерте жаста өлген отбасылар үшін бала құдайынан перзент тілеген Шамандар, Ұмай емес кут қалайды (Potarov 2012:341). Құттың рух ретінде қолданылуы жаман рухтардың бесіктен қуу үшін Шаман шақырған. Шаман, баласы болмаған немесе баласы тұрмаған әйелдің шын нәрестені бейнелейтін матадан жасалған қуыршақты жасап бесікке жатқызуын қалаған (Potarov 2012:341). Ауланудан құтқарылған олжаның өлгеннен кейін ішін босатып, бөстек халінде сақталған тәжірибесі шамандықтардың нанымдарымен тікелей байланысты. Қорыта келгенде, тыбықа емдеу тәсілінде қолданылған тәжірибелерде мойынға тесік тас тағу, тесік тас тағылған жіптің сақталуы, тыбықа ауруының жеміс ағашы немесе жаңа туылған нәрестенің үстіне сілкіну арқылы сауықтырылу, құстың рух ретінде елестетілуі немесе рух ретінде елестетілген құстың бөстегі сақталған түрдегі тәжірибелерінің соңы ескі түркі нанымдары түрінде байқалады.

## РЕЗЮМЕ

*Фарук Чолак, ф.э.д, доцент, П.К.Ертаева, докторант  
(Туркия, Нийде университети)*

### ЕМДЕУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ ТЫБЫКА ҰСТАУ ӘДІСІНІҢ МӘДЕНИ НЕГІЗІ (ШЫҒУ ТЕГІ)

### КУЛЬТУРНАЯ ОСНОВА МЕТОДА ХРАНЕНИЯ ТЫБЫКА КАК СПОСОБ ЛЕЧЕНИЯ (ПРОИСХОЖДЕНИЯ)

В статье рассказывается о теме турецкого фольклора связанной с национальным лечением. Тыбыка, который является одним из традиционных методов лечения, применяемых к женщинам, которые не могут родить детей. Как описано в словарях метод Тыбыка это духовная болезнь. Метод Тыбыка выполняется путем вывешивания перфорированную камень на шею женщины, сохраняя нить, который используется для подвешивания камня, носить амулет, посетить погребение святых, вынимая внутренние органы птицы, чтобы был спасен и нужно положить эту птицу под подушку ребенка. Тыбыке до сих пор используются в Адане, Мерсине, Нигде, Кыршехире, Кайсери и других городах и в некоторых деревнях. В этом исследовании представлены, культурные корни методов лечения и материалы в практике Тыбыки.

**Ключевые слова:** Тыбыка, народная медицина, дух, птицы, традиция рождения детей.

## SUMMARY

*Farukh Cholak, P.K.Ertaeva, PhD  
(Turkey, Niigde University)*

### AS KEEPING TREATMENT TECHNIQUES CULTURAL ORIGINS OF THE TIBIKA CATCHING APPLICATION

Tıbıka, which is one of the traditional treatments applied to the women whose children cannot manage to survive, is practiced in Adana, Mersin, Nigde, Kırsehir and Kayseri and these some villages. As it is described as a spiritual illness in dictionaries, Tıbıka can be performed by putting up a perforated stone, keeping the nope of the stone that is used for hanging, shoulder belt or visiting entombed saints, taking out the internal organs of the bird that was saved from hunting and putting this bird under the pillow of the child. In this study, cultural roots of the treatment techniques and materials in Tıbıka practices are presented.

**Key Words:** Tıbıka, folk medicine, tös, spirit, bird. tradition of birth.

**ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО  
HISTORY, ECONOMY AND LAW**

**ӘОЖ 74.26  
И 43**

**ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҢ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА  
МЕДИАБІЛІМНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*А.С. Игисина, п.ғ.магистрі, аға оқытушы  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада білім беру жүйесіндегі жастардың құқықтық санасын қалыптастыруда медиабілімнің ерекшелігі мен медиақұралды пайдаланудың тиімділіктері көрсетілген. Қазіргі заманда жастарды өз мемлекетінің саяси-әлеуметтік, қоғамдық құрылымын, заңдарын, рәміздерін, адам құқықтары мен бостандықтарын, заңда бекітілген міндеттерін білетін және осы аталған институттарды қадірлейтін, оларға қол сұқпайтын құқықтық саналы, әрі мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі, мемлекеттің көкейкесті мәселесі.

**Түйін сөздер:** білім, корпоративтік бизнес, мәдениет, жастарды тәрбиелеу.

Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер оқытушы қажет екендігі сөзсіз. Қазір заманның да, қоғамның да талабы өзгерген. Бүгінгі күні жастардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде өзгеше. Мәселен, өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін болғандықтан, кез келген педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан-жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр.

Қазіргі заманда жастарды өз мемлекетінің саяси-әлеуметтік, қоғамдық құрылымын, заңдарын, рәміздерін, адам құқықтары мен бостандықтарын, заңда бекітілген міндеттерін білетін және осы аталған институттарды қадірлейтін, оларға қол сұқпайтын құқықтық саналы, әрі мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі, мемлекеттің көкейкесті мәселесі. Осы тұста оқытушының білім алушы жастарға да қазіргі таңда құқықтық мемлекеттің жан-жақты дамыған жеке тұлғасын қалыптастыру, яғни жаңа заңды терең түсініп және оны игерген саналы жастарды тәрбиелеу басты мәселесі.

Жастарға берілген дұрыс құқықтық білім мен тәрбие арқылы олардың құқықтық санасы қалыптасып, жетіледі. Адамның құқықтық санасы қалыптаспай, оның құқықтық мәдениеті жетілмейді. Сол себепті құқықтық сананы қалыптастыру мәселесіне көп көңіл бөлген дұрыс. Жастардың құқықтық білімін дамыту арқылы оның құқықтық санасы, құқықтық мәдениеті мен белсенділігі арта түседі. Осы қасиеттер жастардың бойында қалыптасуы арқылы құқықтық мемлекет азаматының тұлғасы қалыптасады. Кез келген құқықтық мемлекет үшін моральдық-этикалық принциптерді, салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғыларды, тәртіп ережелері мен құқықтық норма талаптарының қатаң сақталуын өз азаматтарынан талап ете отырып, тұрғындарының әрбір жаңа ұрпағының бойына құқықтық сана мен құқықтық мәдениет нышандарын сіңдіру арқылы оларды адамгершілік-құқықтық тұрғыдан әлеуметтендіріп, қоғамдық өмірге белсенді де адал азамат ретінде қосудан артық парыз жоқ.

Соңғы жылдары жастар арасында қару-жарақ, есірткі сату, әртүрлі алаяқтық әрекеттер жасау, ішкілікке салынушылық, нашақорлық сияқты зиянды әрекеттердің кең тарауы, соның негізінде қылмыс жасалып, құқық бұзушылық көбейіп кетуі, осы келеңсіз жайларды

болғызбау жөніндегі жұмыстың босансуы алаңдаушылық туғызады. Кәметке толмаған 14-16 жас аралығындағы жастардың топтасып жасаған қылмыстары ересектерге қарағанда 1,5-5 есе көп екен. Осындай келеңсіз жайттардың жүрек ауыртпауы мүмкін емес, өз болашақтарына балта шауып, қоғамға қауіпті іс-әрекеттерге баруының бірден-бір себебі құқықтық сауаттылықтарының аздығынан, жастардың әр нәрсеге немқұрайлықпен қарауынан болып жататыны белгілі.

Осы тұста білім беру салаларында жастардың құқық саласына ден қойып, олардың құқықтық санасына жол табу. Құқықтық пәндерді оқытудың басты мәселелерінің шешімі білім беруде материалдық-техникалық базаны көтеру қажет, сондай-ақ, жастардың құқықтық сауаттылығын жолға қою мақсатында, құқық саласына қатысты диспуттар, дөңгелек үстелдерді құқық органдарының қызметкерлерімен, заңгер ғалымдармен ұйымдастыру мақсатында талқылаулар, жыл сайын құқықтық білім олимпиадаларын өткізуді дамытып, жан-жақты жетілдіре беру, құқықты білгірлер конкурсын ұйымдастыру арқылы жастардың құқық саласына деген қызығушылықтарын арттыру қажет.

Қазір ХХІ ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында барлық білім ордасы компьютермен қамтамасыз етілген. Олай болса, барлық сабақтарды компьютердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Құқық пәндерін оқыту құралы ретінде компьютерді қолдану – оқу үрдісін белсендіруге, оқытуды жекешелендіруге, жастардың өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады. Ақпараттық коммуникациялық технологиясымен жұмыс істеу – білім беру жүйесінде медиакұралдарды толыққанды пайдалану. Оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді [1]. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері оқытушылардың өз біліктіліктерін, бейне және ойын бағдарламаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Әдістеменің ерекшеліктері:

Оқытудың компьютерлік әдістері интерактивті боп саналғандықтан, оқытушы мен білім алушының әрекетіне «дыбыс беру», олармен диалог «жүргізу» қабілеті бар. Бұл компьютерлік оқыту әдістемесінің ең негізгі ерекшелігі болып табылады.

Оқытушылар үшін компьютер оқыту процесінің барлық этаптарында қолданылады: жаңа материалдарды түсіндіргенде, бекіткенде, қайталағанда білімін, іскерлігін және дағдыларын шыңдайды.

Оқытушы қызметінде компьютер:

-оқыту ақпаратының көзі (оқытушыны және кітапты жартылай немесе толық алмастыра алады);

-көрнекі құрал (мультимедиа және телекоммуникация мүмкіндіктерімен сапалы жаңа деңгейде);

-дербес ақпараттық кеңістік;

-тренажер;

-диагностика және бақылау құралдары.

Электрондық оқулықты пайдалану оқытушының да ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы білім алушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу мәтіндері түрінде, мультимедиялық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Осы

электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін-өзі тексеру жүйесі оқытушы мен білім алушының арасындағы байланысын алмастырады [2].

Электрондық оқулықтарды пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек оқытушының айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, білім алушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне түрткі болады.

Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Әртүрлі пән сабақтарында жаңа ақпараттық технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Қазіргі таңда педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық-коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Құқықтық мемлекет азаматы ретінде жастарды өз Отанының патриот жастары ретінде қалыптастыру басты мәселе. Бұл орайда, мемлекетке, қоғамға, жеке тұлғаға заңсыз әрекеттерге бармайтындай өз Отанының патриот жастарын тәрбиелеуге ұмтылу басты мақсатымыз болып табылмақ.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жилавская И.В. Медиаобразование молодежной аудитории. – Томск: ТИИТ, 2009. – 322 с.
2. Бейсенбаева А.А. Мектептегі оқу-тәрбие процесіндегі пәнаралық байланыс. – Алматы, 1991. – Б. 16.

### РЕЗЮМЕ

*Игисинова А.С., магистр п.н, старший преподаватель  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ОСОБЕННОСТИ МЕДИАЗНАНИЙ В ФОРМИРОВАНИИ ПРАВОВОГО СОЗНАНИЕ У МОЛОДЕЖИ

В статье рассматриваются эффективность использования медиасредств и особенности медиаобразования в системе образования формировать правовое сознание молодежи.

**Ключевые слова:** образование, корпоративный бизнес, культура, воспитание молодежи.

### SUMMARY

*A.S. Igisinoва, master of ped. sciences, senior lecturer  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### FEATURES OF MEDIA KNOWLEDGE IN SHAPING THE RIGHT CONSCIOUSNESS OF YOUNG PEOPLE

In article use of media means and feature media education in system education are considered efficiency to form legal consciousness of youth.

**Key words:** education, corporate business, culture, education of youth.

## СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ГОРОДСКОГО НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА

*Л.Т. Кожакеева, д.и.н., и.о. профессора  
(г. Алматы, Казахский государственный  
женский педагогический университет)*

**Аннотация:** Статья связана с вопросами о населении малых городов Казахстана XX века. Рассматриваются процессы государственной урбанизации. Показаны динамика роста населения городов. Дан анализ перераспределения городского населения в малых и средних городах республики.

**Ключевые слова:** город, урбанизация, люди, процесс, макет.

Урбанизация является ведущей тенденцией мирового развития, однако при наличии общих черт процесс урбанизации в разных странах имеет свои особенности, которые выражаются в уровне и темпах урбанизации. По уровню урбанизации можно выделить: высокоурбанизированные, среднеурбанизированные и слабоурбанизированные страны. К первой группе относятся страны, в которых доля городского населения составляет более 50%, во вторую группу входят страны, где доля городского населения – 20-50% и третью группу представляют страны с долей горожан менее 20%.

Казахстан входит в группу высокоурбанизированных стран (доля городского населения в нем в 2012 году составляла 54,7%) и обладает своими особенностями урбанизации, проявляющимися в замедлении роста численности городского населения, небольшом количестве городов-миллионеров и субмиллионеров, преобладании малых и средних городов в структуре расселения. Эти характеристики будут проанализированы в настоящей статье.

Сегодня мировое население достигло 7 миллиардов, из них половину составляют городские жители. Впервые за всю историю человечества численность городского населения сравнялась с численностью сельского. Так, в 2009 году горожане составили 3,4 миллиарда человек. Рост городского населения происходит высокими темпами, в период 1990-2011 годов число городских жителей выросло с 1,5 млрд. до 3,6 млрд. По прогнозам к 2030 году число горожан должно вырасти до 4 млрд. человек.

Следовательно, урбанизация является одним из глобальных процессов современного мира. На сегодняшний день практически все страны столкнулись с этим явлением в различных формах в зависимости от уровня социально-экономического развития, географической расположенности и специфики протекающих демографических процессов.

Впервые превышение доли городского населения над сельским в Казахстане было отмечено Всесоюзной переписью населения 1970 года, согласно данным которой удельный вес горожан составил 50,3%. Именно с этого времени численность городского населения начинает составлять большую часть населения Казахстана. В дальнейшем, процесс пошел по нарастающей – доля городского населения медленно, но неуклонно увеличивалась. С начала 1990-х гг. данная тенденция изменилась. Численность городского населения Казахстана ежегодно сокращалась с 1992 г. вплоть до 2000 года. За данный период численность горожан уменьшилась на 1 млн. человек. Наряду с сокращением численности, снизился и удельный вес городского населения, хотя и незначительно – всего на 0,8 пункта. Сокращение численности городского населения на протяжении 1990-х гг. было вызвано двумя факторами: эмиграцией за пределы Казахстана, а также процессом снижения рождаемости в городах. Распад СССР, обретение суверенитета, трудности социально-экономического характера привели к сокращению численности городского населения (наряду с сокращением общей численности населения) и некоторому снижению его доли.

С 2000 г. начинается постепенное увеличение численности городского населения. В 2009 году численность горожан увеличилась до 8639,1 чел., в 2010 – до 8806952, в 2011 году

– 8961336 чел., а в 2012 г. – до 9114614. По данным переписи 2009 года по сравнению с Переписью населения РК 1999 года численность городского населения составила 8639,1 тыс. человек и увеличилась на 195,1 тыс. человек или на 2,3%. Отметим, что для Казахстана достаточно высокий уровень урбанизации населения был характерен еще со времен существования в рамках СССР. Особенно выделялся Казахстан среди республик Средней Азии, в которых доля урбанизированного населения была гораздо ниже. Так, к началу 1990 г. удельный вес городского населения составлял: в Казахской ССР – 57,4%, в Туркменской ССР – 45,2%, в Узбекской ССР – 40,8%, в Киргизской ССР – 38,1%, в Таджикской ССР – 32,2%. По существу, Казахская ССР к концу советского периода являлась единственной республикой в регионе, в которой больше половины населения проживало в городах.

Как известно, для урбанизации характерна концентрация населения в больших и сверхбольших городах. Подобная тенденция достаточно ярко проявляется и в Казахстане. Хотя в первое десятилетие независимости напротив в стране наблюдалось уменьшение численности населения в городах. Так, по переписи 1999 г. в республике имелось 84 города и лишь 1 город с численностью населения более 500 тыс. чел. г. Алматы.

Затем тенденция концентрации населения в крупных городах усилилась, так к началу 2006 г. в Казахстане насчитывалось 86 городов, из которых уже 3 города имели численность населения свыше 500 тыс. человек (г. Алматы, Астана, Шымкент). В 2012 году еще два города – Караганда и Актобе вплотную приблизились к отметке в полмиллиона населения.

На сегодняшний день в Казахстане имеется единственный город-«миллионер» – Алматы, численность которого превысила 1 млн. человек сформировалась еще в начале 1982 года. Абсолютное большинство городов Казахстана на сегодняшний день представлено «малыми» и «средними» городами (с численностью населения менее 100 тыс. жителей). К началу 2006 г. количество малых городов (с численностью населения менее 50 тыс. человек) составило по Казахстану 59 городов.

Самыми урбанизированными регионами являются Карагандинская (где проживает более 77% городского населения), Павлодарская (67,9%) и Актюбинская (61,1%) области. Быстрыми темпами растет доля горожан в нефтедобывающих регионах – Атырауской и Мангистауской.

Миграционные процессы в городах протекают более интенсивно, за постпереписной период сальдо миграции характеризуется позитивными тенденциями в целом. Однако, отмечается отрицательное сальдо по отдельным этносам – русским, украинцам и немцам.

Актуальность представленной статьи определяется ролью городского населения в реализации программы форсированной модернизации РК, поскольку именно в городах сосредоточен профессиональный и интеллектуальный потенциал третьей индустриальной революции. Новизна заключается в анализе тенденций урбанизации в период после переписи 2009 года, изучение которых еще не предпринималось в отечественной исследовательской практике.

Казахстан сегодня находится в тренде мировых тенденций урбанизации. Абсолютная численность городского населения стала увеличиваться с 2000 года и на 2012 год составляет 9114614 человек, годовой прирост составляет примерно 15-16 тыс. чел. Наибольшее число городских жителей насчитывается в Карагандинской и Южно-Казахстанской областях – 1063394 и 1025546 человек, соответственно. Годовой прирост стабильный в пределах 13-16 тыс. Меньше всего городского населения проживает в Атырауской и Северо-Казахстанской областях, причем в последней численность горожан даже уменьшилась в 2012 г. по сравнению с 2011 годом.

Соотношение городского и сельского населения Республики Казахстан изменилось несущественно и основной тенденцией в 2009-2012 годах являлось численное преобладание горожан над сельчанами. Удельный вес городского населения по сравнению с 2009 г. несколько снизился, составив 54,6%, падение на 1,8 пунктов. Однако, это не является свидетельством деурбанизации, а связано с ростом общей численности населения страны.

Наибольший уровень урбанизации наблюдается в Центральном, Западном и Восточном регионах Казахстана. Сегодня к традиционно урбанизированным регионам прибавился Западный Казахстан, который даже обошел Восточный. При этом уровень урбанизации в Атырауской области самый высокий по стране – 81,7%, что напрямую связано с бурным ростом нефтедобывающей промышленности в области и в регионе.

Несмотря на то, что абсолютная численность городского населения в Южном Казахстане самая высокая, уровень урбанизации в регионе самый низкий по сравнению с другими регионами и средним уровнем по стране. На 2012 год он составляет всего 39,2%.

На сегодняшний день процесс урбанизации в Казахстане характеризуется достаточно позитивной динамикой, о чем свидетельствует рост численности населения в крупных городах (один из основных показателей урбанизации). Если к началу 2006 г. лишь 3 города имели численность населения свыше 500 тыс. человек – Алматы, Астана и Шымкент, то в 2012 году еще в двух городах – Караганде и Актобе количество горожан значительно перевалило за 400 тыс. и вплотную приблизилось к полумиллиону.

Как было уже сказано выше на сегодняшний день в Казахстане имеется единственный город-«миллионер». Это г. Алматы. Численность свыше 1 млн. человек сформировалась в г. Алматы к началу 1982 г. Таким образом, вот уже более 30 лет Алматы является единственным мегаполисом в Казахстане. Особенно динамично г. Алматы развивается с 2001 года, а в постпереписной период его население согласно данным официальной статистики ежегодно увеличивается на 12-13 тыс. человек. В 2012 году население Алматы составило 1450327 чел., а в настоящее время скорее всего уже превысило полтора миллиона.

Доля населения г. Алматы в численности городского населения Казахстана также увеличивалась: если в 1999 г. она составляла 13,4%, в 2008 г. – 16,0%, в 2012 г. – 15,9%. Это согласно данным официальной статистики, но нужно учитывать, что в г. Алматы сосредоточено большое количество незарегистрированного населения (мигранты из других регионов и сельской местности, трудовые мигранты из соседних стран, нелегалы, беженцы), которых как магнитом притягивает крупнейший мегаполис Казахстана. То есть, в реальности количество населения Алматы, как можно предположить, превысило 2 млн. человек.

Быстрыми темпами растет население г. Астаны, особенно с объявления ее столицей Республики Казахстан. Так, с 1989 по 2007 гг. численность населения г. Астана возросла в 2,2 раза (с 276003 до 602684 человек), а в 2012 г. достигла 742918 чел. Темпы ежегодного прироста позволяют прогнозировать достижение городом численности в 1 млн. уже к 2030 году. Доля населения столицы в составе городского населения Республики увеличилась с 2,9 % в 1989 г., 3,9% - в 1999 г., 7,3% - в 2008 г. до 8,2 в 2012 году.

Сегодня Астана является вторым по численности населения городом Казахстана, на третьем месте – Шымкент и на четвертом – Караганда.

Несколько городов имеют численность свыше 300 тысяч, среди них Тараз, Павлодар, Усть-Каменогорск и Семипалатинск. Свыше 200 тыс. населения насчитывают города Атырау, Уральск, Костанай, Кызылорда, Петропавловск и Туркестан. Больше 100 тыс. населения проживают в городах Кокшетау, Талдыкорган, Темиртау, Рудный, Экибастуз.

Абсолютное большинство городов Казахстана на сегодняшний день представлено «малыми» и «средними» городами. К началу 2012 г. в республике насчитывалось 59 малых городов (с численностью населения менее 50 тыс. человек. Часть малых городов сумела преодолеть депрессивные тенденции в своем демографическом развитии и их население медленно, но стабильно увеличивается.

В целом принятые государством меры по возрождению малых городов стали приносить некоторые результаты и более половины городов имеют позитивные тенденции демографического развития. На сегодняшний день утверждена новая государственная программа развития моногородов, целью которой является создание в них индустриально-инновационной инфраструктуры.

Таким образом, основной тенденцией демографического развития населения Казахстана в 2009-2012 годах являлось численное преобладание горожан над сельчанами.

Удельный вес городского населения по сравнению с 2009 г. несколько снизился, составив 54,6%, падение на 1,8 пунктов. Темпы урбанизации несколько снизились, растет тенденция уменьшения сальдо миграции городского населения, повышаются показатели роста отрицательного сальдо среди русского, украинского и немецкого этносов. Можно прогнозировать дальнейший рост абсолютной численности горожан, при некотором уменьшении их доли в общей численности населения страны.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Демографический ежегодник Казахстана /Статистический сборник / – Астана, 2012, –С.10.
2. Демографический ежегодник Казахстана. – С.11.
3. Демографический ежегодник Казахстана. – С.16-20.
4. Демографический ежегодник Казахстана. – С.26.
5. Демографический ежегодник Казахстана. – С.554.
6. Демографический ежегодник Казахстана. – С.555.
7. Демографический ежегодник СССР. 1989. Стат. сб. – М., 1990. – С.7-13.
8. Народное хозяйство Казахстана в 1982 году. Стат. ежегодник. – А-Ата, 1983. – С.4.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

*Қожакеева Л.Т., т.ғ.д., профессор м.а.*

*(Алматы қ. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

#### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЛА ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Мақалада XX ғ. басындағы Қазақстандағы қала тұрғындарының саны туралы мәселе қамтылады. Мемлекеттегі урбанизация үрдісінің ерекшеліктері – қалалық тұрғындар саны өсуінің кешеуілдеуіне, миллионерлер мен субмиллионерлер қалашығының мөлшеріне, орналасу құрылымындағы кіші және орта қалаларға анализ жасалады.

**Түйін сөздер:** қала, урбанизация, тұрғындар, үрдіс, орналасу.

#### SUMMARY

*L.T. Kozhakeeva, Doctor of historical sciences, acting professor*

*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

#### THE CURRENT STATE OF THE URBAN POPULATION IN KAZAKHSTAN

The article is about the number of urban residents/ dwellers in Kazakhstan at the beginning of the XX century. especially the trends of urbanization is reducing the number of urbanites, is the analysis on volume of millionaires and submillionerov, the structure of the small and medium-sized towns/ The article discusses about the number of urban residents in Kazakhstan at the beginning of the XX century. Features of state urbanization trend - decline in the number of citizens, the analysis is done on the amount of the town of millionaires and submillionaires on the structure arrangement of small and medium-sized towns.

**Key words:** city, urbanization, people, process, location.

## СПОРТТАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ КӨРІНІСІ

*М. Таңжаров, философия ғ.к., аға оқытушы*  
*Ғ. Ақсериков, аға оқытушы*  
*(Атырау қ., Х. Досмұхамедов атындағы*  
*Атырау мемлекеттік университеті)*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада спорттың психологиясы, философиясы, педагогикасы мен ұлттық идеяның құрылымы қарастырылады. Спорттағы ұлттық идеяның компоненттерін талдаған авторлар, оларды нақтыландырып, тәжірибелік маңызын ашып береді. Әлемдік турнирдегі спорт өзінің халқын әйгілеу болатын болса, онда спорт мемлекеттің мәртебесін көтермелеу факторларының бірі болып табылады. «Әлемдік спорт саясаты» ерікті-еріксіз түрде ұлттық идеямен келіп тоғысады. Спортшының кез келген әлемдік деңгейдегі жеңісі өз халқының рухын, тұтастай алғанда, мемлекеттің де рухын асқақтатады.

**Түйін сөздер:** Спорт, ұлттық идея, сәйкестік, жеңіс, ұлттық рух, мемлекет, интеграция, өзіндік сана, қазіргі заман т.б.

Қазіргі таңдағы жаһандану заманына, оған жауап ретінде өрбіп келе жатқан құбылыстардың бірі этнодифференциация, яғни, этностардың ұлттық келбетін қайтадан айшықтауы. Бұл үдерістің жалпы әдіснамалық негізі ұлттық идея болып табылатындығы сөзсіз. Осыған орай, біздің елімізде де өткен ғасырдың аяғынан, осы ғасырдың ілкі бастауларынан қолға алынған ұлттық идеяны қалыптастыру мен оны қоғамдық өмірде бағдар ретінде қолдану, кей жағдайларда, өкінішке орай тұралап қалу үстінде. Ендеше, біз осы тұста, спорттағы, оның ішінде, ұлттық спорттағы ұлттық идея нышандарын, спорттың ұлттық идеяны қалыптастырушылық қырларын, оған деген ықпалын таразылап өтеміз.

Өз кезегінде спорт өзінің теориялық білімдерін қалыптастыру үшін көптеген ғылымдардың мәліметтерін пайдаланады. Спорт физиологиясы, тәндік жаттығулар гигиенасы, спорт психологиясы, биомеханика, динамикалық анатомия, тәндік жаттығулардың биохимиясы, спорт социологиясы т.б. салалардың пайда болуына алғышарт ретінде қызмет етті. Сондықтан спорт қоғамдық қарапайым санада бейресмиленген, мемлекеттік дәрежеде ғылыми-теориялық негізделген, ресмиленген тұғырлы ұлттық идеяны камтиды. Оның ұлттық сипаты этностық мүддеден туындап жатады.

Бұл жерде спорттың саяси идеологиялық құрал екендігін де атап өтуге болады. Мәселен, спорт белгілі бір мемлекеттің саяси-әлеуметтік қорғаныс жағы, өзге мемлекеттермен қатынас т.б. факторларының да жанама түрде маңызын арттырады. Осы саяси-идеологиялық құрал қызметі ұлттық идеяны қалыптастыру мен дамытудың белсенді негіздерін аша алады. Ол: ұлттың қауымдасуы мен бірігуінің биопсихоинтеграциясына алып келеді; ұлттың өзін-өзі тануы мен өзгеге танылуының гносеологизмін ашады; құрылымдық-функционалдық негіздері бойынша сол этностың болмыс бітімін айшықтап тұрады; ұлттық тарихи-мәдени сабақтастықты жалғастырушы және қайта жаңғыртушы буын ретінде қызмет етеді; әлемдік аренада танылған спортшы сол ұлттың табиғи-әлеуметтік жалқы өкілі екендігі арқылы ұлттық идеяны нығайтатын фактордың экзогендік дамуына септігін тигізеді; спортшының белсенділігі мен айрықшаланған тұлғалығы арқылы қоғамдық сана мен қоғамдық психологияда ұлт ұрпақтары үшін үлгі тұтарлық өнегелілік тәрбиелік үрдістер қалыптасады; ұлттың жанаруы мен қайта жаңғыруының факторларына әсер етеді; физиологиялық даму мен тәндік жетілгендік архетиптерінің елесін береді және қайта жандандырады т.б.

Ұлттың қауымдасуы мен бірігуінің биопсихоинтеграциясына келетін болсақ, кез келген спорт түрі белгілі бір аймақтық, қауымдық, рулық, мемлекетаралық бәсекелестікке өздігінен-ақ айналады, спортшы сол сфераның жалқы өкілі болғанмен, өзінің және «өздерінікінің» намысын қорғайды. Бұдан биологиялық (ұлттық), психологиялық (түр мен текті

қорғаушылық инстинкттері бойынша) интеграция туындайды. Яғни, генетикалық тұтастықтың бауырмалдық сапасы арқылы ұлттық бірігу мен қауышу нышандарының рухы өзін-өзі қайтадан таниды.

Мәселен, қазақ ұлтының өкілі өзге ұлт өкілімен бәсекелесу кезінде бүкіл қазақ халқының қандық-генетикалық тұтастығының витальдылық күшінің мотивациялары анық байқалады. Спорттық аренадағы өз ұлтының өкілі арқылы белсенді немесе пассивті субъектілердің барлығы (жанкүйерлер) «өзін таниды», яғни «қазақ» екендігін түйсінеді. Ұлттық рух өзінің органикалық тұтастығын сезінеді. Осы сезіну саналы-бейсаналы түрде болмасын бірігуді туғызып, ұлттық идеяның орталық түпнегізін қайталайды. Бұл жалпыланған түрде *ұлттық өзіндік сананың* жаңғыруы болып табылады, ол өзіндік сана идеямен өмір сүреді, ол идея өздігінен реттелетін табиғи-тарихи құрылымдардан тұрады. Бұл интеграцияның биологиялық жағын қамтамасыз етеді.

Ал мемлекет ішіндегі аймақтық, республикалық жарыстар әлемдік бәсекелестік үшін болатын тұтас ұлттық интеграцияның шағындалған көрінісі немесе оған дайындалудың алғашқы сәті, микроинтеграцияның макроинтеграцияға өтуінің өтпелі кезеңі ғана. Интеграция шеңбері әртүрлі болып келеді. Көбіне жеке мен жалпы қатынасы бойынша құрылады. Мәселен, егер бәсеке алаңында қазақ ұлтының өкілі болмаса, жанкүйер қазақ Орталық Азия спортшысына, ол да болмаса мұсылман мемлекетіне, одан қала берсе Шығысқа қаны тартады. Бұл феномен биопсихомегаинтеграция табиғаты. Интеграциялардың ішінде ұлттық шеңбер ең тиімді, жан-жақты қамтылған алғышарттармен қамтамасыз етіледі: территория тұтастығы, генетикалық бірлік, діни-салттық ортақ рухани алаң, тіл мен ділдің ортақтығы т.б. этникалық атрибуттарды қамтиды.

Ұлттың өзін-өзі тануы мен өзгеге танылуының гносеологизмі – әлемдік аренадағы спорттық жарыстарда анық байқалады. Ол ұлттың әлемдік мәдени-тарихи дамуындағы алар орнын, әлеуметтік-саяси деңгейін, өркениеттік парадигмалардағы белсенділігін, адамзаттық прогреске қосар үлесін айғақтап, жетістіктері мен құндылықтарын әлемге паш етеді. Әлемдік интеграция мен ғаламдануда, мәдениеттер диалогында этно даралық дифференциацияланады. Спортты қоғамдық сана ретінде байыптау призмасынан қарағанда көпшілік-бұқаралық таным-түсініктің осы спорттық жетістіктер арқылы сол мемлекет пен ұлтты танитыны да қарапайым логикаға сыйымды.

«Спорттың бәсекелестік табиғаты өз ұлтын өзге ұлттармен салыстырып, күрес пен қайшылықтар бойынша өрлеуге жетелейтін диалектикалық үдеріс пен өркендеу менталитетін туғызады. Спорттық өркендеу сол халықтың: өмір мен денсаулық сапасының витальдылық күшін, салауатты өмір салтының өз деңгейіндегі әлеуметтік-рухани байыпталуын, халықтың орта жасының жас буын екендігін негіздейтін ықпалды демографизмін, қуаттылық пен динамизмдік физиологиясының адамдық жаңа сапасын, рухани-мәдени өрлеудің белгілі бір сатысын, халықтың генофондық негіздерінің анатомиялық-гигиеналық-валеологиялық өнегелілігі мен физиоаксиологизмдік «қан тазалығын», өміршеңдік пен оптимистік жігер психологизмінің қоғамдық санасын т.б. айқындап, этникалық өлшемдердің шынайы эмпирикалық көрсеткішін береді» деген пікірлер де [1,82б.] біздің ұстанымдарымызды қуаттай түседі.

Егер де, өміршеңдік пен оптимистік жігер психологизмінің қоғамдық санасы компонентіне тоқталатын болсақ, оның ұлт пен мемлекет болашағындағы әлеуметтік-психологиялық өмірмәнділік сипатын байқауға болады. Мәселен, Жапония халқы өзін-өзі өлтіру суициді жөнінен әлемде алдыңғы орындарда [2,1б.], себебі мұның психоәлеуметтік негіздері – өзін-өзі ер ретінде сақтау үшін қиналыссыз өлтіре алатын «самурай» менталитетінің идеологизмі.

Ал қазақ халқының менталитетінде: өмірге тойымсыздық пен құштарлық, өмірдің өткіншілігі мен адам болмысының уақыт жағынан шектеулілігіне риза еместік, ғұмыр кешудің шабытты, жігерлі, қозғалысты-динамизмдік сапасына еліктеушілік орын алған. Міне, ұлттық дүниетаным мен ұлттық идеяның спорттанған өмірде көрініс беруінің іргетасы мен алғышарты осында жатыр деп бағамдауымызға болады. Себебі, адам болмаса, қалған

нәрсе ештеңе де емес екендігі түсінікті жайт. «Жалған дүние», «Дүние-дәурен», «Алдамшы дүние», «Өткінші өмір», «Дүние-боқ», «Қамшының сабындай қысқа ғұмыр» т.б. фразеологизмдердің контекстік астарындағы лингвистикалық-психоанализдік талдау бойынша осы мән жатқандығы сөзсіз. Яғни, бүгінгі Қазақстандағы суицидтің алдын алу үшін де біздің оңтайлы тарихи танымдық ұстанымдарымыз бар екендігі белгілі, ендеше, осы үлгіні жастардың бойына сіңіру қажеттігі өзекті болып отырғандығын айта кеткен жөн.

Спорт бүкіл халықтың болмыстық тұтастығын, салт-санасын, тіршілік ету дәстүрлерін айғақтайтын ұлттық идеяның жаршысына айналады. Ол этностың тарихи-мәдени тамырларының өзіне бағытталған ретроспективті тікелей туындысы бола отырып, оның болашаққа ұмтылу сабақтастығына жалғасады: спорт және оның жетістіктері қазіргі заманда ұлттық өнердің барлық түрлерінің, саясаттың, қоғамдық сананың, идеологияның т.б. нысанасы және дәйектеуші өлшемі болып шығады. Мәселен, ол сурет өнеріндегі картиналарда, әдеби туындыларда, музыка өнерінде т.б. әр қырынан суреттеліп, өз маңызын арттыра түсуде. Бұл туындылар әлемдік мәдениеттер кеңістігінде қайтадан жарнамаланады. Осындай спорттың руханиланған көріністерге көшірілуі – өзін-өзі жарнамалап, таныту арқылы ұлттық атрибуттарды кеңінен насихаттайды.

Спортшы сол ұлттың өкілі болғандықтан, оның дүниетанымын, өмір сүру бағдарларын, ғұмыр кешу салттарын түгелдей бойына сіңірген және оған бағдарланғандықтан, спорт бұл модустарды көрсету функциясын орындайды. Қазір кейбір спортшылардың келісімшарт бойынша басқа елдердің атынан өнер көрсетіп жүргенін де жиі кездестіруімізге болады. Мұндағы негізгі мақсат – спортшының материалдық құндылықтарға қызығуына байланысты болғандықтан көпшілік қауым ол спортшыны біле бермеуі әбден мүмкін. Білген жағдайда да ол үшін жанкүйер өз отандасы, өз ұлтының өкіліне дем бергендей жан-тәнімен шырылдап үн қоса қоюы қиын. Психологиялық тұрғыдан оның бөтен екендігін сезудің әсері бәрібір білініп тұратынын аңғару қиын емес.

Бұл – ұлттық тарихи-мәдени сабақтастықты жалғастырушы және қайта жаңғыртушы буын ретіндегі қызметіне алып келеді. Спортшы әлемдік спорттық жетістіктерге жеткенмен, өзінің рухани әдет-ғұрып дәстүрлерін оған жамайды және сол дәстүрлерді сақтап, болашаққа бағдарлауға да өздігінше септігін тигізеді.

Әлемдік аренада танылған спортшы сол ұлттың табиғи-әлеуметтік жалқы өкілі ретінде ұлттық идеяны нығайтатын фактордың экзогендік дамуын туғызады. Мәселен, әрбір күресуші жақ өз ұлтының үміті мен ұмтылыстарын алып жүруші, тасымалдаушы. Олар спорттық құралдар: доп, шайба, метр өлшемдері үшін күреспейтіндігі белгілі. Сонымен қатар бұдан ұлттар мен халықтардың қоғамдық қатынастары туады, яғни, спорт алаңындағы жеңістер ұлттың сауық-сайран жасау қуанышына айналады, ал жеңілістер ұлттық қайғы ретінде қабылданады, халықаралық аренадағы жеңіске жеткен спортшы ұлттық мақтанш пен мемлекеттік құрметке ие болады. Мысалы, Бразилия футболдан жеңілген сәтте бүкіл ел болып ресми емес түрде болса да қара жамылады. Осы бағытта спорт қоғамдық мағыналы құндылықтар құрайды. Ол спортшының өзін-өзі бекітуімен қатар ұлттың өзін-өзі бекітуін құрайды. Халықаралық аренадағы спорттық бәсеке диалектикалық қарама-қарсылық ретінде дамудың мотивациясын туындатады.

Бұл бәсекелестік арқылы шындалу, жарыс әлеміндегі эволюционизмдік «жеңімпаздық үшін күрес» (тіршілік үшін күрес концепциясына ұқсату түрінде), өзгенің өзіне қарсыласуы сияқты құбылыстар ұлттық идеяның дамуының экзогендік факторы болатындығы сөзсіз. Бұл жерде бәсекелесуші қарсы жақ «жау» немесе зұлымдық иесі емес, мәдениеттенген сол ұлттың идеялық-рухани бірлігін нығайтатын қайшылықтар күресіндегі даму принципіне сәйкес басты полюс. Интроспекциялық позиция бойынша даралану спортта әлемдегі сан алуан халықтар мен ұлттардың қатысуына қарамастан мәдени-бәсекелестік кеңістік «өзі» және «өзгеге» дихотомияланады. Плюралистік кеңістік (спорт арена) монизмдік нәтиже тағдырына тағайындалады. Яғни, жеңіс – біреу. Демек, ол (субстанциялық) өзгермейтін мәнді құрайды.

Бұл жердегі «өзі» – сол ұлттың жеке өкілдерінің белсенді әрекеті мен психологиялық тұрғыда күресуші салғырт топтардың (жанкүйерлер) этникалық принцип бойынша бірігуіне негізделеді. Ол ұлттық сананы орнықтырған, тұтас ұлттық идеяны өзінің рухтық бірлік шеңберіне сыйғызған, этноәлеуметтік бірліктің айғақталған-шынайы көрінісі. Ал «өзге» нақты ұлт, белгілі бір халық емес, «өзінен» басқа бүкіл бәсекелесуші жақтардың жиынтығы бола отырып, осы ішкі интеграциялық этноинтеграцияланудың үнемі қозғаушы күшіне еріксіз түрде экзогенділік өрлеу туғызады. Себебі, әрбір «өзгенің» «өзі үшін» күресі «өзіміздің» (бұл жерде қазақ халқы деген түсінік) рухани-табиғи тұтастығымызды нығайтатын басты фактор болып табылады.

Спортшының белсенділігі мен өзгелерден ерекше тұлғалығы арқылы қоғамдық сана мен қоғамдық психологияда ұлт ұрпақтары үшін үлгі тұтарлық өнегелілік тәрбиелік үрдістер қалыптасады. Өмірлік позицияны айқындауда физикалық тәндік қуат культіне табынатын қоғамдық психология мен соны ұстанатын белгілі бір топ құрайтын ұрпақтарымызға әлемдік-халықаралық аренадағы еліміздің жеңімпаз субъектілері үлгі-эталон, психологиялық асқақ образ, әлеуметтік мәртебелі тұлға, еліктеудің объектісі болып табылады. Екіншіден, басқа адамдарға салауатты өмір салты мен денсаулық сақтаудың жаршылары, ұлттық мүддені көздеушілердің шынайы іс-қимылы ретінде танылады. Мұндай өнегелілік педагогика саласында болашақ ұрпақтарды денсаулық пен салауатты өмір салтын сақтауға, тәндік жетілу мен тән сұлулығын нығайтуға, бауырмалдылық пен отансүйгіштік принциптерін ұстануға, ұлттық идея бірлігін қуаттауға жетелейді.

Бұл физиологиялық даму мен тәндік жетілгендік архетиптерінің елесін тірілтуге және қайта жандандыруға ұласады. Байырғы замандағы «баһадүрлік» тұлға образының қайта туған заңды-табиғи сабақтастығының қазіргі буын арасындағы өкілі халықаралық аренада «әлеуметтік ерлік» көрсетуші тұлға, бұл – спортшы. Себебі оның биологиялық тәні, әрбір түйсігі, сезім мүшелері, тіпті әрбір жасушасына (клеткасына) дейін ұлттық сипатқа ие. Сондықтан бұл «ерліктер» жай ғана бәсекелестікте жеңіп шығу ғана емес, биосубстратты, соционегізді, психотұғырлы дәйекті этномәнділіктер.

Мәселен, синхрондық стадиондағы ойын – диахрондық ұрыс алаңындағы бастама болып табылатын жекпе-жекке ұқсау түрінде архетиптерді туғызады. Жаугершілік замандағы жекпе-жек сәтіндегі қалың қолдың және қолбасшының үміті мен күдігі, қайғысы мен қуанышы, қиналысы мен күйзелісі, нәтижені күту тағатсыздығынан туындайтын жан күйзелісі т.б. психологиялық көңіл-күй қазіргі көрермендердің де призмасынан өтетін қайталамалы архетиптік сезімдерді оятатын өмірмәнділік құбылысқа айналады. Мұның қазақ халқының даналық тұжырымдарындағы жалпылама сипаттамасы – «Баласы атқа шапса, анасы үйде отырып тақымын қысады» дегенге саяды. Осыған сәйкес, жекпе-жекке шыққан спортшы да көне архетиптік сезімдерді бейсаналы болса да басынан кешіреді.

Бұл көріністе тәндік қуат пен икемділік культі үстемдік етеді, сондықтан жанкүйерлер арасында байырғы дәстүрлердегі конфликтілердің туындайтыны, олардың ашу-ызаға оңай берілетіндігі инстинктік ұмтылыстарға да жақын деп байыптауымызға болады. Бұл кикілжің жекеліктен жоғары, жалпыұлттық сипаттағы, отансүйгіштіктің қарапайым-тұрпайы деңгейде көрініс беруі екендігі сөзсіз. Мәселен, қазақ халқында оянған архетиптер ұлттық тұтас рухтың қайта жандануын туғызады. Намыс пен жігер, батылдық пен тәуекелшілдік, күш пен қуат т.б. атрибуттар қайтадан өзін көрсетуге бейім тұрады. Өйткені намыс ұлттық таным түсініктегі басты атрибуттардың бірі болып табылады [3,14-276б.].

Осы кезеңде қолөнердің түрлі өрнектермен безендірілген ортағасырлық зергерлік өнердің стильдік ерекшеліктері қалыптасты – «аң стилі, салтанатты полихромия дәстүрі, ғұндардың қатаң геометриялық бихромды бұйымдарының қағидалары, сондай-ақ жаңа заманның шығармашылық жетістіктері астарласып келетін көркем синкретизммен айқындалды» [21, 26 бет].

Осы кезеңдерде (күмістеу, асыл жартылай асыл тастармен әшекейлеу, бедерлеу, бұрау), қару-жарақтар, күнделікті тіршілік құралдарына қажетті заттармен қатар, көркем туындылар – зергерлік әшекейлік бұйымдар жасады: сырғалар, білезіктер, белдіктер, түрлі салпыншақтар мен ат әбзелдері және т.б.

Ежелгі түркілер – нағыз зергерлер. VIII ғасырдың екінші жартысы мен X ғасырдың ортасында сырғалар кең тараған. Олардың пішіні екі сопақша дөңгелектен тұрған. Біріншісі – құлақтың тесігіне киіліп тұратын дөңгелек пен екіншісі салбыраған дөңгелек (бірнеше дөңгелектер болуы да мүмкін). Сырғадан басқа білезіктер, алқалар таққан. Білезіктер ортасы жалпайыңқырап кететін, жұмыр тегіс болып келетін. Мойындарына тағатын алқаларының ортасы әшекейленіп, ромб пішінді амuletті тамағына жақын тағатын болған. Түркілердің әшекейлері молшылық пен құт-берекені білдірді [19,72 б.].

Дамыған ортағасырда (XIII-XV ғ.ғ.) көркем қолданбалы өнер зергерлік өнер бұйымдарында торевтикада үлкен жетістікке қол жеткізді. Зергерлік бұйымдарда эпиграфикалық ою-өрнек қана емес, бұл ислам өнеріндегі адамдар бейнесін және жануарларды бейнелеуден бас тартқандығына қарамастан жан-жануарлар мотивтері де

қолданылғанымен таңғалдырады. Шебер – зергерлер технологияның ғана жаңа жолын іздемей, ою-өрнек сюжеттерін кеңейтті, сурет және формасына көңіл бөлді. Дамыған ортағасырды зергерлік бұйымдарда жетісулық құюшылар мен зергерлердің ең үздік дәстүрлері жалғасты. XIIIғ. Орта Азия және Қазақстан еліне ең ауыр кезең болды, өйткені моңғол шапқыншылығы болды. Осы кезде Қазақстанның оңтүстік қалалары Хорезм мемлекетіне кірді. Егер XIIIғ. моңғол шапқыншылығы Қазақстанның мәдени дамуына көптеген онжылдыққа тоқтатса, XVғ. жоғарылау кезеңі болды. Бұл әсіресе Тимур дәуіріндегі металдық зергерлік бұйымдардың мазмұны және көркем бейнесіне әсер етті.

XIV-XVғ.ғ. – толыққан ортағасыр өнері, дәуірдің ең бір мәдени жетістігі болды. Шығыс пен Батыстың көркем жетістігімен бірге Қазақстан және Орта Азия өнері Тимур империясының жүйесінде әлемдік жетістікке жетеді. XVғ. қазақ халқының қалыптасуымен ерекшеленеді. XVғ. татар-моңғол шапқыншылығынан босанған Қазақстан және Орта Азия халқы қала мәдениетін көтеруге атсалысты. Ең алдымен көшпелі өмірдің дәстүрімен байланыста болған көркем металл және зергерлік өнер, қайтадан қала ортасында жаңғырды. Күміс, қоламен қатар материал ретінде қалайы да кең қолданылды. Білезікті, диадеманы әшекейлеген сүйікті мотив бесжапырақты немесе жетіжапырақты гүл болды.

Зергерлік өнерде шеңберлер түрлі-түсті тастарды кең түрде қолданды: ақық, яшма, нефрит, агат, тау сутасын т.б. тастар моншақ жасауда, жүзікті әшекейлеуге қолданылды. Зергерлік өнер қазба жұмыстарына қарағанда жоғары деңгейде дамыды. Осы кезең шеңберлері әртүрлі техникалық тәсілдерді білді: құю, чеканка, қалыптау, қашау, алтындау, күмістеу. Отырардан табылған зергерлік бұйымдардың ішінде қоладан құйылған сақиналар, жүзіктер, көлемдік жүзіктер, білезіктер көбіне сынық түрде. Егер XVғ. барлық өнер түрінің синтезі болса, ал XVIII-XIXғ.ғ. біз жеке қолданбалы өнердің «жаңа стильде» және олардың бірге даму процесінің біртұтастығының әрқалай болғанын байқаймыз.

XVIII-XIXғ.ғ. зергерлік әшекейлер, өткен ғасыр дәстүрлерін сақтай отырып, ұлттық костюм ансамблінде нақты рөл атқарды. Зергерлік әшекейлер сәндік элемент түрінде және киімдерде нақты атқаратын қызметті орындады. Сонымен зергерлік әшекейлерді ежелгі заманнан атқаратын қызметіне қарай екі топқа бөліп қарастырады: біріншісі – эстетикалық мағына ғана емес, сонымен қатар утилитарлық мақсатта қызмет етті, киімнің қыстыру түрлеріне, мысалы, қапсырма, басқа тағатын бұйымдар функцияларын орындайды: екіншісі – киіммен байланыста емес, мысалы сақина, алқа, сырға, білезік түріндегі – әшекейлерді жасауда қолданады. Зергерлік бұйымдар үлкен сұранысқа ие бола отырып, салт-дәстүрмен және символды-діни комплекстермен байланыста болды. Ежелгі кезде зергерлік әшекейлер эстетикалық тұрғыдан ғана емес, мысалы, тұмар, бәле-жаладан сақтайтын бұйымдар ретінде тағатын болған. XIXғ. ортасында зергерлік бұйымдар өндірістік жағынан жоғары дәрежеде ерекшеленеді.

XIX-XX ғасырларда зергерлік өнер өркендей түсті. Талантты қазақ шеберлерінің бұйымдары Ресей көрмелерінде көрсетіліп отыратын. Мысалы, 1896 жылы Нижний Новгородта Торғай және Семей облыстарында жасалған тамаша білезіктер экспонат ретінде көрсетілген. Жасалған бұйымдар көрермендерді ерекше тәнті еткен. Сонымен қатар XIX-XXғ.ғ. басындағы зергерлік әшекейлер, негізінен, әйел костюмімен байланысты болды, тұрмыстың, мәдениет және көркем талғамның ерекшеліктерін көрсетті. Қазақ жерінде зергерлік әшекейлер дәстүр бойынша ұлттық киім-кешектің ажырамас бөлігі болып келді. Әшекейлердің көпфункционалды ерекшелігі: қоғамда олар әлеуметтік жағдайын және ерекше таңбаларымен әшекейленді. Әшекейлердің молдығы және құндылығы әйелдердің қоғамдағы материалдық жағдайын танытты. Кедей әйелдер де қалайыдан, қоладан және әйнектен жасалған әшекейлерді тақты. Әшекейлерді қазақ әйелдері күнделікті қолданыста пайдаланды. Әсіресе, сақиналар, білезіктер, сырғаларға сұраныс күннен-күнге арта түсті. Әшекейге деген құштарлық бірқатар себептермен түсіндіріледі. Мысалы, әлі жүре алмайтын кішкентай қыздарға сырға, білезіктер тақты. Балалардың киімдеріне ақық және күмістелген бүркіт тырнақтарын қадады. Өйткені, кішкентай балалардың зергерлік бұйымдары пәле-жаладан қорғаушы тұмар рөлін атқарды. Қыз бала қалыңдық, кейін жас келіншек болғанда

да, әшекейлер бір нышанды білдірді. Өзінше бір ұрпақ жалғастыру идеясын көрсетті, мысалы, өңіржиек, екі үшбұрыштан құралып ер адам және әйел бастауын нышандайды, ары қарай бірігіп ромб тәрізді болып келді, қазақтарда ромб бұл ұрпақ жалғастыру нышаны болып табылады. Қазақ әшекейлерінің семантикалық мәні біртұтас көркем-бейнелік ойлауды және шындыққа деген мифтік-поэтикалық қатынасты ашады. Кейіннен магиялық шындық таңбалы-рәміздік және көркем бейнелеуге ұласады. Рәміздік таңба пайда болады, бұл бейнелеудің шарттылығы, ал бұл – магиялық шындық емес, әлем туралы хабар. Сондай-ақ, әшекейлердің ерекшелігі және саны, формасы және декоры әйел жасына қатысты болып келді. Қыз баланың үйленген әйел екенін көрсететін таңба-әшекейлер болды. Барлық әшекейлерді, әйел адамдарға арналған көркем аяқталғанын көрсететін үйлесімді және оны қолдану орнына байланысты, басқа тағатын, мойын мен кеудеге, белге, қолға, аяққа (теріден жасалған аяқкиімді әшекейлеуде) тағатын деп топтарға бөлуге болады. Басқа арналған әшекейлерге бас киім, құлаққа, шекеге арналған бұйымдарды айтамыз. Мойын мен кеудеге арналған әшекейлерге моншақтар, тұмарлар, түймелер және т.б. кіреді. Белге арналған әшекейлерге белдіктер, қапсырма жатады. Қолға арналған әшекейлер: білезіктер, жүзіктер, сақиналар. Сырғалар көркем шешімінің және өңдеу тәсілінің көптеген әртүрлілігімен ерекшеленеді, олардың формасы, конструкциясы көбіне киімге және жергілікті дәстүрге байланысты болды. Үлкен сырғалар кейде бас киімнің шеке жағына қыстырылды. Ою-өрнекті, жайпақ түрлі формадағы сырғалар кең өріс алды, бірақ ең белгілі ай тәрізді сырғалар, кейде ішкі жағынан жұлдыз бейнесі бейнеленетін. Олар ежелгі діни көзқарастармен байланысты болды. Қазақстанның батыс және оңтүстігінде өзінің өзгеше формасымен ерекшеленетін суыртпа, шекеліктер болды. Олар мереке кездерінде бас киімге қадалып немесе шашқа тағылған күйінде қолданылды. XIX ғ. қыздарға арналған күнделікті әшекейі шашбау – шашты жаман күштен қорғайды деген сенімге ие болған. Шолпы, шаштеңге бұрымның соңына тағылатын тиыннан тұрды. Бұл әйел әшекейлерінің ішіндегі сәнді әрі күрделілерінің бірі. Шолпыны сән-әшекей ретінде, сондай-ақ оның салмағының әсерінен шаш ұзын болып өседі деп таққан. Мұны байлықтың, баршылықтың белгісі деп санаған. Қазақ салтында шолпыны қыздар мен жас келіншектер тағады. Шолпының жалпыға бірдей ел арасына көп тараған түрлерінің мынадай аттары бар: қоңыраулы шолпы, қозалы шолпы, қос үзбелі шолпы, көзді шолпы, сағат баулы шолпы, маржанды шолпы, шаш теңге т.б. Бұлардың түрлерімен әшекейлері әр алуан, жасалу әдістері де әр қилы. Әр жердің шеберлері өзінше мәнер ұстанады. Солай бола тұрса да, олардың сырт көріністерінде көпке ортақ ұқсастық бар. Кеудеге арналған әшекейлер – тұмар, тұмарша, бойтұмар, өңіржиек, алқа, моншақтар. Үңіліп қарайтын болсақ, «моншақ» сөзінің шығу тегі «мойыншақ» сөзімен тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Бірақ қыздар моншақтарды тек мойындарына ғана салып қоймаған. Тақия, сәукеле тәрізді сәнді бас киімдерге де тізіп тағатын болған. Бай адамдардың қыз-келіншектері тұтынған тағы бір сәндік бұйым – алқа. Ол моншақ тәрізді тек мойында ғана тұрмайды, киім сыртында, кеудеде салбырап тұруы мүмкін. Зергердің шеберлігі мен ой-қиялының деңгейіне байланысты оның да түрлері әртүрлі бола береді. Ескі көшпелі дәуірде алқа тағу ерекше байлықтың нышаны болып саналса, бүгінгі заманда оны әйел азаматтар қос-қосынан, түр-түрімен таға береді. Қымбат металдан жалғанған алқаның өзі де арзан зат бола қоймайды. Мысалы, мойынға тағатын әшекей заттардың бірі – тұмар. Олар тек сән үшін ғана емес, пәле-жаладан сақтау үшін де қажет деп есептелінген. Олардың ішкі жағы тегіс болады да, оған әдетте қағазға жазылған дұға, теңіз немесе өзен ұлулары, үкі қауырсыны, киесі бар деп есептелетін қой мен түйе жүні салынады. Үш бұрышты тұмаршаға алтын жалатылады да шет-шетіне көгілдір терезе тастары тізіледі. Ортасына қарайтылып, ою-өрнек салынады. Жалтыраған алтын, аспан түстес көгілдір асыл тастар, салынған ою-өрнек бұйымға өзгеше көрік береді. Бұған қоса тұмаршаның сылдырауық салпыншақтары да болады. Қолға тағатын әшекейлер түрлі білезіктер, сақиналар, балдақтар, жүзіктер. Қазақ зергерлері жасап жүрген білезіктердің қос білезік, бес білезік, жұмыр білезік, орама білезік, бұрама білезік, кавказ білезік, көзді білезік, өрме білезік, үзбелі білезік, топсалы білезік, қолқа (қуыс) білезік деген түрлері бар. Бұлардың үлкен-кішілігі, ауыр-жеңілдігі әркімнің

калауынша әртүрлі бола береді. Білезіктердің аталу түрлеріне қарай, олардың бетіне жүргізетін өрнектер де түрлі-түрлі. Сақина мен балдақ саусаққа салынады. Бұлар да негізі әйел жиһаздары болып саналғанымен, оларды ерлер де салады. Бірақ әйелдер барлық саусақтарына екі-үштен қосарлап сала береді де, ерлер бір ғана саусағына және біреуін-ақ салады. Сақина мен балдақты жүзік деп те атайды. Сақинаның бауыры шығар болып келеді де, қолдың сыртына қараған жағына көз салынады. Ал балдақ деп көзі жоқ, бірыңғайын айтады. Ертерек кезде ер адамдар көбінесе балдақ салады екен.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байжігітов Б.К. Қазақ ою-өрнегінің табиғи сипаты //Мектептегі технология. Ноябрь № 11 (28), 2004.
2. Марғұлан. Ә. Х. Прикладное искусство казахов. – Алма-ата, 1983, Ч1. – С. 58.
3. Байпаков К.М., Тернова Г.А. «Знаки рюриковичей» в семиречье //ҚР Ұлттық ғылыми академиясының Хабаршысы-Известия. Серия общественных наук. 1 (239) январь-февраль, 2003. – С. 137-156.
4. Иванов С.В. Орнамент народов Сибири как исторический источник. ТИЭ. Т. 81. – М-Л. – С. 16-20.
5. Райс Тамара. Т. Скифы. Строители степных пирамид. / Пер. С англ. Л.А. Карповой. – М.: ЗАО Центрополиграф: 2003. – 223 с.
6. Тохтабаева Ш.Ж. Ұлы дала жауһарлары. [Монография]. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008, – 240 б.

### РЕЗЮМЕ

**Кыркынбекова Б.Т., ст.преподаватель**

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

**Кыркынбекова С.Т.**

(г. Туркестан, Международный казахско-турецкий университет им. К.А.Яссави)

### ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКИХ ЖЕНСКИХ ЮВЕЛИРНЫХ ИЗДЕЛИЙ

В статье рассматривается краткая история развития казахского ювелирного искусства художественного направления а так же его методы оформления. Особенности женских казахских ювелирных изделий в казахском национальном искусстве.

**Ключевые слова:** ювелирные изделия, казахские ювелирные изделия, казахское прикладное искусство.

### SUMMARY

**B.T. Kyrkynbekova, senior lecturer**

(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

**S.T. Kyrkynbekova, lecturer**

(city Turkestan, International Kazakh-Turkish University named after K.A.Yassavi)

### KAZAKH FEATURES OF WOMEN'S JEWELRY

The article deals with a brief history of the development of the Kazakh jewelry art artistic direction as well as its methods of design. Features of Kazakh women's jewelry in the Kazakh national art.

**Keywords:** jewelry, Kazakh jewelry, Kazakh applied art.

## ҚАЙТА ОРАЛҒАН ХАЛЫҚ МҰРАСЫ

*А.Б. Мұқанова, аға оқытушы  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Қазақ халқының өткен дәуірінің рухани мұралары әр заманда жинақталған тәжірибенің нәтижесінде ғасырдан-ғасырға жетіп отырады. Мұндай мұралардың бірі – жүздеген жылдық тарихы бар күй жанры. Ал, халық күйшілері сол күйді сақтап, келесі ұрпаққа жалғастырды. Соның арқасында мыңдаған күйлер, өмірдің тар жол, тайғақ кешу бұраландарынан өтіп, біздің заманның айғағы болып отыр.

**Түйін сөздер:** күй өнері, қазақтың халық күйлері, қазақтың ұлттық аспаптық музыкасы.

Өткен дәуірдің рухани мұрасы, тамыры тереңде жатқан қазақ музыка өнерінің тарихы түгелдей хатқа түскен жоқ. Халық жүрегіне ұялаған сан алуан шығармалар тасқа басылмаған күйі дарынды балалар рухымен бірге уақыт қойнауына сіңіп кетті. Бірақ өнер сабақтастығы, ұрпақ жалғастығы олардың ішіндегі ең таңдаулыларын халық жадынан шығармай, бүгінгі заманға жеткізді. Қазақ музыка өнері ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап, зерттеле бастағаны белгілі, А.В.Затаевич, Қ.Жұбанов, А.В.Аравин, А.Жұбанов, Е.Г.Затаевич, Б.Сарыбаев және т.б. секілді зерттеушілер ұлттық мұрамызды әр жылдары әр қырынан танытуға күш салды. Музыкатану саласына үлкен үлес қосқаны даусыз. Әйтсе де, Жетісу өңірінде, әсіресе, Қытаймен шекаралас жатқан аудандарда қаймағы бұзылмаған ұлттық музыка үлгілері тасада қалып келгені жасырын емес. Оның тарихи әлеуметтік себептері бар еді.

1860 жылдары патшалық Ресей қазақ жерін тұтастай өз иелігіне алған кезі. Халық мұндай әділетсіздікке төзе алмады. Зорлық-зомбылыққа бой бермей, ел жұртын орыс бұғауынан құтқармақ болған Жетісу рулары Алтай, Тарбағатай өңіріне өтіп, Іле өлкесіне қоныстанған. Олардың ішінде күйші Қожеке, өзінің ұстаздары, тұтастары, ізбасарлары да бар болды. Солармен бірге бүтіндей бір күйшілік мектеп Шыңжоң жеріне қоныс аударды. 1916 жылғы қанды қырғынға ұласқан ұлт-азаттық көтерілісте атылғандардың, асылғандардың, шабылғандардың ішінде де небір талантты, дарынды тұлғалар бар еді, олармен бірге киелі өнер бұтағы кеткені сөзсіз.

1917 жылы патша тақтан құлап, елге теңдік келіп, Жетісу қазақтары елге, атамекеніне шұбырды. Енді теңдік аламыз деп еңсесін көтере бастаған ел екі жікке бөлінді. Ірі дәулеттілердің тәркілеу басталғанда, жұрттың жалдысы мен малдысы, әлдісі, олармен бірге ақындық, күйшілік, әншілік, жыршылық өнердің негізгі діңі ілесе кетті.

1932 жылғы аштық, 1937 жылғы сталиндік-голощекиндік репрессия, 1941-1945 жылдарағы соғыс елдің ең өнерпаз азаматтарында жалмап қойды. 1956 жылы шекара ашылып, еріксіз елден іргесін алшақтатып алған жұрт атамекеніне қайта орала бастаған. Көнеден келе жатқан күйшілік, әншілік, жыршылық өнер теңізін қаймағын бұзбай өздерімен бірге ала келді. Кеңес өкіметі оларды көре тұра көрмегенсіді. Небір дарындылардың өнері еленбеген соң домбыра орнына таяқ ұстап, қой соңына түсті. Сөйтіп, бұл өңірде тұншығып жатқан өнер салалары жинаусыз, жариялаусыз, зерттеусіз қалып келді.

Көпті көрген көнекөз қарттардың, шешен, жыршы, күйші, әнші, өнерлі жандардың көбі кетіп, азы қалған. Әйтсе де қасиетті домбыраның құдіретін сақтап, кейінгілерге жалғастырушылар әлі де болса бар еді. Осындай мұрагерлер арасында Жетісу өңірінің бүгінгі әншілік, күйшілік өнердің бірнеше ошағы елеусіз ғана түтінін түтетіп, тәуелсіз таңына жетті.

Бұл өңірде әншілік өнер де ерекше қанат жайған. Бүгінге дейін аты аталмай келген өрісі кең өнерпаздар – Жетісу өңірінде әрқайсысы бір әншілік мектептің уығын қадап, шаңырағын көтергендер, ақындық, сал-серілік өнерді де алға сүйрегендер болатын.

Бұлардың мұраларын бүгінге жеткізушілер қазір де ел ішінде.

XX ғасыр бүкіл мәдениетіміздегі ғасырлық дәстүрлерді түбегейлі жанарту заманы болды. Елеусіз қалған Жетісу жерінің төл тумалары жинақталып, ел арасына насихатталып, дәстүрлік өңірді зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады.

1985 жылы Іле халық баспасынан «Күй толқыны» деген атпен тұңғыш рет «арғы беттегі» қазақ күйлерінің цифрлық-ноталық нұсқасы жарияланды. Қазіргі уақытта кітаптың қазақ тіліне аудармасын дайындап жатырмын. Белгілі күйші, композитор, музыка зерттеушісі Ермұрат Үсенов Қожекенің, Бөлтірінің бірнеше күйінің ноталық жазбасын хатқа түсірді, оркестрлік нұсқасын жасады. Қазақ музыкасын зерттеуші ғалымдар М.Ысқақбаев, Ж.Шәкәрім, Қ.Оморхонов, А.Сейдімбек, С.Мәметовтар осы өңір күйшілері жөнінде әр жылдары бұқараның ақпарат құралдарында өз пікірлерін бірнеше рет білдірді.

Жетісу әндерін, сондай-ақ, ел ішінде келе жатқан халық әндерін зерттеумен айналысып жүрген ғалым С.Медеубекұлы Жетісу күйлерін зерттеу үрдісін жалғастырушы Т.Әсемқұлов дәстүрді алғаш рет ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалым С.Қалиев сынды азаматтар музыка өнеріне өз үлестерін қосуда аянбай еңбек етті. Жетісу өлкесінің күйлерін жинақтап, ең алғашқы нотаға түсірген күйші У.К.Бекеновтың «Күй табиғаты» – (1981), Жетісу өңірінің күйшілік дәстүрін зерттеу жұмыстарымен шұғылданып жүрген Б.Мүптекеев пен С.Медеубекұлының «Жетісу күйшілері» – (1998). Жетісу күйшілерін зерттеп жүрген, тағы бір музыка өнерінің ізденуші азаматы Е.Тұңғышұлының «Атадан мұрасы» (1999) құнды еңбектер қатарында.

Әйгілі Батыс (Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Абыл, Қазанғап, Есір, Еспай) Арқадағы (Байжігіт, Тәттімбет) Қаратау өңіріндегі (Бапыш, Әлшекей, Сүгір, Төлеген) күй мектептерінің қатарына және тағы бір көшпелі мектеп қосылды.

Егерде осы аталған аймақтың ән өнері Дәнеш Рақышев арқылы бұрыннан белгілі болса, күй өнері Қожеке, Сыбанқұл, Мергенбай, Байсерке есімдері арқылы белгілі болды. Бұл күйшілердің шығармашылығы туралы ізденіс, нотаға түсіру ән-күйлерін жинақтау қандай қиын болса, олардың өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, ішкі иірімдеріне нұқсан келтірмей нотаға түсіру де сондай күрделі іс. Бұл сайып келгенде батыл қадам. Екінің бірі тәуекел ете бермейтін және білім мен біліктілікті қажет ететін іс.

Жетісу күйлері кезеңдік тұрғыдан алғанда, шынында да Батыс (төкпе) және Орталық Қазақстан (шертпе) күй мектептерінен көне. Алайда көне күйлерді сол өңірде ғұмыр кешкен дәулескер күйшілермен салыстырғанда, бұл дәстүрдің тек қана көне қабат емес, барынша дамыған, дербес негізінен Ұлы жүз ру-тайпаларының тарихымен, өмір салтымен тығыз байланысқан машық екеніне көзіңіз жетеді.

Қожеке Назарұлы (1823-1881) – Жетісу өңіріндегі ең ірі тұлға. Оның күйлері бүкіл өңірге тараған және барлық мектеп өкілдерінің орындауында бар. Қожеке күйлерін бізге негізінен оның өзінің төл ұрпақтары: ұлы Рақыш, немерелері Шания мен Тұрсынқазы, Ясын, жиені Орынбектер жеткізген. Олар өз бабасының дәстүрін жалғастырушылар. Қожеке дәстүрінің туажат мектебін бүгінде Мұсабай Сәлсенбекұлы мен Омархан Керімқұлов дамытып келеді. Қожекеңнің күйлері: «Мұңлық-Зарлық», «Көрұғлы сұлтан», «Кертолғау», «Қамбархан» күйлері де мол болған.

Жетісу күй дәстүрінің көрнекті өкілінің бірі – Сыбанқұл Қалбасұлы (1890-1925). Сыбанқұл күйлері көптеген домбырашылардың репертуарларынан орын алған. Оның дәстүрін жалғастырушы бас мұрагерлер – күйшінің ағайын інісі, тумасынан соқыр Шіде Төлендіұлы мен інісі Жұмаділ Сыбанқұлов. Шіденің мұрасын Омархан Керімқұлов та иемденген. Омархан репертуарында Сыбанқұл күйлері үлкен орын алады. Сыбанқұл шығармашылығының басты сипаты – ол теріс бұраудағы күйлерді кең тыныс, биік деңгейде жеткізе орындайды. Сол себепті «Аңыз күйлері» атты бірінші бөліміндегі күйлер Сыбанқұл күйлерімен аттас болып келеді. Күйші дәулескерлігінің биік деңгейінің арқасында халық күйінің авторлық күйге айналып кетуі сияқты құбылыс қобызшылық дәстүрде де кездеседі. Мысалы, «Аққу», «Мұңлық-Зарлық», «Қорқыт» (Жаппастың орындауында), «Қамбар» сияқты аңыз-күйлер Ықылас күйлеріне айналды. Сыбанқұл шерткен аңыз-күйлер, оның

ішінде орхоникалық сюжетте құрылатын «Аққу», «Жалғыз көзді әулие», «Жиренше шешен» сияқты желілі (циклды) күйлер.

Жетісудың және бір дәстүрлі Мергенбай (1843-1920) мектебінің өкілдері де, бүгінде бізбен қатар өмір сүріп отыр. Бірақ өкінішке қарай, күйші, батыр Мергенбайдың мұрасы түгел жеткен жоқ. Егер де Қожеке мен Сыбанқұл күйлері шет жерде біршама толық сақталған болса, өз жұртында қалған Мергенбай әулеті 1916 жыл, революция, коллективтендіру, 1931-33 жылдардың геноцидін бастан кешірген себепті, баба мұрасының сарқыншағын ғана сақтап келген. Әйтсе де, дәстүр үзілген жоқ. Ата-баба дәстүрін ұрпақ жалғастырды. Бұл ретте мұрагерлердің ішінде Ыбырайымхан Мергенбайұлының орны ерекше. Ыбырайымхан ақсақал көкірегінде әке мен ағаның күйлерін және басқа авторлардың көптеген күйлерін сақтаумен қатар, өзі де дәстүрдің тамаша білгірі ретінде төл шығармаларында осы үрдісті жалғастыра білген. Күйдің айын оңынан, күнін солынан тудырған күйшілердің бірі – Байсерке. Оның шәкірттері – Қаттыбай, Сатқынбай, Қыркынбай, күйші Мәнді, Тіленді, Темірбек, Нұрғиса, Боранқұл, Тұраш, Дүнгенбай, Әбдімомын, Дүйсенбай сында өнер иелері.

Байсерке (1841-1906) ол домбыра тартуды жас кезінен ақ үйренген. 16-17 жасында домбыраны шебер ойнайтын болған. Оған қамқорлық жасаған Есім атты домбырашы адам екен. Байсерке өнерін халыққа тарту үшін ауылдан-ауылға қыдырып жүріп, күймен тыңдаушысын тамсандырып отырған. Ол гармон, мандолина, балалайка аспаптарында ойнай білген. Оның «Кездесу», «Қоңыр», «Бүркілдек», «Жетпіс бұлақ», «Жекпе-жек», «Келіншек», «Ат ойыны», «Төрт қарға», «Қалипа-Калыш», «Ұран» секілді күйлері бар. Жетісудің тағы бір дәулескер күйшісі – Тіленді Атабайұлы (1858-1930). Әкесі жыр алыбы Жамбылдың әкесімен бірге туған, өнерпаз, елге сыйлы адам болған. Ол жасынан домбыра тарта бастайды. Күйшінің «Терісқақпай», «Арман» атты күйлері халқымыздың қазына қорына қосылды. Тіленді күйшіден халқының музыка өнерін шырқау биікке көтерген Нұрғиса атты өткен ғасырдың әйгілі адамы дүниеге келген.

Енді бір атақты күйші – Қатшыбай Таубаев (180-1930). Байсерке күйлерін ер арасына таратқан. Татар әнінің негізінде шығарған «Бала Мишка» күйін Нұрғиса Тілендиев бізге жеткізді. Артына өшпес мұра қалдырған күйші – Темірбек Ахметов (1919-1950). Әкесі Ахмет өнерді сүйіп, қатты қадірлеген жан болатын. Оған күйші Қатшыбай ұстаздық еткен. Темірбек ата-анасынан ерте айрылады. Ол «Қазақтың жетім өскендері жетеді, соның бірі – өзіммін, сондықтан өзімнің «Жетім бала» күйімді тартып берейін», – деп күй шертеді екен. Ал «Шернияз» күйі өз көркемдігін өз бойына дарытқан шаттыққа толы туынды. 18 жасында оны Құрманғазы ұлттық аспаптар оркестріне музыкант ретінде қабылдайды. 1947 жылы оған өнердегі еңбегі үшін «Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген артист» атағы берілді. Ол музыка өнеріндегі теріс бұрау күйлерінің озық үлгісін жасады.

Жетісу күй мектебінің ірі тұлғаларының бірі – дарынды композитор, көрнекті күйші, дирижер Нұрғиса Тілендиев (1925-1998) халқымыздың музыка өнерінің дамуына үлкен үлес қосты. Оның шығармаларын халқымыз сүйіп тыңдайды. Оның ән әлемінде де өз өрнегі бар. Бұған «Құстар әні», «Алатау», «Өз елім», «Сарыжайлау» тағы басқа жүздеген әндері куә. Әкесі Тіленді де саңлақ күйші болған. Жыр алыбы Жамбылдан тәлім алған. Бес жасынан бастап домбыра тартады. Академик А.Жұбанов оны музыкалық мектеп-интернатқа әкеледі. 14 жасында дирижерлік мінбеге шығады. Нұрғиса Тілендиев Ұлы Отан соғысына қатысып, үш рет жараланады. Оның құрған «Отырар сазы» оркестрі халқымыздың төл музыка мұраларын басқа мемлекеттерге таныстырған, әлем көкжиегінде шырқау шыңға көтере білген өнер тобы. Ол аспаптық музыка өнеріміздің жаңаша өркендеп дамуына даңғыл жол ашты. Оркестрге арнап бірнеше шығармалар жазды. Совет Одағының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасының халық артисі, композитор, профессор Нұрғиса Тілендиев «Достық жолы» балеті, «Алтын таулар» операсы, «Жеңіс салтанаты», «Махамбет» поэмалары «Бостандық таңы», «Ордабасы», «Атадан мұра» күй поэмасы 25 көркем суретті фильмдерге «Қырық өтірік», «Ақсақ құлан», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» сияқты 17 мультфильмдерге музыка жазды. Оның 400-ден астам әні

бар. «Ата толғауы», «Көш керуен», «Аңсау», «Қилы кезең», «Әлқисса» сияқты күйлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда.

Арқа, Қаратаудың өңірінің күй дәстүрлерін толық меңгерген, өзіндік өрнегі бар күйшілеріміздің бірі – Боранқұл Қошмағамбетов 1928 жылы Шу бойындағы Ұланбел, Шығанақ аулында дүниеге келген. Әкесі қара өлең айтысының шебері болған Асан, Сәдібек атты күйшілерден тәрбие алған. Оның күйші ретінде танылуына белгілі композитор Мәкелім Қойшыбаевтың көп көмегі тиеді. Оның «Толғау», «Кербез аққу», «Сағыныш», «Желтоқсан», «Тұрар толғауы», «Мерген», «Кең жайлау» атты күйлері бар.

Күй өнері өрісі кең, құлаш жайған дария іспетті. Оны Ахмет Жұбанов былай сипаттайды. «Қазақтардың» көшпелі тұрмысына қоңыр үнімен сән, көрік беретін домбыра бүгінге үлкен концерт залдарында да, жеке орындауда да, оркестрге күй төгіп, тыңдаушы қауымды эстетикалық әсерге бөлейді. Ұлттық өнеріміздің көркеюіне күйдің қосқан үлесі зор. Ол халықтың таусылмас байлығы, рухани қазынасына, ғибратты ұстазы, қазақтың рухын биіктетер, мәртебесін асқар шыңға көтерер киелі өнер. Елдігіміздің мақтанышы, еркіндігіміздің куәсі асыл мұра күй өнері халқымызбен бірге жасай береді.

Сонымен, ғасырлар бойы сақталып келген, халық мұрасының бүгінгі күнге жетуі, қазақ музыка өнеріндегі жоғалған байлығы табылғандай болды.

Қазақ халқына сын болған тайғақ кешулі қиын кезеңі де, қанша қасірет шексе де, мәдениетінің тереңге тартқан тамырларынан ажырамаған дәстүрлік «Жетісу өнері» қазіргі таңда өз жалғасын табуда.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 440 б.
2. Сейдімбеков А. Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002. – 832 б.
3. Сейдімбеков А. Қазақ күйлерінің аңыздары. – Алматы: ҒЫЛЫМ, 1972. – Б. 56.

### РЕЗЮМЕ

*Муканова А.Б. ст.преподаватель*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### КЮЙ – НАРОДНОЕ НАСЛЕДИЕ

Культурное наследие казахского народа непрерывно передаётся из поколения в поколение. Одной из его ярких страниц является жанр кюя, имеющий древние корни. А роль народных кюйши в их сохранности переоценить невозможно. Благодаря их таланту многие последующие поколения имеют возможность гордиться наследием своих предков.

**Ключевые слова:** кюй, кюйши, народно-музыкальная традиция.

### SUMMARY

*A.B. Mukanova, senior lecturer*

*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### KUI – NATIONAL HERITAGE

The cultural heritage of the Kazakh people continually passed from one generation to generation. One of its brightest pages is a genre of kyi having korni. A ancient folk kuishi role in their safety can not be overemphasized. Thanks to their talent, many subsequent generations have the opportunity to be proud of the legacy of their ancestors.

**Key words:** kyuy, kyuyshi, folk-music tradition.

УДК 398,8

## НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИЗВЕСТНОГО ИССЛЕДОВАТЕЛЯ АХМЕТА КУАНОВИЧА ЖУБАНОВА

*К.Б. Намазова, профессор  
(г. Алматы, Казахский национальный  
педагогический университет им. Абая)*

**Аннотация:** В статье описывается научная деятельность известного исследователя Ахмета Жубанова в изучении казахской музыкальной культуры и ее художественных ценностях. Далее отмечает и о творчестве, педагогической деятельности первой профессиональной кобызистки, профессора, Народной артистки Казахской ССР Ф.Ж.Балгаевой.

**Ключевые слова:** фундамент, нравственность, мораль, этнос, этнопедагогический, неиссякаем, актуальность, глубина, фольклорист.

Истоки традиционного искусства казахского народа восходят к глубокой древности. Оно имеет многовековую традицию развития. В дореволюционное время при отсутствии музыкальной письменности процесс устного освоения репертуара органично входил в повседневную жизнь народа.

Традиционное народное творчество, являясь фундаментом нравственности, морали, этнопедагогической культуры, служило не только историческим достижением этноса, но и бесценным наследием творческого опыта, этнопедагогической культуры, но и неиссякаемым источником духовного обогащения общества. В конце XIX века фольклористы-этнографы начали периодически собирать и записывать казахские народные песни и кюи, изучать музыкальные традиции народа, выступать с научными сообщениями, публиковать нотные записи, статьи, исследования. Эти работы, положившие начало научного изучения музыкального искусства казахов, приобрели особую актуальность и в настоящее время, являясь ценными источниками по истории развития музыкального просвещения в Казахстане. Особенно обширную работу по записи казахской народной музыки и глубине научных обобщении проделал А.В.Затаевич, удостоенный за свою музыкально-этнографическую деятельность высокого и почетного звания первого Народного артиста Казахской ССР. Опубликованные два тома «1000 песен киргизского народа» и «500 казахских песен и кюев», которой явились фундаментальными работами в казахской фольклористике.

Казахская музыкальная культура, ее художественные ценности являлись предметом постоянного интереса известного исследователя Ахмета Жубанова. Он внес неоценимый вклад в ее художественные ценности.

Научная деятельность его была направлена на изучение музыки и инструментов казахского народа. В своей исследовательской работе А.Жубанов приводит нотные записи различных жанров песен, осуществляет анализ их форм, ладовой структуры, ритмики и поэтического содержания и дает характеристику народным музыкальным инструментам, как: кобыз, домбыра, сырнай и т.д., описывает их строй, способы игры и приемы звукоизвлечения. Известный ученый в своих трудах отмечал о воспитательных возможностях музыкального фольклора и отмечал лучшие образцы народного музыкального творчества в практику обучения и воспитания учащихся. Научные труды кропотливой собирательской работы А.К.Жубанова вдохновенно обобщенной им в двух больших книгах: «Струны столетии» (1958г.), и «Соловьи столетии» (1963г.) явились плодом многолетних трудов. Сложившимся традициям народного музыкального быта, он внимательно прислушивался к рассказам и к исполнителям народных песен, музыкантам и кюйши, анши (певцам). Более четверти века протекал этот сложный процесс накопления, отбора, систематики и проверки различных фактов по истории казахской народной музыки, более

четверти века пытливая мысль музыковеда была направлена на то, чтобы за гранью простого бытового явления в жизни народа увидеть прекрасные черты художественного отражения жизни и поэтического восприятия окужающей действительности, питавшей казахскую музыку волнующими темами и яркими образами. Годы возмужания А.К.Жубанова совпали с установлением Советской власти в Казахстане, гражданской войной и героической борьбой народа за упрочение завоеваний социалистической революции. Также это было время трудных испытаний для юноши, только что вступившего в самостоятельную жизнь.

Начались годы учения и напряженного труда поступая в музыкальный техникум им М.И.Глинки по классу скрипки у опытного педагога А.А.Этигона, а через год по классу гобоя у профессора Ленинградской консерватории Ф.А.Нимана, который руководил Андреевским оркестром русских народных инструментов. К тому времени, когда А.К.Жубанов начал заниматься в классе Нимана, «великорусский оркестр» В.В.Андреева пользовался огромной популярностью не только в России, но и далеко за ее пределами. После триумфальных выступлений в Париже, Берлине, Лондоне и Америке он был признан как лучший, пожалуй единственный в своем роде оркестр народных инструментов. Серьезное изучение творческого опыта андреевского оркестра словно открыло глаза Ахмету Жубанову на скрытые возможности ансамблевого исполнения, которые заложены также и в казахских народных инструментах.

Через несколько лет, возвратившись в Казахстан А.К.Жубанов переходит в историко-теоретическое отделение консерватории, слушал лекции выдающихся советских музыковедов-профессоров, как: Б.А.Асафьев, Р.И.Груббер, Х.С.Кушнарев, А.В.Оссовский, Ю.Н.Тюлин. Молодой Ахмет постоянно думал о том, как быть полезным своему народу, как помочь созданию большого национального искусства. Жубанов посещает лекции по этнографии на историко-социологическом факультете Ленинградского историко-лингвистического института, устанавливает тесные связи с крупными специалистами в области музыкальной фольклористики, как: Е.В.Гипписус, З.В.Эвальд, работавшим тогда в фонограммархиве Академии наук СССР. Ахмет Куанович внимательно изучает технику записи, расшифровки музыкального фольклора и 1931 года отправляется по Казахстану для фонографической записи народных песен и кюев. К этому времени подготовил первый свой труд – «Азбука музыкальной грамоты» на казахском языке, рассчитанную на самые широкие круги музыкантов.

Занятия музыкой стало настолько успешной, что нужно было думать о более солидном творчестве, как создать казахский народный оркестр. Серьезному изучению творческого опыта андреевского оркестра был создан ансамбль, далее под влиянием знакомства с «великорусским оркестром» В.В.Андреева родился «оркестровый» коллектив. Но в оркестре инструменты как домбыра, кобыз и др. были несовершенны, но А.Жубанов приглашая двух братьев-мастеров по музыкальным инструментам М.Романенко реконструировал народные инструменты. И так появился первый четырехструнный *кобыз*, который изготовил М.Романенко цельного, ценной породы дерева, внизу обтянутой тонкой рыбьей кожей. Инструмент был двухструнным «ре, ля» малой октавы, струны жильные, звук у этого кобыза был просто удивительным. М.Романенко был одним из лучших мастеров по изготовлению казахских музыкальных инструментов. Он мастерил инструменты без всяких чертежей, по своей природной интуиции и был поистине творцом казахских народных инструментов.

В традиционной музыкальной культуре казахского народа кобызовая музыка имеет особую значимость, привлекая внимание общетюркскими корнями, древностью происхождения. На протяжении веков она отвечала потребностям народа в плане духовном, сказительском, что соответствовало в системе мировоззренческих категорий народа. Носителями кобызовой музыки являлись – баксы, абызы и жырау. Его волосяные струны определяют неповторимый самобытный тембр, создающий густое и объемное звучание. Зарождение и становление также вознокновение кобыза было связано с именем первого шамана, легендарного старца, мудреца и музыканта – Коркыта. Владея инструментом кыл-кобыз Коркыт ата обладал неординарными способностями, он умел входить в связь с

таинственным миром, предсказывать будущие события и т.д. История кыл кобыза показала жизнеспособность данного инструмента, сохранившегося в исконном виде и занимающего одно из главных мест в казахском инструментари. Струнно-смычковый кыл-кобыз является отражением истории не только казахского, но и Ближнего и Дальнего зарубежья.

Приемом раскрытия образного содержания свойственных кобызовой музыке является *звукоизобразительность*. Инструмент способен имитировать многообразие звуков природы (шум воды, шелест листьев, дуновения ветра), голоса и движения животных, птиц и т.д.

В 1934 году вернувшись из Ленинграда академик А.К.Жубанов создает ансамбль домбристов, который постепенно переходит в оркестр народных инструментов. И тут А.Жубанов руководя оркестром решил не ограничиваться с песнями да кюями. Решил отреставрировать кыл кобыз на 3-х, 4-хструнные прима-кобызы, добавляя следующие 3-4-е струны как, ля и ми (металлические), которые имели большой диапазон в 4-х октавах, чтобы музыканты сумели играть произведения и зарубежных классиков, с трактовкой европейского жанра. Одной из первых профессиональных музыкантов-исполнителей на кобызе-прима является Народная артистка Казахской ССР, профессор Балгаева Фатима Жумагуловна, окончившая тогда высшее учебное заведение-Алматинскую Казахскую консерваторию им.Курмангазы. После своего педагога И.А.Лесмана, она является первым национальным кадром, обучающим игре на кобыз – прима в Алматинской Казахской государственной консерватории имени Курмангазы. В основу ее педагогической деятельности легли основные методические принципы скрипичной и виолончельной школы, которыми руководствовались на занятиях по специальности ее педагог И.А.Лесман.

Ф.Ж.Балгаева синтезировала некоторые принципы игры на традиционном кыл-кобызе и приемлемые положения прогрессивной скрипичной и виолончельной школы и создала на этой базе свою методику преподавания на усовершенствованном инструменте –кобыз-прима.

Первые методические сборники, начальные уроки сделаны ею. Ф.Ж.Балгаева написала десятки отличных транскрипции для кобыза. Этот педагогический и концертный материал до сих пор входит в основной репертуар всех стадии обучения на кобызе от музыкальной школы, училища до консерватории.

Более 50 лет длилась ее плодотворная педагогическая и концертная деятельность как Народной артистки, профессора Ф.Ж.Балгаевой. Среди многочисленных ее воспитанников есть известные в республике исполнители-солисты, педагоги, студенты –аспиранты. Во всех областях Казахстана, в частности за пределами его: в Монголии, Киргизии, Узбекистане ит.д. трудятся ее выпускники: солистами и артистами народных инструментов, педагогами среднего и высшего музыкального образования, руководителями музыкальных коллективов и заведений, которые достойно продолжают традиции и педагогические принципы своего наставника. За педагогическую и концертную деятельность она награждена ученой степенью: доцента и профессора, за концертную деятельность: Народная артистка Казахской ССР, 18 лет (1970-1988 г.г.) заведовала кафедрой народных инструментов, позже кафедрой кобыза и баяна, награждена «Почетной грамотой» Верховного Совета Казахской ССР, награждена «Ветеран труда», награждена «Отличник образования РК.»

Задачи, поставленные в ходе решения вопросов казахского традиционного музыкального (кобызового) искусства, решены и имеют теоретическую и практическую ценность.

## ТҮЙІНДЕМЕ

*Қ.Б.Намазова, профессор*

*(Алматы қ., Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті)*

## БЕЛГІЛІ ЗЕРТТЕУШІ АХМЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ

Мақалада қазақ халқының дәстүрлі өнерінің дамуымен қатар халық аспаптарын зерттеп, дүниеге әкелген академик А.Қ.Жұбановтың зерттеушілік және тұңғыш

профессионал қобызшы Ф.Ж.Балғабаеваның орындаушылық және ұстаздық жолдары жайлы айтылады.

**Түйін сөздер:** фольклоршы, музыка зерттеушісі, музыкалық-зерттеу еңбектері.

### SUMMARY

***K.B. Namazova, professor***

*(city Almaty, Kazakh National pedagogical university named after Abay)*

### SCIENCE KNOWN RESEARCHER AHMET KUANOVICHA ZHUBANOVA

The article refers to the scientific work of the famous academician of the Kazakh people Ahmet Kuanovich Zhubanov in the study of Kazakh musical culture and its artistic value. Further notes about creativity, pedagogical activity of the first professional kobyz player Balgaeva Fatima Zhumagulovna.

**Key words:** Foundation, morality, ethics, ethnicity, ethnopedagogical, inexhaustible, relevance, depth, folklorist.